Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы

# CAEPCO



БАСТЫСЫ

КОМПАНИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

СОНЫМЕН ҚАТАР

«ОАЭК» ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕКЕ ДАМУЫНДАҒЫ КӘСІБИЛІГІН

БАҒАЛАЙДЫ

2024

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

# ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР ОСЫНДА ЖҰМЫС

CAEPCO

# ІСТЕЙДІ

# МАЗМҰНЫ


**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ** 5

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ** 7

**НЕГІЗГІ АҚПАРАТ** 8

Негізгі өндірістік сипаттамалар 8

2024 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері 15

**КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ** 18

Компания тарихындағы негізгі оқиғалар 18

Бизнес-модель 24

Миссия, Көрініс 26

Даму стратегиясы 27

**НАРЫҚТЫҚ ОРТАНЫ ТАЛДАУ** 30

**ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ** 36

2024 инвестициялық бағдарламасын жүзеге асыру қорытындылары 36

Процестерді автоматтандыру 41

Тұтынушылармен жұмыс 44

Сатып алу қызметі 50

Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер 51

**ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ** 60

Қондырғыларды қайта құру және жаңғырту бойынша 2025 жылға жоспарлар 60

Даму бойынша алдағы үш жылға (2026-2029) негізделген болжамдар 63














## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 70

Акционерлердің жалпы жиналысы 70

Акционерлердің құқықтары 70

Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің қорытындылары 71

Ұйымдық құрылым 72

Акционерлік капитал құрылымы 73

Дивидендтер туралы ақпарат 74

Директорлар кеңесі 74

Директорлар кеңесінің құрамы 76

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер қызметінің қорытындылары 78

Атқарушы орган 80

Сыйақы беру саясаты 81

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаларының 2024 жылы сақталуы туралы есеп 81

Корпоративтік әдеп 82

Мүдделер қайшылығы 83

Ақпараттық саясат 83

Ішкі бақылау және аудит 84

Сыртқы аудит 84

Бюджетке аударымдар 85

## ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ 88

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі 88

Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерді талдау және оларға әрекет ету шаралары 96

Тұрақты даму тәуекелдері 102

Климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер 102

Денсаулықты қорғау және жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдер 104

Ішкі бақылау стандарттары 105

2024 жылы тәуекелдерді басқару жүйесін және Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру 106

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ 110

Мүдделі тараптармен өзара қызмет 111

Коррупцияға қарсы күрес 112

Экологиялық менеджмент жүйесі 114

Экологиялық саясат 114

Табиғат қорғау шаралары 116

Қолданылатын материалдар 117

Энергия үнемдеу 118

Су ресурстары 120

Биоәртүрлілікті сақтау 121

Парниктік газдар шығарындылары 123

Ластаушы заттар шығарындылары 125

Қалдықтармен жұмыс істеу 126

Экологиялық менеджмент 128

Мемлекеттік экологиялық бақылау 128

Корпорациядағы «жасыл кеңсе» қағидалары 129

Табиғат қорғау қызметіне қоғамдық бақылау 129

Жеткізушіні бағалау 130

Экологиялық жобалар бойынша 2025 жылға жоспарлар 131

Адам ресурстарын дамыту 131

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау 147

Әлеуметтік серіктестік 160

## ҚОСЫМШАЛАР 164

1-қосымша Есептің маңызды аспектілері мен шекаралары 164

2-қосымша GRI индексі 166

3-қосымша Шоғырландырылған аудиттелген қаржылық есептілік 172

Глоссарий 178

Байланыс 180



ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР ОСЫНДА
ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

# ЛЕВИН **ТАН**

«ОАЭК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**GRI 2-22, 203-2; ТДМ**

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Сіздердің назарларыңызға Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясының 2024 жылғы қызметінің өндірістік және қаржылық нәтижелерін қамтитын Жылдық есепті ұсынып отырмыз.

Бүгінде Қазақстан энергетиктерінің стратегиялық серіктесі мемлекет болып табылады. Энергетикалық қауіпсіздік ең жоғары деңгейдегі маңызды мәселе ретінде айқындалған.

Қазақстан Президенті 2024 жылғы 2 қыркүйекте ел халқына арнаған Жолдауында ел экономикасындағы энергетика секторының маңызды рөлге ие екенін айрықша атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикалық өндірісті дамыту үшін қаражаттың қолжетімді болуына, тарифтерді ұзақмерзімді жоспарлаудың маңыздылығына және әлеуметтік әділеттілікке назар аударды. Президенттің тапсырмасы бойынша энергетикалық және коммуналдық сектордың ұлттық жобасы қабылданды. Қазіргі таңда бұл шаралар саланың әрі қарай дамуына негіз қалап отыр.

2024 жыл Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорацияның қызметіндегі маңызды кезең болды. ОАЭК кәсіпорындары қызмет ететін өңірлердегі инфрақұрылымның стратегиялық бөлшегі ретінде мемлекет саясатын берік ұстанып, жоспарлы дамуға бағыт алғанын дәлелдеп келеді. Өндіріс қуаттылықтарын жөндеу, жаңғырту жұмыстарының өте жоғары көлемі, адам капиталына салынған инвестициялар Корпорацияның энергетикалық нысандарының жұмыс сенімділігін сапалы түрде арттырып отыр.

ОАЭК тобының персоналын кәсіби дамыту ісіне айрықша назар аударғым келеді. Кадрды жүйелі даярлау Қазақстан үшін бірегей технологияларды қолданысқа ендіруге мүмкіндік берді. Мысалы, Павлодар Электр Желілік Тарату Компаниясының мамандары елімізде бірінші болып кернеу астында жұмыс жүргізуді бастады.

Бұл деректер ОАЭК қызметін және жалпы энергетика саласын сапалы түрде дамытуды растайды және болашақта тұрақтылық пен өсім болатынына сенімділік ұялатады.

Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясының командасына алдағы жоспарларды жүзеге асыруда жаңа жетістіктер тілеймін. Сіздердің кәсіби шеберлік пен іске адалдықтарыңыз қандай сый-құрметке де лайық.

Құрметпен,

«ОАЭК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ



ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР ОСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

# БАҒДАТ **ОРАЛ**

«ОАЭК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**GRI 2-22, 203-2; ТДМ**

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

2024 жылды қорытындылай келе, энергиямен үздіксіз қамту және энергия қауіпсіздігі мәселелерінің маңызы артып, оған деген талаптар күшейіп келе жатқанына қарамастан, біздің «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ компаниялар тобымыз барлық өндірістік қуаттылықтардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп отырғанын бірінші кезекте атап өткім келеді. Корпорация энергетика инфрақұрылымын жаңғырту стратегиясын жүйелі түрде жүзеге асыруға бейіл екенін және еліміздің энергетикалық жүйесіне жүктеме артуына байланысты жаңа міндеттерге бейімделе алатынын дәлелдеді.

Біз өнеркәсіп, әлеуметтік инфрақұрылым нысандары мен коммуналдық-тұрмыстық сектор тарапынан электр және жылу энергиясына деген сұранысты үздіксіз қанағаттандыруға бұрынғыша басымдық береміз. Бұл міндетті орындау аясында топ кәсіпорындары өзі қызмет ететін өңірлерде ауқымды жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, негізгі және қосалқы қондырғыларды қайта құрды және жаңа энергия нысандарын салып, пайдалануға берді. Жүзеге асырылған жобалар қатарында Павлодар 3-ЖЭО-нда жаңа түтін мұржасын іске қосу, Петропавл 2-ЖЭО-нда жаңа түтін мұржасының құрылысын аяқтау, 110/10 кВ «Северная городская» қосалқы станциясын пайдалануға беру, Павлодар қаласында ОТП етіп қайта жабдықтау арқылы СС-3 сорғы станциясын қайта құруды аяқтау жобалары бар. Инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асырудың арқасында біз сенімділікті арттырып, электр және жылумен қамту нысандарының жұмыс режимін жақсартып қана қоймай, техногендік тәуекелдерді азайтамыз, энергия тиімділігін арттырып, энергиямен қамтудың сапалы көрсеткіштерін көтереміз. Жалпы, өткен жылы өңірлерде Корпорацияның электр станциялары 6,2 млрд кВт·с электр және 5,8 млн Гкал жылу энергиясын өндірді.

Кез-келген жетістіктің негізінде біздің ұжым – өз ісіне адал және жауапкершілікпен қарайтын жоғары білікті мамандарымыз тұр. Олардың кәсіби шеберлігі, тәжірибесі және сапалы жұмысының арқасында біз алға қойған мақсаттарымызға қол жеткізіп, әрі қарайғы дамудың іргетасын қалаймыз. 2024 жылы олардың құзыреттілігі, адал әрі жауапкершілікпен атқарған еңбегі жоғары бағаланды: ОАЭК Тобының 13 жұмысшысы мемлекеттік наградалар – «Құрмет» және «Еңбек Даңқы» ордендерімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

2024 жылғы көктемдегі су тасқыны салдарын жою біздің энергетиктер үшін үлкен сынақ болды. Біздің электр желілері кәсіпорындарымыздың қызметкерлері елді мекендерде электрмен қамту жүйесін жылдам қалпына келтіру үшін қиын жағдайларда жұмыс істеді. Ақмола облысында 20 шақырымнан астам электр желісі қалпына келтірілсе, Солтүстік Қазақстан облысында 40 шақырымнан астам электр желісін түгелдей дерлік жаңадан тұрғыздық. Төтенше жағдай кезіндегі адал еңбек біздің қызметкерлеріміздің жеке жауапкершілігі мен жанкештілігін тағы бір мәрте дәлелді. Ол үшін мамандарымызға шексіз алғыс айтамын.

Сондай-ақ, біз Қазақстанның энергетикалық саясатының белсенді қатысушысы болу үшін салалық мемлекеттік органдармен тығыз әріптестікте қызмет етеміз. Мұндай бірлескен жұмыс салалық реформалар мен стратегиялық бастамалардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Энергетика саласы мен мемлекеттік орган өкілдерінің конструктивті жұмысы мен үйлесімді өзара қызметінің арқасында ел бойынша станциялардағы технологиялық ақаулардың 27%-ға қысқаруына қол жеткізсек, 2024 жылы температура графиктерін сақтамау көрсеткіші 3,3 есе төмендеді.

Бүгінде ОАЭК – кәсіпорындары қызмет ететін өңірлердегі тұрақты энергия жеткізуші, жауапты жұмыс беруші және сенімді серіктеске айналып отыр. Біз тұрақты даму үшін активтерді жаңғыртуға инвестиция бөлу, қоршаған ортаны қорғау, климаттық ауытқулар мен жоғары жүктемелер жағдайында энергиямен қамтудың сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру, интеллектуалды жүйелер мен процестерді автоматтандыруды енгізу, қызметкерлердің біліктілігін арттыру арқылы адам капиталын дамыту, инженер кадрларды қолдау, мемлекеттік энергетикалық саясат пен заңнамалық бастамаларды жүзеге асыруға белсенді қатысу сынды басымдықтарымызды өзгертпейміз.

Есептік кезеңді аяқтай келе, еңбегі мен өз ісіне адалдығы үшін барша ұжымға, сенім білдіргені мен өзара тиімді қызметі үшін серіктестерге, стратегиялық басшылығы мен біздің салаға көрсеткен қолдауы үшін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдеріне риясыз алғыс білдіремін.

Құрметпен,

**«ОАЭК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ**

# НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

**GRI 2-1, 2-2, 2-6, 415-1 ТДМ**

## НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК СИПАТТАМАЛАР



«ОАЭК» АҚ жиынтық орнатылған электр қуаты

**1 318 МВт**

құрайды, бұл көрсеткіш бойынша Корпорация Қазақстанның энергия өндіретін жеке компанияларының ішінде көшбасшылардың бірі болып табылады.



Электр беру желілерінің жалпы ұзындығы –

**48,4 мың км**

Корпорацияның жиынтық орнатылған жылу қуаты –

**2 949 Гкал/с.**

Жылу желілері бойынша ұзындығы –

**627,2 км**

CAEPCO

**«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕКЕ ІРІ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ХОЛДИНГІ**

## ӨНДІРІСТІК АКТИВТЕР

ПАВЛОДАРЭНЕРГО
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ (Павлодар, Екібастұз қалаларына, Павлодар облысына қызмет көрсетеді);

СЕВКАЗЭНЕРГО

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ (Петропавл қаласына, Солтүстік Қазақстан облысына қызмет көрсетеді);

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» және «СЕВКАЗЭНЕРГО» топтарының кәсіпорындары энергиямен қамтудың барлық сатысы: жылу және электр энергиясын өндіру, тасымалдау, тарату және сату бойынша қызмет көрсетеді.



РЭК

«Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ (Ақмола облысына қызмет көрсетеді);

Ақмола өңірінде электр энергиясын тасымалдау, тарату және сату қызметтерін көрсетеді.

ЦАТЭК GREEN ENERGY

«ЦАТЭК Green Energy» ЖШС

«Астана EXPO-2017» жел электр станциясы.

«ОАЭК» АҚ дәстүрлі көмірлі энергетиканы, сонымен қатар балама энергетиканы да дамытуда. Корпорация құрылымындағы «ЦАТЭК Green Energy» балама энергетика (ЖЭК) жобаларын жүзеге асырады, олардың бірі – Қазақстандағы ең ірі «Астана EXPO-2017» жел электр станциясы болып табылады. Ол Астана қаласынан 40 км қашықтықта, Ақмола облысы Аршалы ауданының Қостомар ауылының солтүстік-шығыс жағында орналасқан. ЖЭС аумағында әрбірінің номиналды қуаты 3,3 МВт, қуаттылық режимі 3,45 МВт-қа дейінгі 29 жел генераторы орнатылған. Жалпы орнатылған электр қуаты 100 МВт құрайды.




**«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы.**

Электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізу бойынша Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпорындарын қамтитын вертикалды түрде интеграцияланған компания. Ол әлемдік озық тәжірибелерді белсенді түрде енгізіп, өз қызметін өндіріс, экология, денсаулық сақтау және әлеуметтік саладағы халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізеді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ құрамы:

- Петропавл 2-ЖЭО;
- «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ (Солтүстік Қазақстан облысының және Петропавл қаласының электр желілері);
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС (Петропавл қаласының жыл у желілері);
- «Севказэнергосбыт» ЖШС.

**«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» акционерлік қоғамы.**

Павлодар облысында, Павлодар қаласында және Ақмола облысында жұмыс істейтін келесі өндіруші, тасымалдаушы және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде интеграцияланған компания:

- Павлодар 2-ЖЭО;
- Павлодар 3-ЖЭО;
- «Павлодар Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ;
- «Павлодар жылу желілері» ЖШС (Павлодар қаласының жылу желілері);
- «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС – Екібастұз ЖЭО (2024 жылғы маусымға дейін) және жылу желілері (2024 жылғы тамызға дейін);
- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС;
- «ЦАТЭК Green Energy (ЦАТЭК Грин Энерджи)» ЖШС.

**«АҚМОЛА ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ҮЛЕСТІРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

«АЭҮК» Акционерлік қоғамы («Ақмола ЭҮК» АҚ) – Ақмола облысы мен Астана қаласының тұтынушылары үшін электр энергиясын беруді және таратуды жүзеге асыратын электр желілік компания болып табылады. «АЭҮК» АҚ құрамына Ақмола облысының тұтынушыларын қамтамасыз ету үшін электр энергиясын сатып алумен айналысатын «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС еншілес ұйымы кіреді.

«АЭҮК» АҚ құрамына: ауданаралық электр желілерінің 3 филиалы (ААЭЖ), Ақмола электр желілері кәсіпорны (АЭЖК) және 13 аудандық электр желілері (АЭЖ) кіреді.

«АЭҮК» АҚ Ақмола облысының 14 әкімшілік ауданының аумағында орналасқан 0,4-110 кВ электр желілеріне қызмет көрсетеді.

# ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

## «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

2024 жылы электр энергиясын өндіру

**1,9**
млн Гкал

2024 жылы электр энергиясын өндіру

**2,3**
млрд кВт·с

Компания қызметкерлерінің саны 2024 жылы

**2 130**
адамды құрады




«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізу бойынша Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпорындарын қамтитын вертикалды түрде интеграцияланған компания:

- Петропавл 2-ЖЭО;
- «Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ (Солтүстік Қазақстан облысының электр желілері);
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС (Петропавл қаласының жылу желілері);
- «Севказэнергосбыт» ЖШС.

## «АҚМОЛА ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ҮЛЕСТІРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Қоғамның 2024 жылғы жұмыскерлерінің саны

**2 567**
адам

«АЭҮК» Акционерлік қоғамы («Ақмола Электр Желілік Үлестіру Компаниясы») – Ақмола облысы мен Астана қаласының тұтынушылары үшін электр энергиясын беруді және таратуды жүзеге асыратын электр желілік компания болып табылады.

Компания Павлодар, Петропавл қалаларындағы тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен; Екібастұз қаласында – жылу энергиясымен; Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының аудандарында – электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

## «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

| 2024 жылы электр энергиясын өндіру | 2024 жылы электр энергиясын өндіру | Компания қызметкерлерінің саны 2024 жылы |
|---|---|---|
| **4** млн Гкал | **3,8** млрд кВт·с құрады | **4 229** адамды құрады |
| (ЕЖЭО есепке алғанда – 827,1 Гкал) | (ЕЖЭО есепке алғанда – 34,7 млн кВт·с) | |




«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Павлодар облысында, Павлодар қаласында және Ақмола облысында жұмыс істейтін келесі өндіруші, тасымалдаушы және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде интеграцияланған компания:

- Павлодар 2-ЖЭО;
- Павлодар 3-ЖЭО;
- «Павлодар Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ;
- «Павлодар жылу желілері» ЖШС (Павлодар қаласының жылу желілері);
- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС;
- «ЦАТЭК Green Energy (ЦАТЭК Грин Энерджи)» ЖШС.

«АЭҮК» АҚ құрамына: ауданаралық электр желілерінің 2 филиалы (ААЭЖ), Ақмола электр желілері кәсіпорны (АЭЖК) және 13 аудандық электр желілері (АЭЖ) кіреді.

«АЭҮК» АҚ Ақмола облысының 14 әкімшілік ауданының аумағында орналасқан 0,4-110 кВ электр желілеріне қызмет көрсетеді.

## Орнатылған қуат

| ЖЭО, ЖЭС | Орнатылған электр қуаты, МВт | Орнатылған жылу қуаты, Гкал/с | Пайдалануға берілген жылы |
|---|---|---|---|
| **Павлодар 3-ЖЭО** | **555** | **1154** | **1972** |
| **Павлодар 2-ЖЭО** | **110** | **332** | **1961** |
| **Екібастұз ЖЭО** | **12** | **750** | **1956** |
| **Петропавл 2-ЖЭО** | **541** | **713** | **1961** |
| **ЦАТЭК Green Energy** | **100** | | **2019** |

## Электр беру желілерінің ұзындығы (км)

| ЭБЖ типтері | «Павлодар ЭТК» АҚ | «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ | «Ақмола ЭҮК» АҚ |
|---|---|---|---|
| **220 кВ** | **13,73** | **84,84** | **-** |
| **110 кВ** | **2 809,924** | **1 380,64** | **2 506,946** |
| **35 кВ** | **2 421,75** | **2 840,83** | **5 199,026** |
| **6-10 кВ** | **5 722,58** | **4 412,38** | **7 031,56** |
| **0,4 кВ** | **4 265,40** | **4 311,08** | **5 396,44** |

## Қосалқы станциялардың типі бойынша саны

| Қосалқы станциялар типі | «Павлодар ЭТК» АҚ | «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ | «Ақмола ЭҮК» АҚ |
|---|---|---|---|
| **220 кВ** | **4** | **4** | **2** |
| **110 кВ** | **75** | **36** | **52** |
| **35 кВ** | **101** | **121** | **193** |
| **6-10 кВ** | **3 505** | **2 175** | **3 304** |



## Жылу желілерінің ұзындығы

Жылу желілерінің жалпы ұзындығы

**627,17 км**

«Павлодар жылу желілері» ЖШС

**416,81 км**

«Петропавл жылу желілері» ЖШС

**210,36 км**

## МБЖ сертификаттары

| № р/с | Стандарт | Сертификаттың тіркеу № | Жарамдылық мерзімі | 2024 жылғы аудит түрі |
|---|---|---|---|---|
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ (2-ЖЭО және 3-ЖЭО) | | | | |
| 1 | ISO 14001:2015 | 01 104 132 1810 | 20.12.2024 – 19.12.2027 | 1 қадағалаушы |
| 2 | ISO 9001:2015 | 01 100 132 1810 | 20.12.2024 – 19.12.2027 | 1 қадағалаушы |
| 3 | ISO 45001:2018 | 01 213 132 1810 | 01.02.2024 – 31.01.2027 | 2 қадағалаушы |
| 4 | ISO 50001:2018 | 01 407 132 1810 | 20.12.2024 – 19.12.2027 | 1 қадағалаушы |
| «ПЭТК» АҚ | | | | |
| 5 | ISO 14001:2015 | 01 104 1319426 | 23.08.2024 – 22.08.2027 | 1 қадағалаушы |
| 6 | ISO 9001:2015 | 01 100 1319426 | 23.08.2024 – 22.08.2027 | 1 қадағалаушы |
| 7 | ISO 45001:2018 | 01 213 1319426 | 23.08.2024 – 22.08.2027 | 1 қадағалаушы |
| 8 | ISO 50001:2018 | 01 407 1319426 | 02.06.2022 – 01.06.2025 | қайта сертификаттаушы |
| «Павлодар жылу желілері» ЖШС | | | | |
| 9 | ISO 14001:2015 | 01 104 2143050 | 23.04.2024 – 22.04.2027 | 1 қадағалаушы |
| 10 | ISO 9001:2015 | 01 100 2143050 | 23.04.2024 – 22.04.2027 | 1 қадағалаушы |
| 11 | ISO 45001:2018 | 01 213 2143050 | 23.04.2024 – 22.04.2027 | 1 қадағалаушы |

## МБЖ сертификаттары

| № р/с | Стандарт | Сертификаттың тіркеу № | Жарамдылық мерзімі | 2024 жылғы аудит түрі |
|---|---|---|---|---|
| | | «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ | | |
| 12 | ISO 14001:2015 | 01 104 2026502 | 10.09.2023 – 09.09.2026 | 2 қадағалаушы |
| 13 | ISO 9001:2015 | 01 100 2026502 | 10.09.2023 – 09.09.2026 | 2 қадағалаушы |
| 14 | ISO 45001:2018 | 01 213 2026502 | 07.10.2023 – 06.10.2026 | 2 қадағалаушы |
| | | «СҚ ЭТК» АҚ | | |
| 15 | ISO 14001:2015 | 01 104 1518811 | 28.06.2024 – 27.06.2027 | 1 қадағалаушы |
| 16 | ISO 9001:2015 | 01 100 1518811 | 28.06.2024 – 27.06.2027 | 1 қадағалаушы |
| 17 | ISO 45001:2018 | 01 213 1518811 | 28.06.2024 – 27.06.2027 | 1 қадағалаушы |
| | | «Петропавл жылу желілері» ЖШС | | |
| 18 | ISO 14001:2015 | 01 104 2026503 | 08.07.2024 – 07.07.2027 | 1 қадағалаушы |
| 19 | ISO 9001:2015 | 01 1002026503 | 01.12.2023 – 31.11.2026 | 2 қадағалаушы |
| 20 | ISO 45001:2018 | 01 213 2026503 | 08.07.2024 – 07.07.2027 | 1 қадағалаушы |
| | | «АЭҮК» АҚ | | |
| 21 | ISO 14001:2015 | 01 104 1819000 | 20.08.2024 – 19.08.2027 | 1 қадағалаушы |
| 22 | ISO 9001:2015 | 01 100 1819000 | 20.08.2024 – 19.08.2027 | 1 қадағалаушы |
| 23 | ISO 45001:2018 | 01 213 1819000 | 20.08.2024 – 19.08.2027 | 1 қадағалаушы |

## «ОАЭК» АҚ

**Қазақстан Электроэнергетикалық Қауымдастығының (ҚЭҚ, Қауымдастық) және**

**«Атамекен» ҚР кәсіпкерлерінің ұлттық палатасының мүшесі**

# 2024 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

**GRI 2-1, 2-2, 2-6, 415-1 ТДМ**



## Энергияны өндіру және сату көлемі

### Өндіру

| электр энергиясы, млрд кВт·с | | | жылу энергиясы, млн Гкал | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2022 | 2023 | **2024** | 2022 | 2023 | **2024** |
| 5,4 | 5,9 | **6,1** | 6,3 | 5,8 | **5,8** |

### Сату көлемі

| электр энергиясы, млрд кВт·с | | | жылу энергиясы, млн Гкал | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2022 | 2023 | **2024** | 2022 | 2023 | **2024** |
| 5,2 | 6,7 | **8,9** | 5,5 | 5,2 | **5,4** |

2024 жылғы таза пайда

17,4 млрд теңге

Активтердің жалпы сомасы

486,8 млрд теңге

EBITDA

84,1 млрд теңге

EBITDA Margin

28,84%


ӨМІР БОЙЫ
ВОКАЛМЕН
КӘСІБИ АЙНАЛЫСУДЫ
АРМАНДАДЫМ
ДОСТАРЫМ МЕНІҢ
ӘНДІ ЖАҚСЫ
ШЫРҚАЙТЫНЫМДЫ
АЙТАДЫ
МЕН МУЗЫКАНЫ,
ТЕМП ПЕН
ЫРҒАҚТЫ СЕЗЕМІН
ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР
ОСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ




**МЕНІҢ МАҚСАТЫМ – БІЛІКТІ МАМАН БОЛУ, ИНЖЕНЕРЛІК-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ БАР ЛАУАЗЫМ ИЕСІ АТАНУ**

**ЭНЕРГЕТИКА – ҮНЕМІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ТОЛЫ: АПАТТАР, АУА РАЙЫ ЖАҒДАЙЛАРЫ, СТАНДАРТТАН ТЫС МІНДЕТТЕР**

# ҚАДЫРХАН **ӨСКІНБАЙ**

«АЭҮК» АҚ АЭЖК қызметі қосалқы станцияларға қызмет көрсету жөніндегі топ инженері

# КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ

**GRI 2-1, 2-2, 2-6, 415-1   ТДМ**



## ТАРИХТЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы (ОАЭК) 2008 жылы 8 тамызда құрылды.

«ОАЭК» АҚ акцияларының шығарылымы 2008 жылғы 10 қазанда ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі тарапынан тіркелді.



CAEPCO

**2008**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «Астанаэнергосбыт» ЖШС біріктіретін «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы құрылды. Қоғам тіркелген уақытта оның жалғыз құрылтайшысы «Орталық- Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ болды

**2009**

Екібастұз ЖЭО-нда №1 турбоагрегат монтаждалды

Еуропалық қайта құру және даму банкі «ОАЭК» АҚ-ның 24,99 пайыз акциясын сатып алды

**2010**

Корпорацияның 2010-2015 жылдарға арналған Инвестициялық бағдарламасы бекітілді







## 2011

Павлодар 3-ЖЭО-нда №1 жаңа қазандық агрегат орнатылды

Павлодар 2-ЖЭО-нда №1 қазандық агрегат жаңғыртылды

ОАЭК акционерлерінің құрамына Ислам Инфрақұрылым қоры (Kaz Holdings Cooperatief U.A., Амстердам) кіріп, ол Корпорацияның 12,89% акциясын сатып алды

«Энергетик» теннис орталығы салынды (Павлодар)

## 2012

Павлодар 3-ЖЭО-нда №1 жаңа турбоагрегат орнатылды

Павлодар 2-ЖЭО-нда №2 жаңа градирня орнатылды

Петропавл 2-ЖЭО-нда №6 турбоагрегат жаңғыртылды

Петропавл 2-ЖЭО-нда №6 қазандық агрегат жаңғыртылды

Петропавл 2-ЖЭО-нда №7 қазандық агрегат жаңғыртылды

## 2013

Петропавл 2-ЖЭО-нда №4 жаңа турбоагрегат орнатылды





## 2014

23 шілдеде жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласындағы инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС құрылды

Петропавл 2-ЖЭО-нда №8 қазандық агрегат жаңғыртылды

Екібастұз ЖЭО-нда №6 жаңа қазандық агрегат орнатылды

Павлодар 3-ЖЭО-нда №5 турбоагрегат жаңғыртылды

Павлодар 3-ЖЭО-нда №3 қазандық агрегат жаңғыртылды

## 2015

Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы «Ақмола электр желілері компаниясы» АҚ акцияларының 48,41%-ын сатып алып, Қоғам акцияларының 100 пайызын шоғырландырды. Бұған дейін компания акцияларының 51,59%-ын оның бақылаушы акционері – «Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ ОАЭК жарғылық капиталына берген болатын

«Эксперт-200-Қазақстан» рейтингінің нәтижелері бойынша ОАЭК Қазақстандағы ең ірі жеке энергетикалық компания болып танылды

Петропавл 2-ЖЭО-нда №1 жаңа турбоагрегат орнатылды

Павлодар 3-ЖЭО-нда №2 жаңа турбоагрегат орнатылды

Павлодар 3-ЖЭО-нда жаңа градирня орнатылды

Павлодар 3-ЖЭО-нда №4 турбоагрегат қайта құрылды

Павлодар 3-ЖЭО-нда №2 турбоагрегат жаңғыртылды

Петропавл 2-ЖЭО-нда №7 турбоагрегат жаңғыртылды

Павлодар облысының энергожүйесін басқарудың Орталық диспетчерлік пункті пайдалануға берілді

ОАЭК акционерлерінің құрамына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес қорлары: KIF ENERGY S.a.r.l., «Baiterek Venture Fund» АҚ, CKIF ENERGY S.a.r.l. кірді

Петропавлда «Алақай» балабақшасы пайдалануға берілді. Нысан Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мен «ОАЭК» АҚ арасындағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобасы бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қолдауымен салынды



## 2016

Павлодар 3-ЖЭО-нда №5 турбоагрегат қайта құрылды

Петропавл 2-ЖЭО-нда №5 жаңа турбоагрегат орнатылды

Петропавл 2-ЖЭО-нда №12 қазандық агрегатты жаңғырту жұмыстары аяқталды

«ОАЭК» АҚ еншілес компаниялары «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында Еуропалық қайта құру және даму банкімен, ҚР Экономика министрлігімен Павлодар, Петропавл, Екібастұз қалаларының жылумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту жобаларын іске асыру туралы үшжақты келісімге қол қойды

Петропавлда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері мен қала тұрғындарына арналған жаңа 90 пәтерлік шағын отбасылық жатақхана пайдалануға берілді

## 2017

Павлодар монтаж колледжінің энергетик студенттеріне арналған 200 орындық жаңа жатақхана ашылды



## 2018

Павлодар 3-ЖЭО-нда №6 турбоагрегатты жаңғырту жұмыстары аяқталды

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ құрамында жаңа кәсіпорын «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС құрылды

ЭК» АҚ акционерлерінің құрамынан жоспарға сәйкес, Еуропалық қайта құру және даму банкі және Ислам инфрақұрылым қоры шықты. Корпорацияның энергетикалық нысандарын жаңғырту бойынша ЕҚДБ миссиясы аяқталды





**2019**

Қуаттылығы 50 МВт «Astana Expo 2017» жел станциясының бірінші іске қосу кешені пайдалануға берілді

**2020**

Қуаты 50 МВт болатын «Астана Expo 2017» жел электр станциясының екінші іске қосу кешені пайдалануға берілді. Станция 100 МВт жобалық қуатына жетті. «Астана Expo 2017» ЖЭС он мыңнан астам отбасының жыл сайынғы энергия тұтынуын қамтамасыз етуге, парниктік газдар шығарындыларын жылына 230 мың тоннаға азайтуға және жылына 79 мың тоннадан астам отынды үнемдеуге мүмкіндік берді

**2021**

«Ақмола Электр Желілік Үлестіру Компаниясы» АҚ «Garden Village» шағын станциясын пайдалануға берді

**2022**

Павлодар 3-ЖЭО-нда жаңа түтін тұрбасының темірбетон бағанының құрылысы аяқталды

Ақмола облысында ұзындығы 48,2 км Макинск – Никольское 110 кВ әуе электр беру желілерінің құрылысы аяқталды

2022 жылғы 27 қарашада Екібастұз қаласының жылу желілерінде апат болып, оның нәтижесінде Екібастұз ЖЭО жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды

**2023**

Екібастұз ЖЭО-нда №6, 7,8,11,12,13,14 қазандық агрегаттарына күрделі жөндеу, №5 қазандық агрегатына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Петропавл 2-ЖЭО-нда №11 қазандық агрегатты жаңғырту жұмыстары аяқталды.

Ұзындығы 1,267 км жылу құбыр өткізгіштеріне алдын ала оқшауланған тұрбаларды қолдана отырып, салу және қайта құру жұмыстары жүргізілді:

Павлодар – 0,246 км

Петропавл – 1,021 км





## 2024

Күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 2023-2024 жылғы жылыту маусымынан сәтті өткеннен кейін Екібастұз ЖЭО мемлекет меншігіне тегін берілді

Петропавл 2 – ЖЭО-нда биіктігі 180 метр болатын жаңа түтін мұржасының діңгегінің құрылысы аяқталды

Павлодар 3 – ЖЭО-нда жаңа түтін мұржасы пайдалануға берілді

Павлодар Электр Желілік Тарату Компаниясының мамандары Қазақстанда алғаш болып тұтынушылар үшін электр таратуды үзбестен, электр желілерінде кернеу астында жұмыс істеу әдісін енгізді

«ОАЭК» АҚ-ның 2023 жылғы Есебі KASE нұсқасы бойынша «Өндірістік сектордағы ең үздік жылдық есеп» номинациясында үздік атанды



# БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

## КАПИТАЛ

### ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ

**46,043**
**млрд теңге**
Акционерлік қоғам

**486,8**
**млрд теңге**
Активы

### ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ

3 ЖЭО

3 сатушы компания

**627,2 км**
жылу желілері

**48,4 мың км**
электр желілері

### ТАБИҒИ КАПИТАЛ

Өндірістік қызметінің аясында Корпорация түрлі отынды (мазут және көмір), су ресурстарын және электр энергиясын, сондай-ақ ауа бассейнінің ресурстарын пайдаланады.

### ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КАПИТАЛ

Ellipse, Mobility, ЭКЕАЖ, ЭКЕАЖ, «Тезис» ӨТП АБЖ, биллинг, қазандық және турбоагрегаттардың ТП АБЖ, МАЖ жүйелері енгізілген.

### ӘЛЕУМЕТТІК КАПИТАЛ

Корпорация өзі қызмет ететін өңірлердегі қоғамдастықтармен сенімгерлік қарым-қатынас орнатады және ірі жұмыс беруші және өнеркәсіптік сектордың маңызды буыны ретінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына маңызды үлес қосады.

### АДАМ КАПИТАЛЫ

**9 041**
жұмысшы

**852**
адам - кадрлық резервке мүше

**1 291**
жұмысшы - PROFENERGY жас мамандарды қолдау бағдарламасына қатысушылары

**33,3%**
жоғары білімді

**34%**
кәсіподаққа мүше жұмысшылар үлесі

**11%**
кадр тұрақсыздығы

# НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ

## Ж/Э ЖӘНЕ Э/Э ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

Корпорацияның жылу электр орталықтарында жылу және электр энергиясын біріктіріп өндіру, сонымен қатар жаңартылатын энергия көздерінде электр энергиясын өндіру.

## Э/Э ЖӘНЕ Ж/Э ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

Электр энергиясын өндіру орындарынан тұтыну орындарына ауыстыру түрлендіргіштерін, электр желілерін және тарату құрылғыларын қамтитын электр желілері және жылу желілері арқылы жүзеге асырылады.

## Ж/Э ЖӘНЕ Э/Э ӨТКІЗУ

Тұтынушыларға электр және жылу энергиясын сату қызметі.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

- Электр жабдықтарын жаңғырту.
- Жылу және электр желілерін қайта құру.
- Процестерді автоматтандыру.

# 2024 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

## ТҰТЫНУШЫЛАР

жылу энергиясы
**205 434**
**жазылушылар**

электр энергиясы
**541 795**
**жазылушылар**

## МЕМЛЕКЕТ

**26,2**
**млрд теңге**
төленген салықтар

## ӨНДІРІС

**5,8**
**млн Гкал**
жылу энергиясы

**6,1**
**млрд кВс**
электр энергиясы

## ЖҰМЫСШЫЛАР

**6 779**
**жұмысшылар**
оқудан өткен саны

**4,7**
**млрд теңге**
на мероприятия по БиОТ и улучшение условий труда

# ҚЫЗМЕТ ЕТУ ӨҢІРЛЕРІ

**Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары, Астана қаласы.**



## МИССИЯ

Компанияның миссиясы тұтынушылардың өмір сүру сапасын жақсартуға және өзі жұмыс істейтін аймақтардың экономикалық дамуы үшін жағдай жасауға негізделеді. Бұл мақсаттарға Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарындағы, Екібастұз, Павлодар, Петропавл, Астана қалаларындағы халықты, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, бюджеттік және коммерциялық ұйымдарды энергиямен қамтамасыз ету және тіршілік әрекетін қамтамасыз ету бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы қол жеткізіледі.

Көрсетілетін қызметтердің сапасы барлық техникалық талаптарға сай сенімділік пен үздіксіз электрмен жабдықтауды, сондай-ақ тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғары деңгейін білдіреді.

Компанияның тұрақты дамуының негізі оның қызметкерлері болып табылады, олардың құндылығы жоғары кәсібилігінде, командада жұмыс істей білуінде және нәтижеге жетуге бағытталуында жатыр.

## КӨРІНІС

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – Қазақстанның жеке энергетикалық компанияларының ішінде көш басында.

Корпорация өз қызметін республиканың солтүстігінде өте ауыр климаттық жағдайларда жүзеге асырады.

Корпорация жеке бөлімшелердің (Топ кәсіпорындарының) қарқынын, икемділігін топты орталықтан басқарудың тұрақтылығымен, сенімділігімен үйлестіре отырып, холдингтік құрылымның артықшылықтарын табысты пайдаланып келеді.

Корпорация қызметкерлері – биік мақсаттарды бағындырып келе жатқан кәсіби мамандар командасы. Корпорацияның тұтынушылармен және жеткізушілермен орнатқан серіктестік қарым-қатынасы құрмет-ізет және өзара жауапкершілік негізінде құрылған.



# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

**GRI 301-1 ТДМ**

«ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаты – электр және жылу энергиясымен қамту саласында өндіріс, тарату, беру және кепілді өткізу ағындарының синергиясы негізінде халықты үздіксіз әрі сенімді қызметпен қамтамасыз ететін тиімді жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

## «ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің негізгі бағыттары:

- Кепілді өткізуге ие және төмен тәуекелді нарықты мақсатты түрде кеңейту;
- Өндірістің техникалық деңгейін көтеру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңалау есебінен өндірістік тиімділікті арттыру;
- Инновациялық бағыттарды салмақты дамыту есебінен перспективалық жобаларды енгізу, «жасыл» технологиялардың дамуына ықпал ету;
- Кадр құрамын өндірістік сектор мен кәсіпорындарды басқаруда жаңа тиімді технологияларға оқыту есебінен басқарудың ең үздік стандарттарын енгізу.

## Алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін Корпорация келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- Кәсіпорындарды жоғары білікті персоналмен қамтамасыз ету;
- Экология, қызметкерлердің денсаулығын қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік салаларында халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестікке сертификаттың ұдайы болуы;
- Энергияны өндіру және беру кезінде энергия үнемдеуші және энерготиімді технологияларды енгізу;
- Жылу және электр энергиясының бірлігін өндіруге кететін бөлшек шығынды азайту;
- Жылу және электр энергиясын тасымалдау кезіндегі нормативтен тыс шығындарды азайту;
- Инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру, апат тәуекелдерін төмендету және тұрып қалуды болдырмау есебінен электр өндіруші нысандардың қондырғыларын қайта құру және жаңғырту.

Даму стратегиясы Бірыңғай электр энергетика жүйесінің энергетикалық инфрақұрылымын күшейту бойынша міндеттер есепке алына отырып әзірленген. Корпорацияның Даму стратегиясында заманауи энергетикалық нарықтың даму талаптары, жалпыәлемдік трендтер, мысалы балама энергетиканың дамуына, энерготиімділікке және энергия үнемдеуге сәйкес келетін талаптар назарға алынған.

БҰРЫН МЕН
ПАУЭРЛИФТИНГПЕН
БЕЛСЕНДІ АЙНАЛЫСТЫМ

ҚАЗІР ҚЫЗДАРЫМНЫҢ
ТӘРБИЕСІНЕ КӨБІРЕК
КӨҢІЛ БӨЛІП,
ОТБАСЫЛЫҚ
СПОРТПЕН
ШҰҒЫЛДАНАМЫЗ

ҮЛКЕН ҚЫЗЫМ
КАРАТЭДЕН ҚАРА
БЕЛБЕУ АЛУҒА
ДАЙЫНДАЛЫП ЖҮРСЕ,
КІШІ ҚЫЗЫМ ӘПКЕСІНІҢ
ІЗІН БАСЫП КЕЛЕДІ

ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР
ОСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



**МЕН СТАНЦИЯНЫҢ «КӨЗІ МЕН ҚОЛЫ» САНАЛАТЫН ҚҰРАЛДАРМЕН ДАТЧИКТЕРГЕ ЖАУАП БЕРЕМІН. ОЛАР СТАНЦИЯНЫҢ ЖАЛПЫ АХУАЛЫН ҚАДАҒАЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. БҰЛ САЛАҒА КЕЛУІМ ОЙДА ЖОҚТАН БОЛДЫ. МЕНІ ЭНЕРГИЯ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАТЫНЫ, БҰЛ ҚИЫН МЕХАНИЗМНІҢ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНІ ҚЫЗЫҚТЫРДЫ**

**ДӘНЕКЕРЛЕУШІ, ЭЛЕКТР СЛЕСАРІ, ИНЖЕНЕР БОЛДЫМ. 14 ЖЫЛДАН БЕРІ ОСЫНДА ЕҢБЕК ЕТСЕМ, ЖҰМЫСЫМ ӨЗІМ ҮШІН ӘЛІ ДЕ ҚЫЗЫҚ**

НИКОЛАЙ
**КУЗНЕЦОВ**

Петропавл 2-ЖЭО Жылу автоматикасы мен өлшеулері цехінің инженері

# НАРЫҚТЫҚ ОРТАНЫ ТАЛДАУ

**GRI 2-6 ТДМ**



2024 жылы Қазақстан экономикасы тұрақты өсімді көрсетті: Ұлттық статистика бюросының алдын ала деректеріне сәйкес, елдің жалпы ішкі өнімі 134,25 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда нақты мәнде 4,8%-ға артты. Экономикалық өсімнің негізгі қозғаушы күштері – ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда, көлік және қоймалау, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық сектор мен өңдеу өнеркәсібі болды.

Тауар өндірісі ЖІӨ-нің 35,4%-ын қамтамасыз етсе, қызмет көрсету секторының үлесі 58,4%-ға жетті. ЖІӨ-ге салмақты үлесті әлі де өнеркәсіп саласы қосып отыр, оның үлесі 25,7%-ды құрады.

Өнеркәсіп өндірісінің индексі (ӨӨИ) өткен жылмен салыстырғанда 102,8%-ды құрады.

Өңдеу өнеркәсібі фармацевтика саласындағы (+21,8%), машина жасау (+9,7%), металлургия (+6,9%) және металл бұйымдарын өндіру (+28,5%) саласындағы өсімнің есебінен күшейді. Электр энергиясы мен газбен жабдықтау да оң динамика көрсетті, бұл көрсеткіш электр энергиясын өндіру, тасымалдау және тарату көлемдерінің өсуіне байланысты 4,5%-ға артты. Сонымен қатар, мұнай және газ өндірудің төмендеуі салдарынан тау-кен өндірісі 0,2%-ға қысқарды.

Жалпы ішкі өнім көлемі, млрд теңге






Өнеркәсіп өндірісінің көлемі, млрд теңге



# 2024 ЖЫЛҒЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫНА ШОЛУ

## Өндіріс

2024 жыл Қазақстанның электр энергетикасы саласы үшін қалпына келу және қарқынды өсу жылы болды. Елдің Бірыңғай энергетикалық жүйесінде өндірілген жалпы электр энергиясының көлемі 117 915,4 млн кВт·с құрады, бұл өткен жылға қарағанда 4,5%-ға көп.

Еліміздегі электр энергиясының шамамен 73%-ын өндіретін Солтүстік аймақта 2024 жылы өндіріс 2,4%-ға өсіп, оның көлемі 86 489,7 млн кВт·с-қа жетті. Оңтүстік аймақта өндіріс 10,6%-ға өсіп, 15 565,7 млн кВт·с құрады, ал Батыс аймақта көрсеткіш 3,2%-ға артып, 15 860,0 млн кВт·с болды.

ЖЭС-тердегі өндіріс 1,2%-ға артты. Газ турбиналы қондырғылар 8,1% өсім көрсетті. Айтарлықтай өсімді гидро-электр станциялар қамтамасыз етті, олардың өндірісі 28,3%-ға артса, жел электр станциялары 18,2%-ға өсті.

Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыруға стратегиялық назар аударылуда. 2024 жылы жаңартылатын энергия көздерінің жалпы генерациясы 7 555,1 млн кВт·с құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 12,5%-ға жоғары көрсеткіш. ЖЭК үлесі жалпы энергетикалық балансnúmta 6,4%-ға жетті.

Өндіріс көлемі бірнеше өңірде едәуір өсті, соның ішінде Жетісу облысында (+30,7%), Қостанай облысында (+24,6%), Шығыс Қазақстан облысында (+20,9%), Жамбыл облысында (+17,1%), Абай облысында (+16,9%) және Атырау облысында (+15,0%) өсім байқалды. Ал Ақмола және Қызылорда облыстарында өндіріс көлемі азайды.

2024 жылы қуат саласының дамуы айтарлықтай ілгерілеу көрсетті. Жыл қорытындысы бойынша Атырау, Жезқазған ЖЭО-лары және Екібастұз 1-МАЭС-те жүзеге асырылған жобаларды қоса алғанда, 608 МВт көлемінде дәстүрлі қуат көздері пайдалануға берілді. Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздерінің 8 жобасы 163 МВт жалпы қуаты құра отырып іске қосылды. 2025 жылға жоспарланған қуат құрылымында дәстүрлі генерация бойынша 166 МВт және 9 ЖЭК жобасы 455,5 МВт қуатпен салынады деп жоспарланған.

2024 жылы ядролық энергетиканың дамуына ерекше көңіл бөлінді. 6 қазанда референдум өткізіліп, халықтың басым көпшілігі атом электр станциясын салуды қолдады. Желтоқсан айында Алматы облысының Жамбыл ауданында АЭС салынатын орын анықталды. 2025 жылдың наурыз айында саланың тағы бір стратегиялық маңызды реформасы жүзеге асып, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын Атом энергиясы жөніндегі агенттік құрылды.

Жалпы ішкі өнім динамикасы, өткен жылмен салыстырғанда, %




Өнеркәсіп өндірісінің динамикасы, өткен жылмен салыстырғанда, %




Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

ҚР-нда электр энергиясының өндірісі, млрд кВт·с




Қазақстандағы электр энергиясы өндірісінің 2024 жылғы генерация типтері бойынша құрылымы




Өндіріс типі бойынша электр энергиясының өндірісі, млрд кВт·с

| Генерация типі | 2022 | 2023 | 2024 | Өзгеріс |
|---|---|---|---|---|
| ЖЭС | 88,62 | 87,36 | 88,38 | 1% |
| ГТЭС | 10,94 | 11,02 | 11,92 | 8% |
| ГЭС | 9,19 | 8,75 | 11,22 | 28% |
| КЭС, ЖелЭС және БГҚ | 4,12 | 5,69 | 6,39 | 12% |

Аумақтар бойынша электр энергиясының өндірісі, млрд кВт·с

| ҚР БЭЖ аумағы | 2022 | 2023 | 2024 | Өзгеріс |
|---|---|---|---|---|
| Солтүстік | 83,91 | 84,43 | 86,49 | 2% |
| Оңтүстік | 14,44 | 14,05 | 15,57 | 11% |
| Батыс | 14,52 | 14,34 | 15,86 | 11% |

## Тұтыну

2023 жылдан бастап электр энергиясы нарығында бірыңғай сатып алушы және нақты уақыттағы баланс нарығы жұмыс істейді. Өндірілген электр энергиясының барлық көлемі орталықтандырылған түрде сатып алынады, ал баланстық нарық Бірыңғай энергетикалық жүйедегі ауытқуларды түзетуді қамтамасыз етеді. Бұл нарыққа қатысу көтерме нарық субъектілері үшін міндетті болып табылады.

2024 жылы электр энергиясы өндірісінің өсуі тұтынудың артуымен қатар жүрді: елдегі электр энергиясын тұтыну 4,1% өсіп, 119 995,5 млн кВт·с құрады.

Тұтыну бойынша жетекші өңірлер: Атырау облысы (+14,15%), Түркістан облысы (+7,17%), Қызылорда облысы (+6,71%) және Маңғыстау облысы (+6,16%).

Солтүстік аймақта тұтынудың өсуі 2,4%-ды құрап, 75 335,4 млн кВт·с болды. Ең үлкен өсім Батыс аймақта (+9,87%, 16 283,3 млн кВт·с) тіркелді. Оңтүстік аймақта тұтынудың өсуі 5,3% құрап, 28 376,9 млн кВт·с болды.

Өндіріс пен тұтыну арасындағы балансты сақтау үшін Қазақстан Ресейге 1 456,1 млн кВт·с көлемінде электр энергиясын экспорттап, импортты 2 252,7 млн кВт·с деңгейінде жүзеге асыру арқылы тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

ҚР-нда электр энергиясын тұтыну, млрд кВт·с




Аумақтар бойынша электр энергиясын тұтыну, млрд кВт·с




## Қазақстан Республикасы энергетикасындағы «ОАЭК» АҚ үлесі

Орнатылған қуат, ГВт




ЖЭС электр энергия өндірісі, млрд кВт·с




ЖЭК электр энергия өндірісі, млрд кВт·с




«ОАЭК» АҚ Қазақстан Республикасы



# МИКРОФОН, МИКШЕР ЖАҢА БИТТЕР –

менің дыбыс инженериясы бойынша екінші

# МАМАНДЫҒЫМНЫҢ ӘЛЕМІ

## МЕН МУЗЫКАДА АРҚЫЛЫ ШЕКСІЗ ЕРКІНДІККЕ БОЙЛАП, РЭП ӘНДЕР ЖАЗАМЫН

ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР
ОСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ




**МЕНІҢ КӘСІБИ ЖЕТІСТІКТЕРІМНІҢ НЕГІЗІНДЕ ОТБАСЫМНЫҢ ҚОЛДАУЫ ЖАТЫР. ОТБАСЫДАН ЖАҚЫН ЕШКІМ ЖОҚ, СОНДЫҚТАН УАҚЫТЫМНЫҢ КӨП БӨЛІГІН ЖАҚЫНДАРЫММЕН БІРГЕ ӨТКІЗГЕНДІ ҚАЛАЙМЫН. ОЛАР МАҒАН ӨМІРГЕ АЛҒА ЖЫЛЖЫП, ДАМУҒА КҮШ БЕРЕДІ**

# АРХАТ **КЕРИМОВ**

Петропавл 2-ЖЭО қоршаған ортаны қорғау инженері

# ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

**GRI 2-24 ТДМ**

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ 2024

**GRI 203-1**



### «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ПАВЛОДАР 2-ЖЭО

«ОАЭК» АҚ энергия өндіруші активтерінің ішінде қуаты жөнінен үшінші орынға ие. Ол қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарын, жергілікті қызмет көрсету нысандарын, сонымен қатар үй шаруашылықтарын электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

**Орнатылған жылу қуаты – 332 Гкал/с.**

**Орнатылған электр қуаты – 110 МВт.**

**Электр станциясы қондырғыларының құрамы:**

- 5 қазандық агрегат;
- 3 турбоагрегат.
- №5 БКЗ-160-100 қазандық агрегатын күрделі жөндеу жүргізу;
- №3 ПТ-60-90/13 турбоагрегатының конденсаторын қайта құру;
- №4 және №5 БКЗ-160-100 қазандық агрегаттарының жоғары қысымды цилиндрлерін (ВЗП) қайта құру;
- №28 теміржол жолдарын қайта құру;
- 2-ЖЭО үшін күл үйіндісінің 3-кезегінің 2-іске қосу кешенін салуға арналған материалдық-техникалық ресурстарды сатып алу және жұмыстарды бастау;
- 2-ЖЭО-нда қоршаған ортаға шығарындыларды автоматты түрде бақылау жүйесін орнату;
- 2-ЖЭО-ның өз қажеттіліктері үшін телемеханика жүйесін кеңейту.

### «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ПАВЛОДАР 3-ЖЭО

«ОАЭК» АҚ ең ірі энергия өндіруші активі.

**Орнатылған жылу қуаты – 1 154 Гкал/с.**

**Орнатылған электр қуаты – 555 МВт.**

**Электр станциясы қондырғыларының құрамы:**

- 6 қазандық агрегат;
- 6 турбоагрегат.
- №1, №3, №5 БКЗ-420-140 қазандық агрегатының жоғары қысымды цилиндрлерін (ВЗП) қайта құру;
- №3-№6 қазандық агрегатының газ өткізгіштерін №2 мұржаға қосу мақсатында қайта құру;
- Контейнерлік үлгідегі автогаз құю станциясын (АҚС) монтаждау;
- 3-ЖЭО-нда қоршаған ортаға шығарындыларды автоматты түрде бақылау жүйесін орнату;
- №2 түтін мұржасына қоршаған ортаға шығарындыларды автоматты түрде бақылау жүйесін орнату;
- №1 тұндырғышты (ХЦ) қайта құру;
- SD-32 Shantui бульдозерін сатып алу.

## «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ЕКІБАСТҰЗ ЖЭО




«ОАЭК» АҚ энергия өндіруші активтерінің ішінде қуаты жөнінен төртінші орынға ие (2024 жылғы маусымға дейін).

**Орнатылған жылу қуаты – 750 Гкал/с.**

**Орнатылған электр қуаты – 12 МВт.**

**Электр станциясы қондырғыларының құрамы:**

- 10 қазандық агрегат;
- 1 турбоагрегат.
- ЕЖЭО қызметтік-тұрмыстық корпусы ғимаратының шатырын қайта құру;
- Әкімшілік-тұрмыстық корпус (ӘТК) ғимаратының шатырын қайта құру;
- КВТК су қыздыру корпусы ғимаратының шатырын қайта құру, Г-Д қатары, 1-29 ось, биіктік белгісі +18,000;
- ЕЖЭО ғимараттарының шатырын қайта құру (құбыр ию учаскесі, №1 және №2 тұнық су сорғы станциялары);
- ЕЖЭО ғимараттарының шатырын қайта құру (ағаш өңдеу цехы, ЕСО ғимараты, III кезектегі ХСТ ғимараты).

## «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО




«ОАЭК» АҚ ірі энергия өндіруші активі.

**Орнатылған жылу қуаты – 713 Гкал/с.**

**Орнатылған электр қуаты – 541 МВт.**

**Электр станциясы қондырғыларының құрамы:**

- 12 қазандық агрегат;
- 7 турбоагрегат.
- Жаңа темірбетон мұржаның құрылысын салу;
- №2 қазан агрегатын қайта құру (іргетастарды монтаждау, ҚА оттығын орнату);
- №1, №3, №9, №10 қазандық агрегаттарына күрделі жөндеу жүргізу;
- №3, №6 турбоагрегаттарына күрделі жөндеу жүргізу;
- №2 күл үйіндісінің №3 секциясы бойынша қоршау дамбаларын биіктету жобасын аяқтау (II кезек);
- Бас корпус ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу;
- 2-ПЖЭО ғимараттарының шатырларына күрделі жөндеу жүргізу;
- Теміржол жолдарына күрделі жөндеу жүргізу;
- 5А және 5Б конвейерлеріндегі таспалы таразыларды ауыстыру;
- СМ-170 балғалы ұсатқышты ауыстыру;
- БУ-3 және БУ-6-тағы желілік суды жылыту құрылғыларын ауыстыру;
- №3 түтін мұржасына қоршаған ортаға шығарындыларды автоматты түрде бақылау жүйесін орнату;
- №6 қазандық агрегатында диірмен желдеткіштерін ауыстыру, бұл негізгі құралдардың құнын арттырады;
- №3 айналмалы торды ауыстыру.

## Электр желілері нысандарын қайта құру

### «ПАВЛОДАР ЭТК» АҚ

- 2026-2030 жылдары құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу үшін 220/110/10 кВ «Промышленная» қосалқы станциясында 110 кВ ұяшықтар мен релелік қорғау және автоматика (РҚА) жабдықтарын қайта құру бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға (ЖСҚ) сараптама жүргізілді;
- 110/10 кВ «Ленинская» қосалқы станциясында қайта құру жұмыстары басталды – 110 кВ майлы ажыратқыштар 3 дана көлемінде элегазды ажыратқыштарға ауыстырылуда, жұмыстар 2025 жылдың 2-тоқсанында аяқталады;
- Павлодар қаласы Қаржы бөлімімен жасалған шарт аясында 110/10 кВ «Усольская» қосалқы станциясын және 110 кВ екі тізбекті әуе желісін кабельдік учаскемен кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру бойынша төлем кестесіне сәйкес толық көлемде төлем жүргізілді;
- Май ауылдық округінде ұзындығы 24,526 км болатын «Қызылқұрама – Белогорье» 35 кВ әуе желісінің құрылысы аяқталды;
- Успен және Павлодар аудандарында «Ольгино – Тимирязево» 35 кВ әуе желісінің құрылысына арналған ЖСҚ-ға сараптама жүргізілді;
- 110/10 кВ «Северная – Городская» қосалқы станциясының, екі тізбекті 110 кВ әуе желісі «ҚС Промышленная – ҚС Северная – Городская» құрылысы және 220/110 кВ «Промышленная» қосалқы станциясында екі 110 кВ ұяшықты монтаждау жұмыстары орындалды. Сонымен қатар, 10 кВ кабель желісінің құрылысы – 12,53 км және 110 кВ әуе желісінің құрылысы – 11,61 км, оның ішінде кабельдік учаске – 5,47 км жүзеге асырылды;
- «ПЭТК» АҚ нысандарында өрт және қауіпсіздік дабыл жүйесі орнатылды – Железин ауданында және Ақсу қаласында 2 нысанға;
- 10-220 кВ қосалқы станцияларында 1198 дана ЭЕАЖ техникалық есепке алу аспаптары орнатылды;
- 71 ғимарат пен құрылыс нысандарына қайта құру жұмыстары жүргізілді;
- Технологиялық жабдық, арнайы техникалар мен басқа да негізгі құралдар (кеңсе техникасы, жиһаз) бойынша – барлығы 156 дана жеткізілді, оның ішінде квадрокоптер, рефлектометр, компьютерлер мен принтерлер, генераторлар, кондиционерлер, мегаомметрлер, арнайы киімге арналған шкафтар;
- Баянауыл ауданы Жаңатілек ауылында №21 Ф-10 тіреуінен 35/10 кВ «Жаңатілек» қосалқы станциясынан 10 кВ әуе желісінің учаскесі, қуаты 160 кВА болатын 10/0,4 кВ КТП орнатылып, 0,4 кВ әуе желісі салынды, жалпы ұзындығы – 0,683 км;
- Павлодар ауданы Бірлік ауылында №П-18-70 Ф-19 тіреуінен 110/10 кВ «Заря» қосалқы станциясынан 10 кВ әуе желісінің учаскесі, қуаты 100 кВА болатын 10/0,4 кВ КТП орнатылып, ұзындығы 0,555 км болатын желі салынды;
- Павлодар қаласында 10 кВ кабель желісі – 13,006 км, 0,4 кВ кабель желісі – 1,058 км салынды, 10/0,4 кВ күштік трансформаторларын ауыстырумен бірге трансформаторлық қосалқы станцияларға күрделі жөндеу жүргізілді – 24 дана, құрастырмалы блок-модульдік қосалқы станциялар орнатылды – 2 дана (№116 және №73);
- Павлодар облысында 0,4 кВ әуе желілерін қайта құру/салу жұмыстары – 27,705 км, оның ішінде: Ақтоғай ауданында – 1,437 км, Ақсу ауданында – 2,63 км, Баянауыл ауданында – 2,395 км, Ертіс ауданында – 1,8 км, Май ауданында – 1,88 км, Железин ауданында – 1,291 км, Павлодар ауданында – 4,61 км, Успен ауданында – 0,697 км, Шарбақты ауданында – 2,299 км, Аққулы ауданында – 1,491 км, Тереңкөл ауданында – 3,774 км, Павлодар қаласы, Атамекен ауылында – 3,401 км;
- 10/0,4 кВ БТП-ларға жабдықтар мен күштік трансформаторларды ауыстыру арқылы күрделі жөндеу жүргізілді – 68 дана, оның ішінде: Ақтоғай ауданында – 8 дана, Ақсу ауданында – 2 дана, Баянауыл ауданында – 7 дана, Железин ауданында – 6 дана, Май ауданында – 7 дана, Павлодар ауданында – 5 дана, Успен ауданында – 6 дана, Шарбақты ауданында – 6 дана, Ертіс ауданында – 7 дана, Тереңкөл ауданында – 5 дана, Аққулы ауданында – 5 дана, Павлодар қаласы, Атамекен ауылында – 4 дана;
- Шарбақты ауданы, Маралды ауылында 1 кешенді антенна-мачта құрылғысы орнатылды;
- Павлодар қаласындағы 110/10 кВ «Оң жағалау» қосалқы станциясында 1 дана 110 кВ трансформаторға күрделі жөндеу жүргізілді.

### «СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭТК» АҚ

- 110/35/10 кВ «Бескөл» қосалқы станциясынан №21 тіреу арқылы 10 кВ №7 кабель желісінің құрылысы орындалды, ұзындығы – 5,6 км;
- «Сибирь – Ульяновская» 110 кВ әуе желісін қайта құру (қалпына келтіру) жұмыстары орындалды, ұзындығы – 8,0 км;



- «Сібір – Новомихайловка» 110 кВ әуе желісін қайта құру (қалпына келтіру) – 6,6 км;
- «2-ПЖЭО – Қала III, IV тізбек» 110 кВ әуе желісінің №64-тен №65 тіреу аралығындағы бөлігін қайта құру (қалпына келтіру) – 1,0 км;
- «Покровка – Амангелді» 35 кВ әуе желісін қайта құру (қалпына келтіру) – 7,7 км;
- «Бескөл – Новокаменка» 35 кВ әуе желісін қайта құру (қалпына келтіру) – 5,92 км;
- «Новокаменка – Боголюбово» 35 кВ әуе желісін қайта құру (қалпына келтіру) – 1,06 км;
- 10 кВ №5 әуе желісін «Новоникольск – Новоалександровка» бағыты бойынша қайта құру (қалпына келтіру) – 2,1 км;
- 10 кВ №8 әуе желісін «Боголюбово – Поселок» бағыты бойынша қайта құру (қалпына келтіру) – 0,33 км;
- 110/35/10 кВ «Бескөл» қосалқы станциясынан 10 кВ №7 әуе желісін қайта құру (қалпына келтіру) – 1,36 км;
- 10 кВ №6 әуе желісін «Соколовка – Ташкентка» бағыты бойынша қайта құру (қалпына келтіру) – 2,2 км;
- Облыс аумағындағы қосалқы станцияларда 35/110 кВ ашық тарату құрылғыларының (АТҚ) блоктары ауыстырылды;
- «Тимирязево – Благовещенка» 110 кВ әуе желісінде найзағайдан қорғау тросы ауыстырылды;
- «Николаевка – Троицкая» 110 кВ әуе желісін батпақты жерден шығару бойынша қайта құру жүргізілді – 3 км;
- «Троицкая – Қызыләскер» бағытындағы 110 кВ және 35 кВ әуе желілерін батпақты жерден шығару бойынша қайта құру – 19 км;
- «Опытная – Рублевка» 35 кВ әуе желісін батпақты аумақтан шығару бойынша қайта құру – 13,4 км.



## «Ақмола ЭҮК» АҚ

- 35/10 кВ «Максимовка» қосалқы станциясында 10 кВ кернеу трансформаторлары (2 дана), 35 кВ майлы ажыратқыштар (4 дана) ауыстырылды; 10 кВ вакуумдық реклоузерлер негізінде 2 секциялы ашық тарату құрылғысы орнатылды;
- 35/10 кВ «Элеватор» қосалқы станциясында күштік трансформатор (1 дана), 35 кВ майлы ажыратқыштар (3 дана), ТСН-10 кВ (2 дана) ауыстырылды; 10 кВ жинақты тарату құрылғысы – 1 жиынтық және жедел токты басқару шкафы орнатылды;
- 35/10 кВ «Заречная» қосалқы станциясында 10 кВ кернеу трансформаторлары (2 дана) ауыстырылды;
- 35/10 кВ «Қыйма» қосалқы станциясында 10 кВ кернеу трансформаторлары (2 дана) ауыстырылды;
- 110/35/10 кВ «Державинская» қосалқы станциясында 110 кВ күштік трансформатордағы енгізулер (3 дана), 110 кВ кернеу трансформаторлары (6 дана), 35 кВ кернеу трансформаторлары (6 дана), 35 кВ тоқ трансформаторлары (4 дана) ауыстырылды;
- 110/35/10 кВ «Новоалександровка» қосалқы станциясында 35 кВ майлы ажыратқыштар (5 дана), 35 кВ кернеу трансформаторлары (6 дана) ауыстырылды;
- • 110/10 кВ «Канкрынка» қосалқы станциясында 10 кВ кернеу трансформаторлары (2 дана) ауыстырылды;
- • 110/35/10 кВ «Карамышевка» қосалқы станциясында 35 кВ тоқ трансформаторлары (4 дана), 35 кВ кернеу трансформаторлары (6 дана), 10 кВ кернеу трансформаторлары (2 дана) ауыстырылды;
- • 220/110/35/10 кВ «Целинная» қосалқы станциясында 110 кВ тоқ трансформаторлары (6 дана), 35 кВ тоқ трансформаторлары (4 дана), 10 кВ кернеу трансформаторлары (2 дана) ауыстырылды;
- 110/35/10 кВ «Шортанды» қосалқы станциясында ВТБ-110 кВ элегаз ажыратқышы (1 дана) орнатылды;
- 110/35/10 кВ «Балкашино» қосалқы станциясында күштік трансформаторлар (2 дана) орнатылды;
- 110/35/10 кВ «Қорғалжын» қосалқы станциясында ВТБ-110 кВ элегаз ажыратқышы (1 дана) орнатылды;
- 110/35/10 кВ «Пятигорская» қосалқы станциясында ВТБ-110 кВ элегаз ажыратқыштары (4 дана), 110/35/10 кВ үш орамды күштік трансформаторды қорғау шкафы (2 дана), 110 кВ желіні қорғау шкафы (2 дана) орнатылды;
- 110/35/10 кВ «Торғай» қосалқы станциясында ВТБ-110 кВ элегаз ажыратқыштары (2 дана) орнатылды;
- 35 кВ «Сабынды – М. Маметова» әуе желісінің құрылысы аяқталды – 29,8 км;
- 35 кВ «Шалқар – М. Мәметова» әуе желісінің құрылысы аяқталды – 12,2 км;
- 110 кВ «Қорғалжын – Краснознаменка» әуе желісіне қайта құру жұмыстары жүргізілді – 81,6 км.



## Жылу желілерін қайта құру

2024 жылы ұзындығы 1,993 км болатын алдын ала оқшауланған құбырларды пайдалана отырып, жылу құбырларын салу және қайта құру жүргізілді:

Павлодар қаласы – 1,008 км,
Петропавл қаласы – 0,985 км.

2024 жылы бекітілген инвестициялық бағдарлама аясында «Павлодар жылу желілері» ЖШС келесі шараларды жүзеге асырды:

- «Лесозавод» тұрғын алабына арналған ОТП құрылғыларымен НС-3 сорғы станциясын қайта құру;
- НО-52-НП-6 учаскесінде жылу магистралі ТМ-20-ның өткізу қабілетін (Ду 1000 дейін) арттыру бойынша қайта құру, ұзындығы 0,280 км;
- ТК-134-тен ТК 134/8-ге дейінгі жылу желісін қайта құру, ұзындығы 0,728 км;
- ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге арнайы техникаларды сатып алу.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде 2024 жылы келесі жұмыстар атқарылды:

- Сәтпаев көшесі бойымен ТК-6-19-дан ТК-3-15в-ге дейінгі ТМ№3 Ду-500мм құбырын қайта құру – 0,3 км;
- НС-1 ғимаратының элементтері мен құрылыстарын күрделі жөндеу – 1 бірлік;
- Ружейников көшесі бойымен УН-6-10-дан ТК-6-14-ке дейінгі ТМ№6 Ду400-ден Ду500мм дейінгі құбырларды қайа құру – 0,685 км;
- НС-1 ғимаратының желілік сорғыларының іргетастарын және желілік сорғыларды қосу схемаларын күрделі жөндеу.





# ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

«ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында өндірістік, есептік және қосалқы ақпараттық жүйелерді жаңғырту және автоматтандыру жүргізіледі. Барлық жобалар еңбек өнімділігін, қызмет ашықтығын және экономикалық тиімділікті арттыруға бағытталған.

Осылайша, Корпорацияның жылу беруші кәсіпорындарында жылу шығынын реттеушілер, өнеркәсіптік контролерлер және механизмдер байланысына арналған модемдер мен диспетчерлік қызметтің бақылау-өлшеу құралдары орнатылуда. Жылу пункттерінің барлық қондырғылары бірыңғай желіге қосылады, бұл диспетчерлердің гидравликалық және температуралық режимді жедел бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апаттық жағдайлар кезінде жылдам әрекет етуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Корпорация жылу энергиясы шығындарының көзін анықтау үшін жетекші технологияларды: магистральды құбыр өткізгіштерін бақылау және диагностикалауға арналған тепловизиялық құралдар және ультрадыбыстық дефектоскоптарды қолданады.

## Процестерді автоматтандыру бойынша 2024 жылғы жұмыс нәтижелері

2024 жылы компания өндірістік, есептік және сервистік IT-жүйелерін кезең-кезеңімен жаңғыртып, өнімділікті арттыруға, процестердің ашықтығын және экономикалық тиімділікті барынша қамтамасыз етуге күш жұмсады.

| Жоба | Орындалған жұмыс | Күтілетін әсер |
|---|---|---|
| **Мобильді қосымша және өтінімдерді басқару жүйесі (МҚжӨБЖ)** | 1. «СҚ ЭТК» АҚ және «ПЭТК» АҚ-нда енгізілді.<br>2. Коммерциялық және техникалық есептеу құралдарының көрсеткіштерін жинау процесі автоматтандырылды, деректер Billing, Vesta биллинг жүйелеріне және «ТехЕсеп» қосалқы жүйесіне интеграцияланды.<br>3. Көрсеткіштер, өтінімдер, тексерістер және персонал тиімділігі бойынша есептер жасақталды. | Есептің дәлдігін арттыру, деректерді өңдеу уақытын қысқарту, адам факторының ықпалын азайту. |

| Жоба | Орындалған жұмыс | Күтілетін әсер |
|---|---|---|
| **Корпоративтік биллинг жүйесі** | 1. Kaspi Bank (ЖК) және Halyk Bank (жеке тұлғалар) онлайн төлемдерін интеграциялау.<br>2. Ұялы оператор арқылы автоматты түрде SMS-хабарлама жіберу (қарыз туралы).<br>3. Есептеу алгоритмдерін жаңарту (ЫЖС, жылу, тарифтік дифференциация).<br>4. Есептілік пен басып шығару формаларын оңтайландыру, келісімшарттарды автоматтандыру және күмәнді қарыздарды қайтару. | Төлемдердің жылдамдығын арттыру, клиенттерге қызмет көрсетуді жақсарту, заңнама талаптарына сәйкестік, жүйенің өнімділігін арттыру. |
| **«ТЕЗИС» құжаттар мен міндеттерді басқару жүйесі** | 1. Жүйенің өзекті нұсқасына өту.<br>2. Кадрлық рәсімдерді автоматтандыру және жақсарту.<br>3. Ақпараттық қауіпсіздік процестерін жаңарту және дамыту.<br>4. Мобильді қосымшаны енгізуге дайындық шаралары.<br>5. Өнімділік және әкімшілендіру бойынша шаралар жүргізілді. | Қағаз құжат айналымын қысқарту, операциялық тәуекелдерді азайту, қолжетімділікті бақылауды арттыру. |
| **Өзге бастамалар** | 1. Datamart витринасын оңтайландыру: оның жұмысын жеделдету, деректерді өңдеудің сенімділігін арттыру және басқа ақпараттық жүйелермен интеграцияны жақсарту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді.<br>2. 1С платформасын жаңарту: «1С-Биллинг» блогының барлық конфигурациялары өзекті нұсқасына ауыстырылды, бұл бизнес-процестерді модернизациялауды, өнімділікті арттыруды және басқа корпоративтік жүйелермен тығыз интеграцияны қамтамасыз етті. | Деректерді өңдеуді жеделдету, интеграциялар үшін бірыңғай өзекті технологиялық ядро. |

## Процестерді автоматтандыру бойынша 2025 жылға жоспарлар

| Бағыт | Негізгі шаралар |
|---|---|
| «ТЕЗИС» құжаттар мен міндеттерді басқару жүйесі | • Мобильді құрылғыларға шығару;<br>• Негізгі бизнес-процестерге электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) интеграциялау;<br>• «1С УПП»-мен интеграцияны кеңейту – кадрлық рәсімдік құжаттарға автоматтандырылған ЭЦҚ енгізу;<br>• Ақпараттық қауіпсіздік процестерін әрі қарай автоматтандыру: икемді бағыттау және қолжетімділік өтініштерін жедел өңдеу. |
| Биллинг | • Еншілес кәсіпорындарда корпоративтік биллинг жүйесін енгізуге баға беру және дайындық жұмыстарын жүргізу;<br>• «1С-Биллинг» жүйесінің функцияларын энергияны сату компаниясынан энергия тасымалдау компаниясына негізгі модульдерді жетілдірумен бірге беру. |



### Күтілетін нәтиже:

1. Есеп пен есептеулердің дәлдігін арттыру – шығындарды азайту, табысты өсіру.
2. Құжат айналымын жеделдету – корпоративтік шешімдерді келісу уақытын қысқарту.
3. Онлайн төлемдер және автоматты хабарламалар арқылы клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсарту.
4. Кеңейтілген құқықтарды бақылау және ЭЦҚ арқылы ақпараттық қауіпсіздікті күшейту.

Ағымдағы нәтижелер компанияның цифрлық трансформациясындағы ілгерілеуді көрсетеді. 2025 жылға арналған жоспарларды іске асыру қол жеткізілген әсерді нығайтып, тиімділік пен қызмет сапасының одан әрі өсуіне негіз қалайды.



# ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

«ОАЭК» АҚ құрамына Қазақстанның Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ақмола өңірлеріндегі төрт энергиямен қамтушы ұйым (бұдан әрі – ЭҚҰ) кіреді.

ЭҚҰ-ның негізгі қызмет бағыттары – тұтынушылардың қажеттіліктеріне сай көлемде сенімді және үздіксіз энергия ресурстарын жеткізу, сондай-ақ тұтынушылармен электр және жылу энергиясы үшін өзара есеп айырысуларды дұрыс және уақытында жүргізу.

«ОАЭК» АҚ-ның еншілес ұйымдары болып табылатын барлық энергия жеткізуші ұйымдар электр энергиясының бөлшек нарығында кепілдендірілген жеткізушілер болып табылады.

Қабылданған анықтамаларға сәйкес, электр энергиясының кепілдендірілген жеткізушісі – бұл тұтынушының кінәсінен емес, өзге барлық энергиямен жабдықтаушы ұйымдар тарапынан электрмен қамту тоқтатылған жағдайда, тұтынушыларды энергиямен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын энергиямен қамтушы ұйым болып табылады.

Кепілдендірілген жеткізуші, жауапкершілік аймағына сәйкес, өзге энергиямен қамтушы ұйымдарға қарағанда құрамында тұрмыстық тұтынушылардың саны басым энергиямен қамтушы ұйымдардың ішінен анықталады.

## 2024 жылы ЭҚҰ электр және жылу энергиясын сатуына талдау

2023 жылмен салыстырғанда, 2024 жылы электр энергиясын сату көлемі 19%-ға, ал жылу энергиясын сату көлемі 11%-ға артты.

| ЭҚҰ көрсеткіштері | Көлемі | Сомасы |
|---|---|---|
| Электр энергиясын сату: | мың кВт·с | ҚҚС қосқанда мың тг |
| | **3 586 002** | **110 366 683** |
| Заңды тұлғалар | 2 204 403 | 80 231 761 |
| Жеке тұлғалар | 1 381 599 | 30 134 923 |
| **«Павлодарэнерго-сбыт» ЖШС** | **1 502 145** | **46 001 288** |
| Заңды тұлғалар | 887 216 | 33 485 225 |
| Жеке тұлғалар | 614 929 | 12 516 064 |
| **«Севказэнерго-сбыт» ЖШС** | **1 148 823** | **30 927 895** |
| Заңды тұлғалар | 816 261 | 24 717 136 |
| Жеке тұлғалар | 332 562 | 6 210 759 |
| **«АЭУК-Энерго-сбыт» ЖШС** | **935 034** | **33 437 500** |
| Заңды тұлғалар | 500 926 | 22 029 400 |
| Жеке тұлғалар | 434 108 | 11 408 100 |





| ЭҚҰ көрсеткіштері | Көлемі | Сомасы |
|---|---|---|
| Жылу энергиясын сату: | мың Гкал | ҚҚС қосқанда мың тг |
| | **4 091** | **30 749 077** |
| Заңды тұлғалар | 1 645 | 19 550 481 |
| Жеке тұлғалар | 2 447 | 11 198 596 |
| **«Павлодарэнерго-сбыт» ЖШС-** | **2 705** | **18 630 011** |
| Заңды тұлғалар | 1 126 | 11 665 591 |
| Жеке тұлғалар | 1 579 | 6 964 420 |
| **«Севказэнерго-сбыт» ЖШС** | **1 386** | **12 119 066** |
| Заңды тұлғалар | 519 | 7 884 890 |
| Жеке тұлғалар | 868 | 4 234 176 |

2024 жылғы ЭҚҰ сату көлемі (ҚҚС қоса алғанда мың теңге)






## ЭҚҰ өңірлері бойынша тұтынушылар саны

2024 жылы ЭҚҰ тұтынушыларының саны 2023 жылмен салыстырғанда электр энергиясы бойынша 2,9%-ға, ал жылу энергиясы бойынша 1,4%-ға өсті.

| Өңір | 01.01.2025 жылғы жағдай бойынша тұтынушылар саны | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Электр энергиясы | | | Жылу энергиясы | | |
| | тұрмыстық тұтынушылар | тұрмыстық емес тұтынушылар | бәрі | тұрмыстық тұтынушылар | тұрмыстық емес тұтынушылар | бәрі |
| Павлодар облысы | 225 533 | 9 234 | 234 767 | 122 858 | 3 228 | 126 086 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 158 553 | 6 729 | 165 282 | 76 792 | 2 556 | 79 348 |
| Ақмола облысы | 134 729 | 7 017 | 141 746 | - | - | - |
| **Барлығы** | **518 815** | **22 980** | **541 795** | **199 650** | **5 784** | **205 434** |

01.01.2025 жылғы жағдай бойынша тұтынушылар саны






## Тұрғындардың тұтыну көлемі жалпы тұтыну құрылымы көлемінің 50 пайызынан аспайды.

2024 жылдың басынан бастап электр энергиясымен қамту бойынша орташа босату тарифі 15%-ға, ал жылу энергиясымен жабдықтау бойынша орташа босату тарифі 5%-ға өсті.

| ЭҚҰ атауы | Электр энергиясымен қамту бойынша орташа босату тарифі, ҚҚС-сыз теңге/кВт·с | | | Жылу энергиясымен қамту бойынша орташа босату тарифі, ҚҚС-сыз теңге/Гкал | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша | 31.12.2024 жылғы жағдай бойынша | Өсім | 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша | 31.12.2024 жылғы жағдай бойынша | Өсім |
| «Павлодарэнергосбыт» ЖШС | 23,10 | 29,04 | 26% | 6 051,87 | 6 268,83 | 4% |
| «Севказэнергосбыт» ЖШС | 21,13 | 24,57 | 16% | 7 393,19 | 7 821,51 | 6% |
| «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС | 29,952 | 31,141 | 4% | - | - | - |



## Тұтынушыларға қызмет көрсету жұмысын ұйымдастыру

2024 жылы «ОАЭК» АҚ қызмет ететін өңірлердегі барлық ЭҚҰ бойынша электр энергиясын сату көлемінің айтарлықтай өскені тіркелді. Бұл өсім 2024 жылдың 1 сәуірінен бастап тұтынушылардың реттелмейтін энергиямен қамтушы ұйымдардан жаппай басқаларға ауысуымен байланысты болды.

### «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС 2024 жылы жүзеге асырған жобалар

2020 жылғы қыркүйек айынан бастап «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС электр энергиясын тұтынушылармен акцепт туралы мәлімдемелерге қол қою жұмысын жүргізіп келеді. 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша акцепт туралы мәлімдемеге қол қойған тұтынушылар саны 13 386 бірлікті (11%) құрады, оның ішінде заңды тұлғалар – 1 835 бірлік (32,7%), жеке тұлғалар – 11 551 бірлік (9,7%). 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша акцептке қол қойған тұтынушылардың жалпы саны 130 975-ті (92,4%) құрады, оның ішінде заңды тұлғалар – 6 815 (97%), жеке тұлғалар – 124 160 (92,1%). Бұл шара төлем құжаттары мен хабарламаларды SMS-хабарламалар арқылы жіберу көлемін арттыруға мүмкіндік берді.

Тұтынушының жеке кабинетін пайдаланудың қауіпсіздігін арттыру мақсатында қазіргі уақытта PHP 8.3.4 тұрақты нұсқасы қолданылуда.

### «Павлодарэнергосбыт» ЖШС 2024 жылы жүзеге асырған жобалар

2023 жылғы қазан айында «Павлодарэнергосбыт» ЖШС-нде WhatsApp және Telegram мессенджерлері базасында көрсеткіштерді автоматты түрде қабылдайтын чат-бот қызметі енгізілді. Роботтандырылған чат жүйесі барлық кіріс хабарламаларды қамтуға мүмкіндік беріп, осы процеске тартылған байланыс орталығының қызметкерлерін клиенттермен телефония арқылы жұмыс істеуге ауыстыруға мүмкіндік берді. Бұл тұтынушылар кезегін және күту уақытын едәуір қысқартты. 2024 жылы қабылданған көрсеткіштер санының өсу динамикасы чат-жүйенің тұтынушылар арасында оң қабылданғанын және күтілген нәтижеге қол жеткізілгенін көрсетті.

2024 жылғы желтоқсанда тұтынушыларға тұтынған энергиясы үшін берешегі бары туралы хабарлау мақсатында «1С Биллинг» бағдарламалық жасақтамасын ұялы байланыс операторымен интеграциялау арқылы «SMS-хабарлама жіберу» функциясы іске асырылды. Электрмен жабдықтау функциялары 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап «ПЭТК» АҚ-на берілуіне байланысты, бұл жоба 2025 жылы «ПЭТК» АҚ-нда өндірістік пайдалануға енгізіледі.

## «Севказэнергосбыт» ЖШС 2024 жылы жүзеге асырған жобалар

2013 жылы құрылған Байланыс орталығы көпарналы телефон желісі арқылы қоңырауларды автоматты режимде де, оператор арқылы да жедел түрде қабылдауға мүмкіндік береді. 2024 жылы жұмыс күндері орта есеппен 1 295 қоңырау қабылданды, ал ең жоғары көрсеткіш – тәулігіне 2 051 қоңырауға дейін жетті.

2024 жылғы қаңтардан желтоқсанға дейінгі аралықта «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ сайтындағы «Жеке кабинет» қызметін 1 541 тұрмыстық және 232 тұрмыстық емес тұтынушы пайдаланған.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ресми сайтында жұмыс істейтін «Кері байланыс» қызметі арқылы 2024 жылы тұтынушылардан 1 047 өтініш келіп түсті. Бұл қызмет тұтынушыларға өз сұранысын қашықтан жолдауға мүмкіндік береді, осылайша қызмет көрсету орталықтарына барудың қажеттілігі жойылады.

Барлық ЭҚҰ-нда тұрмыстық тұтынушыларға арналған, биллинг жүйелерімен интеграцияланған «Тұтынушының жеке кабинеті» сервисі жұмыс істейді. Бұл сервис арқылы келесі функциялар қолжетімді:

- абонент картасын қарау (тұтынушы туралы ақпарат, есептеулер, көрсеткіштер, төлемдер);
- электр есептегіштері мен ыстық су есептегіштерінің көрсеткіштерін енгізу;
- шот-фактураны қарау және басып шығару;
- тариф калькуляторы;
- интернет-банкинг арқылы төлем жүргізу;
- хат алмасу (қызмет көрсетушімен сұрақ-жауап алмасуға арналған қосалқы жүйе).

Тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін қызметтерді Kaspi.kz және Homebank («Қазақстан Халық Банкі» АҚ) мобильді қосымшалары арқылы қашықтан төлеу мүмкіндігі ұсынылды. Сонымен қатар, төлемдер QIWI Қазақстан, Astana-Plat (kassa24) төлем жүйелері, екінші деңгейлі банктер, банкоматтар мен терминалдар арқылы да қабылданады.



## Дебиторлық қарызға талдау

ЭҚҰ қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі – тұтынушылармен жұмыс жүргізу аясындағы дебиторлық қарызды басқару. Бұл бағыт мерзімі өткен дебиторлық қарыз көлемін азайтуға бағытталған.

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы және мерзімі өткен дебиторлық қарыз көрсетілген.

| ЭҚҰ атауы | Жалпы ДҚ, млн теңге | Барлық кешіктірілген ДҚ, млн теңге | Кешіктірілген ДҚ үлесі, % |
|---|---|---|---|
| «Павлодарэнергосбыт» ЖШС | 8 062,9 | 639,1 | 8% |
| «Севказэнергосбыт» ЖШС | 5 482,3 | 564,3 | 10% |
| «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС | 3 548,6 | 121,6 | 3% |

01.01.2025 жылғы жағдай бойынша дебиторлық қарыз




## Дебиторлық қарызды басқару

Энергиямен қамтушы ұйымдарда дебиторлық қарызды басқару мәселесі өте өзекті болып табылады.

Тұтынушылардың қарызын азайту мақсатында тұрақты түрде жалпы дебиторлық қарызға талдау жүргізіліп, барлық тұтынушылар санаттары бойынша жалпы ақпарат жинақталады. Қалыптасқан жағдайдың себептері анықталады. Талдау барысында дебиторлық қарыз жалпы және мерзімі өткен деп бөлініп, оның түзілу кезеңдері бойынша сараланады.

Дебиторлық қарызды жан-жақты талдау және бақылау тұтынушылар санаты, өңірлер, қызмет түрлері және әрбір тұтынушы бойынша жүзеге асырылады.

Одан әрі нақты шаралар жоспары әзірленіп, оған жауапты тұлғалар, мерзімдер және күтілетін нәтижелер белгіленіп, бақылауға алынады.

Тұтынушылармен өзара қызмет SMS-хабарламалар арқылы ақпараттандыру, электрондық хаттар жіберу, ескертулер мен хабарламаларды қолма-қол беру және басқа да заңды тәсілдермен жүзеге асырылады.

Тұрмыстық тұтынушыларға мерзімі өткен қарыз туралы уақытылы ескерту мақсатында қолданыстағы автоматты қоңырау жүйесі қызмет көрсетілетін өңірлердің барлық елді мекендерін қамтып, байланыс қалааралық арнаға ауыстырылды. Сондай-ақ қарыз сомасын нақты хабарлау функциясы іске қосылды.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларға мерзімі өткен қарыз туралы автоматты түрде ескерту жіберу мүмкіндігі e-mail арқылы жүзеге асырылды.

Қарызы бар тұтынушылармен өзара қызметтің негізгі мақсаты – олардың туындаған міндеттемелерді өтеуге ынталандыруы болып табылады.

## 2025 жылға жоспарлар

2024 жылғы 8 шілдедегі №121-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттелетін қызметтер мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап ЭҚҰ-ның электрмен қамту функциялары энергия жеткізуші ұйымдарға өтеді.

2024 жылы қабылданған «Жылу энергетикасы туралы» Заңға сәйкес, жылумен жабдықтау функцияларын энергия жеткізуші ұйымдарға беру міндеті қарастырылған. Осыған орай ЭҚҰ топтары жылу жүйелері ұйымдарына аталмыш функцияларды беруді бірлесіп жүзеге асыруда. Бұл процес 2025 жылғы 31 маусымда аяқталады деп жоспарланған.

# САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ

**GRI 204-1**

**ТДМ**





2024 жылы «ОАЭК» АҚ-ның тауарлар мен қызметтерді сатып алу көлемі 75,5 млрд теңгені құрады. Сатып алулардың жергілікті деңгейі 99,9% болды.

**Тауарлы-материалдық құндылықтарды сатып алу көлемі – 18,9 млрд теңге.**

Есептік кезең қорытындысы бойынша келесі міндеттер орындалды:

- өткізілген сатып алуларға арналған есеп электрондық сауда алаңымен интеграцияланды. Есеп деректері нақты уақыт режимінде көрсетіледі (Microsoft Power BI);
- жылдық сатып алу жоспары 100% орындалды;
- 31.12.2024 жылғы жағдай бойынша жарияланған рәсімдер саны 5 489 болды;
- автоматтандыру деңгейі 90%-дан асты;
- сатып алудың цифрландыру деңгейі 90%-ды құрады.

Сонымен қатар, қоймалардағы қорларды және өтімділігі төмен заттарды азайту жұмыстары жүргізілуде. 2024 жылы «ОАЭК» компаниялар тобы бойынша өтімділігі төмен заттар 100,4 млн теңгеге сатылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен, Табиғи монополияларды реттеу комитетімен, «Атамекен» ҰКП-мен, «Қазақстан Электроэнергетика Қауымдастығы» ЗТБ-мен және басқа уәкілетті органдармен бірлесіп, табиғи монополиялар туралы Қазақстан Республикасының Заңын жетілдіруге және табиғи монополия субъектілерінің сатып алу қызметіне қатысты ережелерді жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды әзірлеу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізілуде.

# ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

**GRI 201-1**

**ТДМ**

## Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер

«ОАЭК» АҚ Тобының 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (ҚЕХС) сәйкес әзірленді. Қаржылық есептілік еншілес кәсіпорындардың сатып алынған уақытынан бергі қаржылық есептіліктерінен тұрады.

Топтың есеп саясаты барлық кәсіпорындар үшін бірдей және барлық деңгейдегі қаржылық деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді. Ұсынылған негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштер тек ағымдағы операциялық және қаржылық қызмет нәтижелерін ғана емес, сонымен қатар Топтың тұрақты дамуын айқындайтын стратегиялық мақсаттарды іске асырудағы ілгерілеуді де көрсетеді.

2022-2024 жылғы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

| КӨРСЕТКІШТЕР | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| Негізгі қызмет табыстары | 148 382 | 191 553 | 291 720 |
| Өзіндік құн | -120 782 | -159 228 | -224 795 |
| **Жалпы пайда** | **27 600** | **32 325** | **66 925** |
| **Операциялық қызметтен түскен пайда** | **15 153** | **17 310** | **50 264** |
| **Операциялық EBITDA** | **45 432** | **47 726** | **84 125** |
| Операциялық EBITDA, айырма, % | 31 % | 25% | 29% |
| Барлық жиынтық табыс/(шығыс) | -37 330 | 37 077 | -11 257 |
| Активтер | 475 229 | 504 926 | 486 794 |
| Міндеттемелер | 359 798 | 347 644 | 339 079 |
| Капитал | 115 431 | 157 282 | 147 715 |



## Өнім/қызмет өткізуден түскен табыс

2024 жыл қорытындысы бойынша Топтың негізгі қызметтен түсетін табысы 291 720 млн теңгені құрап, 2023 жыл нәтижелерімен салыстырғанда өсім 100 167 млн теңге (+52%) болды. Өсімге келесі бағыттар бойынша оң динамика әсер етті:

- электр энергиясын өткізуден түсетін табыс өсімі - **81 321 млн теңгеге**;
- электр энергиясын беруден түсетін табыс өсімі - **10 133 млн теңгеге;**
- жылу энергиясын беруден түсетін табыс өсімі - **5 252 млн теңгеге;**
- электр қуаты нарығынан түсетін табыстың өсімі - **3 191 млн теңгеге.**

### 2024 жылы кірістердің өсуіне әсер еткен негізгі факторлар мыналар болды:

- электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізу тарифтерінің артуы. Бұл өсімге энергетикалық жабдықтарды жаңарту мен қайта құруға бағытталған «Тарифті инвестицияға айырбастау» атты мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуы негізгі себеп болды;
- электр энергиясын өткізу көлемдерінің артуы, бұл ең алдымен келесі себептермен байланысты:

1. электр энергиясы көлемдері бойынша топішілік айналымдарды элиминациялаудың болмауы, бұл көтерме нарық тетігінің енгізілуімен және біртұтас сатып алушы институтының құрылуымен байланысты;
2. 2024 жылғы сәуірден бастап тұтынушылардың реттелмейтін ЭҚҰ-дан өткізуші компанияларға көшуіне байланысты, сату компаниялары тарапынан электр энергиясының тауарлық босату көлемінің артуы.



## Өткізілген өнім/қызметтің өзіндік құны

2024 жылдың қорытындысы бойынша сатылған электр және жылу энергиясының өзіндік құны **224 795 млн теңгені** құрап, 2023 жылмен салыстырғанда **65 567 млн теңгеге** немесе **41%-ға** артты.

### Өзіндік құнның өсуіне әсер еткен негізгі факторлар:

- отын мен тасымалдау бағасының өсуі;
- жөндеу жұмыстары көлемі мен құнының артуы;
- өндірістік персоналдың жалақысын индексациялау;
- электр энергиясын өткізуге байланысты қызметтер шығындарының өсуі;
- кейіннен өткізу немесе нормативтік шығындарды жабу мақсатында сатып алынған электр энергиясына жұмсалған шығындардың артуы, бұл келесі себептермен байланысты:

1. электр энергиясының нарықтық бағасының өсуі;
2. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап көтерме электр энергиясы нарығы тетігінің енгізілуіне байланысты топішілік айналымдардың элиминацияланбауы;
3. 2024 жылғы сәуірде тұтынушылардың реттелмейтін ЭҚҰ-дан сату компанияларына көшуі нәтижесінде электр энергиясының тауарлық босатылымының артуы.

## EBIDTA динамикасы

EBITDA операциялық көрсеткіші Топтың өндірістік қызметінің тиімділігін бағалауда негізгі индикатор ретінде таңдалды. Бұл көрсеткіш өндірістік процеске тікелей қатысы жоқ кірістер мен шығыстардың әсерін алып тастағандағы негізгі операциялық қызметтен түскен пайданы көрсетеді. Осылайша, EBITDA Топтың ішкі әлеуетін, бизнес-моделінің тұрақтылығын және операциялық кірістілігін салық саясатының, капитал құрылымының немесе амортизациялық шығындардың әсеріне тәуелсіз объективті бағалауға мүмкіндік береді.

## Бір жылғы операциялық EBITDA

Бір жылғы операциялық EBITDA, млн теңге




2024 жылдың қорытындысы бойынша Топтың EBITDA операциялық көрсеткіші **84 125 млн теңгені** құрап, 2023 жылмен салыстырғанда **36 399 млн теңгеге** немесе **76%-ға** артты.



## Сегменттер бойынша операциялық EBIDTA

Операциялық EBITDA қалыптастыру бойынша жетекші сегменттер:

### 1. Электр және жылу энергиясын өндіру

EBITDA **73 061 млн теңгені** құрап, **30 427 млн теңгеге** артты. Өсімнің негізгі себебі – электр және жылу энергиясын өндіру тарифтерінің көтерілуі, соның ішінде «Тарифті инвестицияға айырбастау» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында. Сонымен қатар, көрсеткішке электр қуаты нарығына қатысудан түскен табыстың артуы әсер етті, бұл электр қуатын өткізу тарифінің көтерілуімен байланысты.

### 2. Электр энергиясын беру және тарату

EBITDA **13 795 млн теңгені** құрап, **5 558 млн теңгеге** өсті. Бұл өсім де «Тарифті инвестицияға айырбастау» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы тарифтердің өсуімен байланысты. EBITDA-ның қосымша өсімі инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру көзіне айналды.

### 3. Электр және жылу энергиясын өткізу

EBITDA **2 148 млн теңгені** құрап, **5 376 млн теңгеге** артты, бұл келесі факторлармен түсіндіріледі:

- Электр және жылу энергиясын өткізу тарифтерінің өсуі, соның ішінде өткен кезеңдерде болған залалдарды өтеу есебінен өсуі;
- 2024 жылғы сәуірден бастап тұтынушылардың реттелмейтін ЭҚҰ-дан көшуіне байланысты электр энергиясын өткізу көлемінің **614,3 млн кВт·с-қа** артуы.





Қызмет сегменттері бойынша EBITDA, млн теңге

| Көрсеткіш | ЭЭ және ЖЭ өндіру | ЭЭ беру және тарату | ЖЭ беру және тарату | ЭЭ және ЖЭ өткізу | Басқалар | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Негізгі қызмет табыстары | 154 825 | 53 664 | 13 394 | 128 456 | 376 | 291 720 |
| Өзіндік құн | -101 336 | -41 939 | -11 609 | -122 011 | -512 | -224 795 |
| **Жалпы пайда** | **53 489** | **11 725** | **1 785** | **6 445** | **-135** | **66 925** |
| Кезең шығындары | -7 476 | -3 346 | -736 | -4 433 | -870 | -16 661 |
| **Операциялық қызметтен түсетін пайда** | **46 013** | **8 379** | **1 049** | **2 012** | **-1 005** | **50 264** |
| Амортизация | 27 048 | 5 416 | 1 069 | 136 | 187 | 33 861 |
| **Сегменттер бойынша операциялық EBITDA** | **73 061** | **13 795** | **2 118** | **2 148** | **-818** | **84 125** |

**Ескерту:** топішілік айналымдардың элиминациясы кестеде көрсетілмеген

## Жиынтық табыс/(шығыс) динамикасы

2024 жылы Топтың **операциялық қызметтен түскен пайдасы 50 264 млн теңгені** құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда **32 954 млн теңгеге** артық. Бұл оң динамиканың негізгі факторы – тарифтік және нарықтық өзгерістер жағдайында операциялық модельдің тиімділігін көрсететін **34 600 млн теңгеге ұлғайған жалпы пайданың артуы** болды.

Алайда, аудиторлық тексерудің нәтижелері бойынша, **жылдың қорытындысында Топтың жиынтық шығыны 11 257 млн теңгені** құрады. Бұл әртүрлі бағыттағы бірқатар факторлардың әсерінен орын алды, атап айтқанда:

- Операциялық қызметтен түскен пайданың 32 954 млн теңгеге өсуі;
- Валюта бағамының айырмасынан (нетто) түскен табыстың 23 283 млн теңгеге азаюы;
- Қаржылық шығыстардың (нетто) 8 532 млн теңгеге артуы;
- Басқа табыстардың (нетто) 9 716 млн теңгеге өсуі;
- Негізгі құралдарды қайта бағалау және құнсыздандырудан болған теріс әсер – 61 045 млн теңге.

Осылайша, жиынтық шығынның болуына қарамастан, операциялық қызметтен түскен пайданы арттыру – Топтың операциялық тиімділігінің артып келе жатқанын, шығындар мен активтерді теңгерімді басқару жолға қойылғанын көрсетеді.

## Активтер, міндеттемелер және капитал

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың **баланс валютасы 486 794 млн теңгені** құрады, бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **18 132 млн теңгеге** немесе **4%-ға** аз. Активтердің құрылымы ағымдағы және ұзақ мерзімді құрамдастардан тұрады. Ең үлкен үлесті **ұзақ мерзімді активтер** алып отыр, олардың негізгі бөлігін **негізгі жабдықтар** құрайды. Есепті күндегі олардың баланстық құны **431 822 млн теңгені** құрайды, бұл **активтердің жалпы құнының 89%-ына** сәйкес келеді. 2024 жылы негізгі құралдарға салынған күрделі инвестициялар көлемі (ҚҚС-сыз) **43 969 млн теңгені** құрады, бұл Топтың инвестициялық жобаларын іске асыруды жалғастырып жатқанын көрсетеді.

Активтер, млрд теңге





Топтың **жарияланған жарғылық капиталы** – **50 млн қарапайым акциядан** тұрады. 2024 жылғы 31 желтоқсанда толығымен төленген қарапайым акциялардың құны **46 043 млн теңгені** құрады.

**Міндеттемелер құрылымы** ұзақ мерзімді және ағымдағы қарыз міндеттемелерінен тұрады, олар мынандай қаржы институттары алдында қалыптасты: ВТБ Банкі (АҚ), ВТБ Банкі АҚ-ның еншілес ұйымы (Қазақстан), Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ), Таза технологиялар қоры, Қазақстан Халық Банкі АҚ. Тартылған қарыз қаражаттары **инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға** бағытталды, оның ішінде Топтың өндірістік нысандарын реконструкциялау және жаңғырту, басқа **компаниялардағы үлес алу**, сондай-ақ **айналым капиталының толтырылуы** кірді.

Қаржыландыру құрылымы, млрд теңге




**Ағымдағы міндеттемелер, млрд теңге** **Ұзақмерзімді міндеттемелер, млрд теңге** **Капитал, млрд теңге**

## Ақша қаражатының қозғалысы

2024 жылғы қорытынды бойынша **операциялық қызметтен таза ақша қаражаттарының ағыны 47 285 млн теңгені** құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен **24 022 млн теңгеге** немесе **103%-ға** артық. Өсуінің негізгі факторы — тарифтердің, соның ішінде «Инвестицияға тариф» бағдарламасы аясындағы электр және жылу энергиясына тарифтердің өсуінен туындаған кірістің елеулі артуы болды. Операциялық қызметтен таза ақша ағынының бұл өсуі несие және инвестициялық міндеттемелердің толық орындалуын қамтамасыз етеді.

**Инвестициялық қызметтен таза ақша қаражаттарының ағымы 31 337 млн теңгені** құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда **12 616 млн теңгеге** немесе **67%-ға** артық. Ағыстың ұлғаюы өндірістік қуаттарды жаңғырту және модернизациялау үшін **инвестициялық міндеттемелердің орындалуының ұлғаюымен** байланысты.

**Қаржылық қызмет бағытында таза ақша қаражаттарының ағымы 9 016 млн теңге** мөлшерінде теріс болып, бұл 2023 жылмен салыстырғанда **5 478 млн теңгеге** немесе **155%-ға** артық. Бұл динамика міндеттемелерді өтеу және қаржыландыруды тарту кестесінің өзгеруінен туындайды.

Аталған өзгерістер аясында, 2024 жылдың соңында **қолдағы ақша қаражаттарының қалдығы 10 697 млн теңгені** құрады, бұл 2023 жылғы сәйкес көрсеткіштен **6 807 млн теңгеге** артық болып, **Топтың өтімділік жағдайының күшеюін көрсетеді.**



Ақша қаражаттарының қозғалысы, млн теңге




БОС УАҚЫТЫМДА
ҒАРЫШ ТУРАЛЫ
КІТАП ОҚЫП,
МУЗЫКА
ТЫҢДАҒАН ҰНАЙДЫ
МЕН ӘРДАЙЫМ ЖАҢА, ӘСІРЕСЕ
СТАНДАРТТАН ТЫС ЖӘНЕ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫ БАҒЫТТАР
БОЙЫНША
ЖАҢА БІЛІМ ЖИНАП,
ӨЗІМДІ
ДАМЫТАМЫН
ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР
ОСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



**КОМПАНИЯДАҒЫ ЕҢБЕК ЖОЛЫМДЫ БАСҚАРУ ПУЛЬТІНІҢ ОПЕРАТОРЫ БОЛЫП БАСТАДЫМ**

**ҚАЗІР МЕН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ ӨНДІРІСІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, СОНЫМЕН ҚАТАР ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫҢ ТИІМДІ ЖӘНЕ ҚАУІСІЗ ЖҰМЫСЫН ҚОЛДАУ БОЙЫНША ПРОЦЕСТЕРДІ БАҚЫЛАУ МЕН ҮЙЛЕСТІРУГЕ ЖАУАП БЕРЕМІН**

КОНСТАНТИН
**КОНЮШКОВ**

«Астана EXPO-2017» ЖЭС өндірістік дивизионының жел электр станциясының басшысы

# ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

**GRI 2-24 ТДМ**

## ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

Инвестициялық бағдарлама шеңберінде 2025 жылы өндірісті арттыруға, электр және жылу энергиясын беру кезінде шығындарды азайтуға және қызметтің экологиялық параметрлерін жақсартуға бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша бірқатар шараларды жалғастыру жоспарланып отыр.

### «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның 3-ЖЭО-нда келесі шаралар жоспарланған:

- жылу желісінің қосу сызбасын қайта құру;
- №6 ст. БКЗ-420-140 қазандық агрегатына АБЖ енгізу (ТП АБЖ);
- №6 ст. БКЗ-420-140 қазандық агрегатына күрделі жөндеу жүргізу, бұл негізгі құралдардың құнының ұлғаюына әкеледі;
- химиялық цехінің №2 тұндырғышын қайта құру;
- №2 ст. БКЗ-420-140 қазандық агрегатының ішкі буландыру текшелерін қайта құру;
- №4 ст. БКЗ-420-140 қазандық агрегатының ішкі буландыру текшелерін қайта құру;
- №6 ст. БКЗ-420-140 қазандық агрегатының ішкі буландыру текшелерін қайта құру.

### «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның 2-ЖЭО-нда келесі шаралар жоспарланған:

- күл үйінділерінің 3-кезегінің 2-іске қосу кешенінің құрылысы;
- №3 ст. БКЗ-160-100фм қазандық агрегатына күрделі жөндеу жүргізу, бұл негізгі құралдардың құнының ұлғаюына әкеледі;
- №1 ст. БКЗ-160-100 қазандық агрегатының ішкі буландыру текшелерін (ВЗП) қайта құру;
- №2 ст. БКЗ-160-100 қазандық агрегатының ішкі буландыру текшелерін қайта құру;
- №3 ст. БКЗ-160-100 қазандық агрегатының ішкі буландыру текшелерін қайта құру;
- 110 кВ АТҚ ЭБЖ-159 ұяшығын қайта құру.

### «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ сондай-ақ келесі шараларды жоспарлап отыр:

- АБЖ және IT жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешен орнату;
- IT негізгі құралдарын жаңарту және жаңғырту;
- Байланыстың талшықты-оптикалық желілерін тарту (5-кезең).



## 2025 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда келесі шараларды жүзеге асыру жоспарлануда:

- №3, 6, 11 қазандық агрегаттарына және №2, 7 турбоагрегаттарына күрделі жөндеу жүргізу;
- бу өндіру қуатын сағатына 240 тоннаға дейін арттыра отырып, №2 қазандық агрегатын қайта құруды жалғастыру;
- №1 турбоагрегатты қайта құру жобасын іске асыру;
- жаңа темірбетон түтін мұржасын пайдалануға енгізу;
- №6 бойлер қондырғысының екі негізгі бойлерін ауыстыру;
- ғимараттар мен құрылыстарға жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- 2026 жылы 9, 10, 11 секцияларды ауыстыру үшін 6 кВ КРУ жабдығын сатып алу;
- 2026-2027 жылдары ауыстыру үшін АТҚ-220 кВ ашық тарату құрылғысының жабдықтарын сатып алу;
- қоршаған ортаға шығарындыларды бақылаудың автоматтандырылған жүйесін орнату;
- 6/0,4 кВ жеке қажеттілікке арналған 5 трансформаторды ауыстыру;
- жүріс дөңгелектерін ауыстыра отырып, тиеу крандарын күрделі жөндеу;
- теміржол жолдарына күрделі жөндеу жүргізу;
- екінші СМ-170 балғалы ұсақтағышты және екі ДЗД-1000 диск-тіс ұсақтағышты ауыстыру;
- №4 айналмалы торды ауыстыру;
- жаңа тепловозды сатып алу.



## 2025 жылы алдын ала оқшауланған құбырларды қолдана отырып, жалпы ұзындығы 0,7 км магистральдық жылу құбырларын салу және қайта жаңарту жоспарлануда, оның ішінде:

### Павлодар қаласы – 0,2 км:

- ТМ-20 жылу магистралін өткізу қабілетін Ду 1000 дейін арттыра отырып, НО-52 – НП-6 учаскесінде қайта құру – 0,2 км;
- ОТП-69 орталық жылу пунктін қайта құру;
- Павлодар қаласындағы ОТП мен ПНС-тің электрмен жабдықтау жүйесін қайта құру;
- Ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған арнайы техниканы сатып алу (XCMG XMR 303 шағын жол таптағыш катогын сатып алу).

### Петропавл қаласы – 0,5 км:

- Ружейников көшесі бойымен УН-6-10-с–ТК-6-14-с учаскесінде 2Ду400–2Ду500мм №6 жылу магистралін қайта құру;
- Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және жұмыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізу:
- УН-9-01–ТК-9-08 учаскесіндегі 2Ду400мм №9 жылу магистралін қайта құру;
- ТП-3-12а–ТП-3-15с аралығында диаметрін 2Ду800–700мм дейін ұлғайта отырып, №3 жылу магистралін салу;
- ТК-8-09–УН-8-196 учаскесінде 2Ду600мм №8 жылу магистралін салу.

## 2025 жылы инвестициялық бағдарламалар аясында электр желілік тарату компаниялары бойынша келесі шаралар жоспарланған:

- 0,4-10 кВ электр желілерін салу, қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру – 163,9 км көлемінде, оның ішінде: «АЭҮК» АҚ – 100,6 км, «ПЭТК» АҚ – 63,4 км;
- 35-110 кВ әуе желілерін салу және қайта жаңарту – 263,5 км көлемінде, оның ішінде: «СҚ ЭТК» АҚ – 182,5 км, «АЭҮК» АҚ – 55,5 км, «ПЭТК» АҚ – 25,5 км;
- 35 кВ және одан жоғары 19 қосалқы станцияны қайта жаңарту, оның ішінде: «СҚ ЭТК» АҚ – 4 қосалқы станция, «АЭҮК» АҚ – 13 қосалқы станция, «ПЭТК» АҚ – 2 қосалқы станция.



# ДАМУ БОЙЫНША АЛДАҒЫ ҮШ ЖЫЛҒА (2026-2029) НЕГІЗДІ БОЛЖАМДАР

2026-2029 жылдары инвестициялық бағдарламалар аясында ЖЭО бойынша келесі негізгі шараларды орындау жоспарланып отыр:

## Павлодар 3-ЖЭО:

- №3 тұндырғышты қайта жаңарту;
- БКЗ-420-140 ст. №1-6 қазандық агрегаттарының эмульгаторларындағы құйындатқыштар мен тамшы ұстағыштарды қайта жаңарту;
- мазут шаруашылығын қайта жаңарту;
- №7 қазандық агрегатын салу;
- үшінші кезектегі күл үйіндісінің бірінші іске қосу кешенінің бөгетін көтеру;
- Павлодар қаласы солтүстік өнеркәсіптік аймағының тұтынушыларын тәуелсіз схема бойынша қайта қосу мақсатында, 3-ЖЭО тікелей тұтынушыларына ОТРП желілері жағынан «Северный» орталық жылу пунктін (ОТП) салу.



## Павлодар 2-ЖЭО:

- Ст. №1 турбоагрегатты ауыстыру;
- Ст. №2 турбоагрегатты ауыстыру;
- №2 түтін мұржасын магистральдық газөткізгіштерімен бірге салу;
- №1-5 қазандық агрегаттарынан №2 түтін мұржасына дейінгі қысымды газоходтарды қайта жаңарту;
- көмір түсіру кешенін қайта жаңарту;
- БКЗ-160-100 қазандық агрегаттары (№1-5) эмульгаторларындағы завихрительдер мен тамшы ұстағыштарды қайта жаңарту;
- ашық үлгідегі 110 кВ қосалқы станциясын (АТҚ) қайта жаңарту;
- күл үйіндісінің 2-кезегін рекультивациялау;
- үшін үшінші кезектегі күл үйіндісінің екінші іске қосу кешенін салу;
- багерлік сорғы станциясын қайта жаңарту.

## Петропавл 2-ЖЭО:

- Ст. №2 қазандық агрегатын қайта жаңарту;
- Ст. №1 турбоагрегатты қайта жаңарту;
- Жылу қуатын беру сызбасын қайта жаңарту;
- №6 бойлер қондырғысының негізгі 3 бойлерін ауыстыру;
- Жаңа темірбетон түтін мұржасына арналған газ өткізгіштерді салу;
- Қазандық агрегаттарын жаңа түтін мұржасына және №3 түтін мұржасына ауыстыру мақсатында жалпы газ өткізгішін қайта жаңарту;
- №2 күл үйіндісінің №3 бөлігін (III кезек) қоршайтын бөгеттерді биіктету;
- №4 күл үйіндісін салу;
- отын жеткізу жүйесін қайта жаңарту;
- 220 кВ ашық үлгідегі қосалқы станцияны (АТҚ-220 кВ) қайта жаңарту;
- ғимараттары мен құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізу.

## 2026-2029 жылдары инвестициялық бағдарламалар аясында жылу желілерінде келесі негізгі шараларды жүзеге асыру жоспарлануда:

### «Павлодар жылу желілері» ЖШС:

- НО-52 – НП-6 учаскесінде жылу магистралінің ТМ-20 өткізу қабілетін арттыра отырып (ДУ1000 дейін) қайта жаңарту, ұзындығы – 0,8 км;
- ОТП-69 қайта жаңарту;
- НО-21-ОТП-58 учаскесіндегі жылу желісін қайта жаңарту.

### «Петропавл жылу желілері» ЖШС жалпы ұзындығы 4,2 км магистральдық құбырларды қайта жаңарту жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр, оның ішінде:

- Ружейников көшесі бойымен УН-6-10 – ТК-6-14 аралығында ТМ №6 жылу магистралін 2Ду400-2Ду500мм дейін қайта жаңарту, ұзындығы – 0,5 км;
- Алматы көшесі бойымен ТК-8-01–ТК-7-09А аралығында ТМ №7-18 жылу магистралін 2Ду500мм дейін қайта жаңарту, ұзындығы – 0,5 км;
- УН-9-01–ТК-9-08 аралығында ТМ №9 жылу магистралін 2Ду400мм дейін қайта жаңарту, ұзындығы – 1,4 км;
- Назарбаев көшесінен Я. Гашек көшесіне дейін УН-2-07-УН-10-15 аралығында ТМ №10 жылу магистралін қайта жаңарту, ұзындығы – 1,8 км.



## 2026-2029 жылдары инвестициялық бағдарламалар аясында электр желілері бойынша келесі негізгі шараларды жүзеге асыру жоспарлануда:

### «Павлодар Электр Желілік Тарату Компаниясы» АҚ:

- 220/110/10 кВ «Промышленная» қосалқы станциясының 110 кВ ұяшықтары мен релейлік қорғау және автоматика жүйесін (РЗА) қайта жаңартуға арналған құрылыс-монтаж жұмыстары;
- Төмендегі қосалқы станцияларды жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және қайта жаңарту: 110/35/6 кВ «Оңтүстік су тарту» қосалқы станциясы (Павлодар қ.); 35/6 кВ «Береговая» қосалқы станциясы (Павлодар қ.); 110/35/10 кВ «Галкино» қосалқы станциясы (Шарбақты ауданы); 110/35/10 кВ «Жұмыскер» қосалқы станциясы (Май ауданы);
- Павлодар және Қашыр электр желілерін пайдалану кәсіпорындарында (АЭЖ) өрт және күзет дабыл жүйесін орнату;
- «Лебяжі АЭЖ – Май АЭЖ» радиорелейлік байланысын орнату;
- «Шығыс Павлодар ЭЖ – Маралды ҚС – Щербақты АЭЖ» радиорелелік байланысын орнату;
- «Батыс қалалық ҚС – Ленин ҚС – Потанин ҚС» бағытында талшықты-оптикалық байланыс кабелін төсеу;
- «Батыс ПЭС – Ақсу ЭЖ» бағытында талшықты-оптикалық байланыс кабелін төсеу;
- «Майқайың-64 – Баянауыл АЭЖ» бағытында талшықты-оптикалық байланыс кабелін төсеу;
- 0,4-10 кВ электр желілерін салу, қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру (ұзындығы 255 км), сонымен қатар жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- 119 ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңарту;
- ЛПУ және гараждар салу – 6 бірлік;
- Санитарлық модульдік ғимараттар орнату – 6 жиынтық;
- Технологиялық жабдықтарды, арнайы техника мен басқа да негізгі құралдарды сатып алу.




## Солтүстік Қазақстан Электр Желілік Тарату Компаниясы:

- Петропавл қаласы мен облыс аудандарындағы 110/35/10 кВ қосалқы станцияларында 35-110 кВ ашық тарату құрылғыларын (АТҚ) қайта жаңарту;
- 110/10 кВ №5 (Петропавл қаласы) және Жамбыл ауданының «Пресновка» 110/35/10 кВ қосалқы станцияларындағы 10 кВ жабық тарату құрылғыларын (ЗРУ) қайта жаңарту;
- 35/10 кВ «Мехколонна-60» қосалқы станциясын қайта жаңарту;
- Облыс бойынша қосалқы станцияларда 35 кВ АТҚ блоктарын 20 жиынтық көлемінде ауыстыру;
- 35-110 кВ әуе желілеріндегі оқшаулағыштарды ауыстыру – 30 000 дана;
- 220/110/35/10 кВ қосалқы станцияларындағы қуатты жабдықтарды қайта жаңарту – 4 қосалқы станция;
- 0,4 кВ электр желілерін қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру – 131,4 км;
- 10 кВ әуе желілерін қайта жаңарту – 44,9 км;
- 10-0,4 кВ кабельдік желілерді қайта жаңарту – 47,4 км;
- Петропавл қаласындағы 10/0,4 кВ трансформаторлық қосалқы станциялардың (ТҚС) жабдығы мен ғимараттарын қайта жаңарту – 16 бірлік;
- Қала бойынша жедел-диспетчерлік қызметтің ғимаратын салу;
- Петропавл қаласындағы жедел-диспетчерлік қызметке арналған «SKADA» жүйесімен автоматтандырылған диспетчерлік басқару құрылымын құру;
- Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша шараларды жүзеге асыру;
- Негізгі құралдарды сатып алу (арнайы автокөлік, электр өлшеу құралдары және т.б.).


CAEPCO
CAEPCO



## Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы:

- **Техническая модернизация ПС-35 кВ и выше - ҚС-35 кВ және одан жоғары қосалқы станцияларды техникалық жаңғырту – 33 нысан (трансформаторлар, ажыратқыштар және т.б. жабдықтарды ауыстыру).**

  ҚС-110/35/10 кВ «Қорғалжын»,
  ҚС-110/35/6 кВ «Ерейментау»,
  ҚС-35/10 кВ «Интернационал»,
  ҚС-35/10 кВ «Қызыл Ту»,
  ҚС-220/110/35/6 кВ «Жолымбет» ,
  ҚС-110/35/10 кВ «Рождественка»,
  ҚС-110/35/10 кВ «Воздвиженка»,
  ҚС-110/35/10 кВ «Торғай»,
  ҚС-110/35/6 кВ «Ерейментау»,
  ҚС-110/35/10 кВ «Пятигорск»,
  ҚС-220/110/35/6 кВ «Жолымбет»,
  ҚС-110/10 кВ «Урюпинка»,
  ҚС-35/10 кВ «Максимовка»,
  ҚС-220/110/35/10 кВ «Целинная»,
  ҚС-110/35/10 кВ «Красный Яр»,
  ҚС-110/35/10 кВ «Жантеке»,
  ҚС-110/35/10 кВ «Державинка»,
  ҚС-35/10 кВ «Романовка»,
  ҚС-35/10 кВ «Семеновка»,
  ҚС-35/10 кВ «Ерейментау Г-1»,
  ҚС 110/35/10 кВ «Новомарковка»,
  ҚС 110//10 кВ «Фрунзе»,
  ҚС 35//10 кВ «Мәметова»,
  ҚС-35/10 кВ «Жаңғыз Құдық»,
  ҚС 35/10 кВ «Жақсы»,
  ҚС 35/10 кВ «Волгодоновка».

- **Ұзындығы 602,3 км болатын ӘЖ 35-110 кВ және одан жоғары кернеулі әуе желілерін техникалық жаңғырту (изоляцияны, сымды, найзағай өткізгішті ауыстыру):**

  ӘЖ-110 кВ «Урюпинка – Журавлевка»,
  ӘЖ-35 кВ «Шептікөл - Вишневка», ҚС «ПТФ» бөлу арқылы – 20,4 км (екі тізбекті),
  ӘЖ-35 кВ «АГПП - Сергеевка» - 17.5 км,
  ӘЖ-110 кВ «Торғай – Ерейментау»,
  ӘЖ-35 кВ «Петровка – Ақкөл»,
  ӘЖ-110 кВ «Макинск – Карамышевка»,
  ӘЖ-110 кВ «АГПП – Новосельская»,
  ӘЖ-35 кВ «Петровка – Пригородная»,
  ӘЖ-35 кВ «Жантеке – Ушакова»,
  ӘЖ-110 кВ «Целинная – Днепропетровская»,
  ӘЖ–35 кВ «Свободная – Любимовская» - 26,4 км,
  ӘЖ-35 кВ «Журавлевка – Қызылжар»,
  ӘЖ-35 кВ «Ленинская – Белоярка»,
  ӘЖ-35 кВ «Тастақ – Ақкөл»,
  ӘЖ-35 кВ «Карамышевка – Отрадное»,
  ӘЖ-35 кВ «Никольская – Жамбыл»,
  ӘЖ-35 кВ «Ақкөл - Новокубанка – Раевка»,
  ӘЖ-35 кВ «Новочеркасская – Красногвардейская»,
  ӘЖ-35 кВ «АГПП – Сергеевка»,
  ӘЖ-35 кВ «Красносельская - Красная Заря».

- **ӘЖ 35–110 кВ және одан жоғары әуе желілерінің құрылысы – 403,9 км::**

  110 кВ ӘЖ «Канкрынка – Шортанды» (1С УПП бойынша – 110 кВ ӘЖ «Жолымбет – Шортанды»),
  110 кВ ӘЖ «Жолымбет – Канкрынка» – екі тізбекті (1С УПП бойынша – 110 кВ ӘЖ «Жолымбет – Шортанды»),
  35 кВ ӘЖ «Вячеславка – Сарыоба»,
  35 кВ ӘЖ «Красный Флаг – Шалқар»,
  35 кВ ӘЖ «АГПП – Акимовская»,
  35 кВ ӘЖ «Антоновка – Заря»,
  35 кВ ӘЖ «Заря – Софиевка»,
  35 кВ ӘЖ «Никольская – Капитоновка»,
  35 кВ ӘЖ «Жолымбет – Южная – Антоновка»,
  110 кВ ӘЖ «Алексеевка – Никольская»,
  35 кВ ӘЖ «Новый Колутон – Береговая»,
  35 кВ ӘЖ «Софиевка – Қоянды».

- **0,4–10 кВ желілерін техникалық жаңғырту – 392,2 км, жаңа 170 КТПН орнату келесі елді мекендерде жүзеге асырылды:**

  Целиноград ауданы – Опан, Жарлыкөл, Қоянды, Сарыкөл, Аққайың, Оразақ, Мәншүк Мәметова, Жаңа Жол, Жаңғыз Құдық, Мортық, Бірлік, Өтеміс, Нұра ауылдары.

  Аршалы ауданы – Ақбұлақ, Жібек жолы, Қостомар ауылдары.

  Шортанды ауданы – Новокубанка ауылы, Научный кенті, Петровка ауылы.

  Жақсы ауданы – Жақсы кенті.

  Еңбекшілдер ауданы – Сосновка ауылы.

  Астрахан ауданы – Зеленое, Петровка, Первомайка, Старый Колутон, Жаңатұрмыс, Оксановка ауылдары.

  Атбасар ауданы – Мариновка ауылы, Атбасар қаласы.

  Ақкөл ауданы – Ақкөл қаласы.

  Буланды ауданы – Макинск қаласы.

  Жарқайың ауданы – Державинск қаласы.



**ЭНДУРО-МОТОКРОСС –**
**МЕНІҢ ЖҰМЫСТАН ТЫС**
**УАҚЫТТАҒЫ**
**ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМ**

**ӘР АПТА САЙЫН**
**ӘРІПТЕСТЕРМЕН**
**БІРГЕ ЖАТТЫҒУҒА БАРАМЫЗ**

**ЖЫЛДАМДЫҚ АДАМҒА**
**ЕРКІНДІК**
**СЕЗІМІН БЕРСЕ,**
**АДРЕНАЛИН РЕАКЦИЯНЫ ЖЕДЕЛДЕТЕДІ**

**ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР**
**ОСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ**



**БІЗ АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ (БАСҚАРМАНЫҢ) АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАУАП БЕРЕМІЗ. КӨПТЕГЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҮНЕМІ НАЗАРДА ҰСТАУ КЕРЕК, ҚАТЕЛІККЕ ЖОЛ ЖОҚ**

**БІЗ ЖАҚСЫ АТҚАРЫЛЫП ЖАТСА, ЖҰМЫСЫ БАЙҚАЛА БЕРМЕЙТІН АЛҒЫ ШЕПТІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМІЗ**

РУСТЕМ
**АТРАУОВ**

«ОАЭК» АҚ Корпоративтік даму жөніндегі департамент директоры

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

**GRI 2-9 ТДМ**

«ОАЭК» АҚ корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстанады. Компанияның қызметі барлық тараптардың, атап айтқанда Компанияның инвесторларының, акционерлерінің, қызметкерлерінің және лауазымды тұлғаларының мүдделерін теңгерімді есепке алуға негізделген.

Компанияның Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттарды айқындайды және қызметтің мониторингі үшін қажетті тетіктерді, соның ішінде кәсіпорын қызметінің тұрақты мониторингін және бағалауын жүргізеді. Директорлар кеңесінің құрамына Компаниямен үлестес емес тәуелсіз директорлар кіреді.

Бизнес-процестерді жетілдіру және қабылданған шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда ішкі бақылау тетіктері жолға қойылған.

«ОАЭК» АҚ үшін ішкі бақылау жүйелі болып табылады, ол барлық деңгейлердегі стратегиялық және жедел басқаруға біріктірілген, кез келген бизнес-процестер шеңберінде өз функцияларын орындаған кезде барлық бөлімшелер мен қызметкерлерді қамтиды.

Компанияның Директорлар кеңесі жанында қаржылық есеп берудің сенімділігін және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіруді қамтамасыз ету үшін қабылданған шешімдер мен процестерді бақылайтын Аудит жөніндегі комитет жұмыс істейді.

«ОАЭК» АҚ ақпараттық ашықтық пен қызметтің ашықтығы саясатын ұстанады. Компания қызметі туралы ақпаратты ашық дереккөздерде орналастыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленген. Осылайша, акционерлер Компанияда болып жатқан оқиғаларды үнемі бақылай алады.

Корпорацияда корпоративтік басқару жүйесі мойындалған базалық ашықтық, әділдік, есептілік және жауапкершілік қағидаттарына негізделген.

Тиімді және жауапты корпоративтік басқарудың маңызын түсіне отырып, «ОАЭК» АҚ халықаралық қағидалар мен жетекші әлемдік тәжірибелерге негізделген жоғары стандарттарды ұстанады. Корпорация корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіруге ұмтылады және өз қызметінде барлық тараптың, негізінен инвесторлар, акционерлер және жұмысшылардың мүдделерін ескереді.

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Корпорацияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің Корпорация Жарғысында айқындалған өз құқықтарын жүзеге асыруының негізгі тәсілі – олардың акционерлердің жыл сайынғы жиналысына, сондай-ақ, Директорлар кеңесіне Атқарушы органның бастамасымен өткізілген кезектен тыс жиналыстарға қатысуы болып табылады.

### Корпорация акционерлерінің құқықтары:

- Жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізу;
- Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсыну;
- Директорлар кеңесі отырыстарын шақыру;
- Қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге құқықтар.

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

«ОАЭК» АҚ-ның корпоративтік басқаруы барлық акционерлерге капиталдағы үлесі мен мекенжайына қарамастан тең қарауға, олардың құқықтарын тиімді қорғау мүмкіндігін қамтамасыз етуге негізделген. Миноритарлы акционерлерге Қоғамның Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген құқықтар мен міндеттердің жиынтығы беріледі.

# АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2024 жылы Акционерлердің жалпы жиналысының 1 жылдық және 5 кезектен тыс отырысы өтіп, оларда келесі мәселелер қаралды:

- «ОАЭК» АҚ қаржылық есептілігін бекіту;
- «ОАЭК» АҚ таза табысын бөлу тәртібін анықтау;
- «ОАЭК» АҚ әрекетіне акционерлердің үндеуі туралы мәселелерді қарау;
- «ОАЭК» АҚ қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын айқындау туралы;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын анықтау;
- «ОАЭК» АҚ жай акциялары бойынша 2023 қаржылық жыл үшін дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;
- өзге мәселелер.



# ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ



# АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ОАЭК» АҚ-ның жарғылық капиталы — **46 043 272 мың теңгені** құрады. «ОАЭК» АҚ акционерлері: Клебанов Александр Яковлевич (47,1 %), Кан Сергей Владимирович (47,1%), KIF ENERGY S.a.r.l. — 4,02%, «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ — 1,78%.



# ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

## GRI 2-19

Корпорацияның дивиденд төлеуді есептеу, жариялау тәртібі, көлемі, түрі мен мерзімдеріне қатысты саясаты Корпорацияның Жарғысында және «ОАЭК» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеде анықталған.

### Корпорацияның дивидендтік саясатының басты қағидалары:

- ҚР қолданыстағы заңнамасында, Қоғам Жарғысында және оның ІНҚ-нда қарастырылған акционерлердің құқықтарының қатаң сақталуы, акционерлердің мүдделерін есепке алу және олардың активтерін барынша арттыру;
- дивидендтік төлем көлемін анықтау кезінде Корпорация мен оның акционерлерінің мүддесінің теңгерімділігі;
- Корпорацияның инвестициялық тартымдылығын, қаржы тұрақтылығын, капиталы мен өтімділігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық кірісін қамтамасыз ету.

Корпорация өзінің дамуына жеткілікті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретін мөлшерде таза пайда¬ның бір бөлігін дивиденд төлеуге жұмсауға ниетті. Жылдық дивидендтерді төлеу туралы шешімді Корпорацияның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Корпорация үшін ойда болмаған жерден жағымсыз жайттар орын алған жағдайда Директорлар кеңесі Корпорация акционерлерінің жалпы жиналысына дивиденд төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдамау ұсынысын білдіруге міндетті.

2025 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «ОАЭК» АҚ акционерлеріне 2024 қаржылық жыл үшін дивиденд төлемеу туралы шешім қабылданды.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

## GRI 2-10, 2-11, 2-12 ТДМ

Корпорацияның Директорлар кеңесі стратегиялық міндеттерді айқындайды, кәсіпорын жұмысы нәтижелеріне ағымдағы мониторинг жүргізу және бағалауды қоса алғанда, қызметті бақылаудың қажетті тетіктерін қолдайды.

«ОАЭК» АҚ-ның тоқсандық басқарушылық есебі (QMR) Директорлар кеңесінің отырысында тоқсан сайын қаралады, онда өндірістік және экологиялық көрсеткіштер бойынша есептер егжей-тегжейлі тыңдалады.

Корпорация қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында Директорлар кеңесіне үш тәуелсіз директор кіреді, олар Корпорацияға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайды. Корпорация Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздігі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының талаптарына сәйкес анықталады.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері келесі критерийлерге сәйкес келеді:

- «ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда үлестес болмаған.
- «ОАЭК» АҚ лауазымды тұлғалары немесе «ОАЭК» АҚ үлестес тұлғаларының ұйымдарына бағынышты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда бағынышты болмаған.
- Мемлекеттік қызметкер емес;
- «ОАЭК» АҚ органдарының отырыстарында акционерлердің өкілі емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда да болмаған;
- «ОАЭК» АҚ аудитінде аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда да қатыспаған.

Директорлар кеңесін Төраға басқарады, ол Директорлар кеңесі мүшелері мен Директорлар кеңесі комитеттерінен және Атқарушы органнан түскен ұсыныстар негізінде Директорлар кеңесі отырыстарын шақырып, күн тәртібін белгілейді.

Директорлар кеңесі келесі аталған принциптерге сүйенеді:

- Корпорация қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;
- Акционерлердің Корпорацияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Корпорация туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды мүдделері мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;

- Корпорация акционерлері мүдделерінің теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Корпорация акционерлерінің мүдделеріне сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;
- Корпорация акционерлерін шынайы және уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету.

## Іріктеу және тағайындау

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Корпорация акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен сайланады. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі Жарғы ережелеріне сәйкес, кем дегенде алты адамнан құралуы қажет. Олардың кем дегенде үштен бірі – тәуелсіз директорлар болуы тиіс. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері тек жеке тұлғалар бола алады және олар келесі топтардан сайлана алады:

- акционерлер – жеке тұлғалар;
- акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;
- қоғам акционері болып табылмайтын және акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

Сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасы да Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алады, алайда ол Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен ең көп дауыс жинауы арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлауды өткізіп жатқан Акционерлердің жалпы жиналысында тоқтатылады. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлана алады.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесіндегі жұмыс мерзімі (31 желтоқсан 2024 жыл):

- 10-16 жыл – 3 адам;
- 2-7 жыл – 2 адам;
- 1-3 жыл – 2 адам.

Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің өкілеттілік мерзімі – 2 жыл (2026 жылғы 17 наурызға дейін).



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

## GRI 2-11, 2-17



## ТАН ЛЕВИН

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

**«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.**

- **01.2015 - 12.2015** – SUNEDISON ENERGY HOLDINGS (SINGAPORE) PTE. LTD. Жобалық қаржыландыру және корпоративтік даму жөніндегі менеджері;
- **03.2016 - 03.2019** – CAPITAL ADVISORS PARTNERS ASIA PTE. LTD. Инфрақұрылымдық инвестициялар жөніндегі вице-президенті;
- **03.2019 - 03.2023** – CAPITAL ADVISORS PARTNERS ASIA PTE. LTD. Инфрақұрылымдық инвестициялар жөніндегі директоры;
- **2023** – қазірге дейін – VOPAK ASIA PTE. LTD Азия және Таяу Шығыстағы бизнесті дамыту бойынша Бас менеджер.



## ОРАЛ БАҒДАТ ЕРКЕБҰЛАНҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі

- **03.2014 - 06.2014** – «Samruk-Green Energy» ЖШС перспективалық даму басқармасының бастығы;
- **06.2014 - 07.2018** – «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС директоры;
- **07.2018 - 04.03.2021** – «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының энергия өткізу және тарифтік саясат жөніндегі орынбасары;
- **05.03.2021** – «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасы;
- **17.03.2024** – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды.



## НИГАЙ
### АЛЕКСАНДР ДАНИЛОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі

- **03.08.2015** – қазірге дейін - «Қазақстан Құбыр Жүйелері» ЖШС Стратегиялық даму жөніндегі директоры;
- **26.07.2016** – қазірге дейін - «Mineral Product» ЖШС Стратегиялық даму жөніндегі директоры;
- **09.2020-30.06.2021** – «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының коммерция жөніндегі орынбасары;
- **17.03.2024** – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды.



## КАЙЗЕР
### ФРАНЦ-ЙОЗЕФ

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.

- **17.11.1975 - 30.06.2009** – Прайс УотерХаусКу-перс (PwC) серіктесі;
- **2005 - 30.06.2009** – «ЕЭС России» РАҚ PwC жоба-сы бойынша серіктесі;
- **17.03.2024** – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды.



## ТАБАНОВ
### ЭЛЬДАР РАШИТОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі

- **04.01.2013** – «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
- **01.01.2014 - 13.06.2017** – «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
- **09.09.2015 - 16.11.2016** – «Astana» ӘКК ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- **13.10.2016** – «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
- **29.09.2017** – «City Box» ЖШС Директоры;
- **15.01.2018** – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
- **15.01.2018** – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
- **15.01.2018** – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
- **17.03.2024** – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды.



## КЕРР
### МАНФРЕД-ЙОЗЕФ

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.

- **2003 - 2009** – RWE Power International Ессен Вице-президенті;
- **2008 - 2010** – RWE Power International Ессен Басқарушы директо¬ры, Аға кеңесшісі;
- **25.02.2011** – Rhein Ruhr Power ДК төрағасы;
- **25.10.2011** – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры;
- **17.03.2024** – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды.



## ЛАШКУЛ
### ИГОРЬ СЕРГЕЕВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі

- **2015 - 2023** – «Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС Бас директорының кеңесшісі;
- **2016** – қазірге дейін – «Прайм Бизнес» ЖШС директоры.

## Директорлар кеңесінің қызметі

Бетпе-бет отырыстар:

- 2022 жыл – 9
- 2023 жыл – 7
- 2024 жыл – 8

Сырттай отырыстар:

- 2022 жыл – 7
- 2023 жыл – 8
- 2024 жыл – 10

2024 жылы Директорлар кеңесінің 18 отырысы өтті. Отырыстарда Директорлар кеңесі келесі негізгі мәселелерді қарастырды:

- айлық және тоқсандық басқарушылық есептерді қарау;
- «ОАЭК» АҚ 2025-2029 жылдарға арналған шоғырландырылған Даму жоспарын бекіту;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту;
- 2023 жылға арналған еншілес ұйымдардың таза кірісін бөлу тәртібін анықтау, сондай-ақ 2023 жылға қаржылық есептілік аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау;
- «ОАЭК» АҚ 2024 жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «ОАЭК» АҚ өткен 2023 қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін және «ОАЭК» АҚ бір жай акциясына дивидендтер мөлшерін анықтау;
- «ОАЭК» АҚ 2024 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды алдын ала таңдау;
- «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаменті мен Тәуекелдерді басқару департаментінің қызметі туралы есептерді қарау;
- бірқатар ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- басқа.

2024 жылы Директорлар кеңесі қызметіне бағалау жасалған жоқ.

## Ірі мәмілелер туралы мәліметтер

2024 жылы бірқатар ірі мәмілелер жасалды, олар туралы ақпарат Қаржылық есептілік депозитарии мен Қазақстан қор биржасының сайттарында орналастырылған.

**05.04.2024**

Көпшілік мәміле ретінде Қоғамның мүддесі бар синдикаттық несиелік шартқа №2 Түзетулер енгізу туралы келісім жасауды мақұлдау туралы.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

**GRI 2-11, 2-17**

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанында үш комитет жұмыс істейді.

## Стратегиялық комитет

Комитеттің негізгі функциялары:

- «ОАЭК» АҚ қызметінің басым бағыттарын, оның даму стратегиясын қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ концепцияларын, саясаттарын, бағдарламаларын, даму жоспарларын және олардың жүзеге асу нәтижелерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ бюджетін және оның орындалу нәтижелерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің назарына Комитеттің ойынша ДК тарапынан әрекетті қажет ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды жеткізу;
- Директорлар кеңесіне Корпорация қызметін жоспарлау және дамыту механизмдерін жетілдіру бойынша көмектесу.

Комитет құрамы*

- **Керр М. - Төраға**
- Кан С.В.
- Орал Б. Е.
- Перфилов О.В.
- Нигай А. Д.

2024 жылы Стратегиялық комитеттің отырыстары өткізілген жоқ.

## Аудит жөніндегі комитет

Комитеттің негізгі функциялары:

- Директорлар кеңесіне қаржылық есептілік және ішкі бақылауды қадағалау, сондай-ақ, қоғамда адекватты тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі барын қадағалау тұрғысынан өзінің реттеуші және қадағалаушы функциясын тиімді жүзеге асыруына көмектесу;
- Ішкі аудит, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және нығайту;
- Директорлар кеңесінің назарына оның тарапынан әрекетті қажет ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды жеткізу.

Комитет құрамы*

- **Кайзер Ф. - Төраға**
- Керр М.
- Орал Б. Е.
- Нигай А. Д.
- Тан Л.

2024 жылы Комитет отырысы төрт рет өткізілді. Комитет Директорлар кеңесіне реттеуші және бақылаушы қызметтерін тиімді жүргізу, ішкі аудитті, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және бекемдеу бойынша көмектеседі. Комитетте сыртқы аудитор «Deloitte» ЖШС жұмысына қатысты және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы «ОАЭК» АҚ жылдық шоғырландырылған қаржылық есебін бекіту мәселелері және Директорлар кеңесіне есепті департаменттер – Ішкі бақылау департаменті мен Тәуекел-менеджмент департаментінің қызмет мәселелері қаралды.

## Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті

Комитеттің негізгі функциялары:

- Жұмысшыларға қосымша сыйақылар, өтемақылар және әлеуметтік төлемдерді қоса алғанда «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарына бірегей кадрлық саясат әзірлеу және енгізу;
- Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оның қағидаларын жүзеге асыру.

Комитет құрамы*

- **Тан Л. - Төраға**
- Ли С.В.
- Константинова Н.В.
- Жұмабекова А.Б.

2024 жылы Комитет отырысы төрт рет өткізілді. Комитет Директорлар кеңесіне Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құруға көмектеседі, нақты айтқанда «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобындағы қызметкерлерді басқарудың 2023 жылғы көрсеткіштер есебі қаралды.



*ӨЗЕКТІЛІГІ: 2024 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН.

# АТҚАРУШЫ ОРГАН

## GRI 2-11, 2-17

Ұжымдық атқарушы орган 2020 жылғы 1 қыркүйекте Корпорацияда басқарушы қызметтерді атқаратын жұмысшылардан қалыптасты.

Ұжымдық басқарушы орган Басқарма болып табылады, оны Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық ететін, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асыратын Басқарма төрағасы басқарады.

Басқарма қызметінің негізгі қағидаларына Акционерлер мүдделерін мейлінше сақтау, адалдық, білімділік, қырағылық жатады.



### ОРАЛ
### БАҒДАТ ЕРКЕБҰЛАНҰЛЫ

«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасы

**Білімі:**

- **2009-2011,** Albert Ludwigs University of Freiburg, Ғылым магистрі (Жаңартылатын энергия көздерін басқару);
- **2004-2008,** Алматы Энергетика және байланыс университеті, Жылу энергетика бакалавры (Жылу электр станциялары).

**Жұмыс тәжірибесі:**

- **наурыз 2021 - қазірге дейін,** «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасы;
- **шілде 2018 - наурыз 2021,** «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының энергия өткізу және тарифтік саясат жөніндегі орынбасары;
- **маусым 2014 - шілде 2018,** «ЦАТЭК Green Energy» АҚ директоры.



### ПЕРФИЛОВ
### ОЛЕГ ВЛАДИМИРОВИЧ

«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары

**Білімі:**

- **1985-1992** – Павлодар индустриялық институты, электр энергетикалық жүйелерді автоматты басқару, инженер-электрик.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- **31 тамыз 2023 жыл – қазірге дейін,** «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
- **2022 – 31 тамыз 2023 жыл** – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры;
- **2013-2022,** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Бас директоры, Басқарма төрағасының міндетін атқарушы;
- **2009- маусым 2013,** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.

2024 жылы Басқарманың отыз бір отырысы өтіп, Холдингтің операциялық қызметі бойынша, оның ішінде «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында еңбекақысын көтеру туралы бірқатар шешімдер қабылданды.



ЛИ
СЕРГЕЙ ВАЛЕРЬЕВИЧ

«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

**Білімі:**

- Швейцариялық Бизнес мектеп, MBA;
- Дарэма университеті, Ұлыбритания, бизнес-экономика бакалавры;
- Қасиетті Эндрю колледжі, Ұлыбритания, A-Level бағдарламасы.

**Жұмыс тәжірибесі:**

- **наурыз 2021 - қазірге дейін,** «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
- **қаңтар 2020 – наурыз 2021,** «Самұрық-Энерго» АҚ экономика және қаржы жөніндегі қоса басқарушысы;
- **наурыз 2016 – қаңтар 2020,** «Самұрық-Энерго» АҚ «Қазынашылық және корпоративтік қаржылар» департаментінің директоры.

# СЫЙАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫ

## GRI 2-11, 2-17

Атқарушы органға берілетін сыйақы көлемі «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

2024 жылы Директорлар кеңесіне төленген сыйақының жалпы сомасы 87,3 млн теңгені құрады.

Басқарма мүшелері сыйақысының мөлшерін анықтау келесі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Сыйақы тұрақты және ауыспалы бөліктен тұрады;
- Сыйақының ауыспалы бөлігі Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметінің негізгі көрсеткіштеріне, олардың біліктілік деңгейі мен Корпорацияның белгілі бір кезеңдегі қызмет нәтижелеріне қосқан жеке үлесіне байланысты; ауыспалы бөлік Басқарма мүшелерін жұмыстың жоғары сапасына қол жеткізуге ынталандыруға бағытталған.;
- Басқарма мүшесіне әлеуметтік қолдау, кепілдік және өтемақы төлемдері заңнамасына, Корпорацияның ішкі құжаттарына және еңбек шартына сәйкес беріледі.

2024 жылы Атқарушы органға төленген сыйақының жалпы сомасы 54,5 млн теңгені құрады.

# 2024 ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

## GRI 403 ТДМ

Корпорацияның корпоративтік басқару тәжірибесі 2024 жылы толықтай Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес болды, кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына және корпоративтік басқару саласындағы қолданыстағы халықаралық тәжірибені және Қазақстанның акционерлік қоғамдарының Корпоративтік басқару қағидаттарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарын ескере отырып дайындалған.

Қағидаларды ұстану Корпорация қызметінің күн сайынғы тәжірибесіне халықаралық стандарттарға сай және Корпорацияның акционерлер, тұтынушылар мен қызметкерлер алдында жағымды бейнесін қалыптастыруға әсер ететін корпоративтік тәртіп нормалары мен дәстүрлерін қалыптастыруға және енгізуге, акционерлер құқығының толығымен жүзеге асуына қол жеткізіп, олардың Корпорация қызметі туралы хабардар болуын арттыруға, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылау мен төмендетуге, Корпорацияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін қолдауға және оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруға бағытталған.

**Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидалары:**

- әділеттілік;
- есеп берушілік;
- жауапкершілік;
- ашықтық;
- қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік;
- тиімділік;
- бақылауға алушылық.

2024 жылы корпоративтік басқару кодексінің барлық негізгі қағидалары сақталды.

## КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

**GRI 2-22** **ТДМ** 17

Корпорацияда әрекет ететін Іскери әдеп кодексі 2020 жылы Директорлар кеңесімен бекітілген.

Құжат келесі төрт бағыттағы іскери өзара қарым-қатынасты реттеудің халықаралық тәжірибе стандарттарын біріктіреді:

- бизнес және кәсіби әдеп;
- ұйымдық әдеп;
- корпоративтік басқару;
- компанияның әлеуметтік жауапкершілігі.

Корпорацияның барлық қызметкерлеріне ортақ іскери этика стандарттары мен нормалары қызметте келесі маңызды нәтижелерге қол жеткізуге негіз болады:

- Шешім қабылдауда келісімге келу санын төмендетіп, талқылауда пікір еркіндігін қамтамасыз етеді;
- Корпоративтік мәдениетті және жалпы Корпорацияның қоғамдағы репутациясын/имиджін жақсартады;
- Корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және кризистік басқару процесінің тиімділігін арттырады;
- Мүдделі тұлғалардың тиімді өзара әрекетіне көмектеседі;
- Сот карауларынан қашуға мүмкіндік береді.

Корпорацияда іскери әдептің сақталуы реттелген әдеп принциптері мен талаптарына сәйкес қызметті ұйымдастыру арқылы басшылық тарапынан бақыланады. Кодекстің бекітілген стандарттары мен талаптары Корпорацияның барлық жұмысшылары арасында бөлінеді.





## МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

**GRI 2-15** **ТДМ**

Мүдделер қайшылығы Әдеп кодексінің 11-тармағымен реттеледі. Бұл құжатта қызметкерлердің жауапкершілігі, өз қызметтік лауазымын дұрыс пайдаланбауы, қызметкердің компания ішінде және одан тыс аумақтағы қызметі туралы жазылған.

«Алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет саясатында» алаяқтық пен коррупцияға қатысты негізгі принциптердің қатарында «Мүдделер қайшылығын төмендету» принципі көрсетілген. Бұл принципке сәйкес, Корпорация ашық Ұйымдық құрылым түзу арқылы өкілеттік пен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын төмендетеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметі тиісті Ережемен реттеледі. Директорлар кеңесі мүшелері арасында мүдделер қайшылығын жою туралы Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы тармақта баяндалған.

## АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

**GRI 2-16** **ТДМ**

«ОАЭК» АҚ ақпараттық саясаты корпоративтік ақпаратты тарату процесін, мақсатты аудитория ішінде Корпорацияның бірыңғай бейнесін қабылдауды басқаруға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттер кешенін құрайды.

Ақпаратты ашудың негізгі міндеттері:

- Акционерлер, инвесторлар, сондай-ақ, өзге мүдделі тараптардың Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін салмақты шешім қабылдауға немесе өзге әрекеттер жасауға қажетті ақпарат, сондай-ақ, Корпорация қызметін толығырақ түсінуге мүмкіндік беретін өзге ақпарат алу тұрғысындағы заңды құқықтарын сақтау мақсатында Корпорацияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;
- Корпорация туралы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Корпорация мен акционерлер, инвесторлар, нарық қатысушылары, мемлекеттік органдар және өзге мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың ашықтық және сенімділік деңгейін арттыру;
- «ОАЭК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Корпорацияның оң имиджін қалыптастыру.



# ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

## GRI 2-25, 2-26

Корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру, бизнес-процестерді жетілдіру және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді қолдау мақсатында «ОАЭК» АҚ компаниялар тобында ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе стратегиялық және операциялық басқару процестеріне барлық деңгейде интеграцияланған, барлық құрылымдық бөлімшелерді қамтиды және олардың ішкі бақылау ортасы аясында өз функцияларын орындауын қамтамасыз етеді.

Корпорация бақылаудың барлық деңгейінің, оның ішінде қаржылық және операциялық бақылаудың, заңдар мен ережелердің сақталуының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесіне ие.

Компаниялар тобында ішкі аудит функциясын «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаменті жүзеге асырады. Департаменттің қызметі Халықаралық ішкі аудит стандарттарына (The IIA), Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес құрылады.

Ішкі аудит департаментінің тәуелсіздігі мен объективтілігі компаниялардың Директорлар кеңесіне бағыныштылығы мен есептілігімен қамтамасыз етіледі. Департамент қызметін Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет бақылайды.

Ішкі аудит департаменті ішкі нормативтік құжаттар негізінде қызмет атқарады, оған мыналар кіреді:

- Ішкі аудит департаменті туралы ереже;
- Ішкі аудит жүргізу саясаты мен қағидалары;
- Компаниялар тобы аясында ішкі аудит саласындағы өзара қызмет регламенті.

Ішкі аудит департаменті қызметін Директорлар кеңесі бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады және өз қызметінің нәтижелері бойынша Директорлар кеңесіне есеп береді.

Аудиторлық тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару процестерін жетілдіруге, ішкі бақылаудың тиімділігін арттыруға және корпоративтік басқаруды күшейтуге бағытталған ұсынымдар беріледі.

Қосымша түрде тұрақты негізде келесі жұмыстар жүргізіледі:

- берілген ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу;
- консультациялық қолдау көрсету;
- ішкі бақылау және аудит мәселелері бойынша әдістемелік жұмыс.

**(2-26) Кеңес алу және алаңдаушылық білдіру процесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Компаниялар тобында келесі құралдар қолданылады:**

- call-орталық;
- сенім телефоны;
- дауыстық пошта;
- кеңседе жазбаша өтініштерді қабылдау;
- ресми сайттағы кері байланыс терезесі;
- Бірінші басшының блогы;
- ресми Instagram аккаунты.

Компаниялар тобында ашық дереккөздерден келіп түсетін өтініштерді жедел қарау мақсатында ақпараттық аланды автоматты түрде бақылау жүйесі де қолданылады.

Қабылданған өтініштер Қоғаммен байланыс бөліміне түседі және жауап дайындау үшін тиісті үдеріс иелеріне бөлінеді. Жауап айқын болған жағдайда және қосымша пысықтауды қажет етпесе, бірден беріледі. Ақпарат жинауды қажет ететін өтініштер мүмкіндігінше қысқа мерзімде өңделеді. Өтініштерді қарау процесі барлық құрылымдық бөлімшелер қызметіндегі басым бағыт болып табылады.

# СЫРТҚЫ АУДИТ

Аудиторды тағайындау жыл сайын Аудит комитетімен расталады. Аудиторды тұрақты түрде ауыстыру талап етілмейді.

Аудитордың тәуелсіздігіне әсер етпейтін жағдайда аудиттен тыс қызметтер көрсетуге рұқсат етіледі. Мұндай қызметтердің барлығы алдын ала Аудит комитетінің мақұлдауына жатады.

2024 жылы аудиттен тыс қызметтер үшін Аудиторға төленген сыйақы көлемі ҚҚС-сыз 3 млн теңгені құрады.

«ОАЭК» АҚ тобының қаржылық есептіліктеріне сыртқы аудит жүргізетін компания «Deloitte» ЖШС болып табылады. Аудиторлық қызмет көрсету бойынша шарт компаниямен 2025 жылға дейін жасалды.

# БЮДЖЕТКЕ АУДАРЫМДАР

## GRI 2-25, 2-26

2024 жылы Компаниялар тобының кәсіпорындары Қазақстан Республикасының бюджетіне 17,6 миллион теңге көлемінде айыппұл төледі. Бұл сома экологиялық заңнаманың талаптарын, электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларын, жол қозғалысы туралы заңнаманың (жолдарда жұмыстар жүргізу, жолдарды, теміржол өткелдерін және басқа да жол инфрақұрылымын күтіп-ұстау талаптары), табиғи монополиялар саласындағы заңнаманың, сондай-ақ электр энергетикасы туралы заңнаманың нормаларын бұзғаны үшін төленген айыппұлдарды қамтиды.




МЕН БАҒДАРЛАМАЛАУМЕН ЖӘНЕ
3D-ГРАФИКАМЕН
АЙНАЛЫСАМЫН
ОЛ МАҒАН ЛОГИКАЛЫҚ
ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІМДІ,
КРЕАТИВТІЛІК
ПЕН ЦИФРЛЫҚ ДАҒДЫЛАРМЕН
ЖҰМЫС ДАҒДЫЛАРЫМДЫ
ДАМЫТУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ
ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР
ОСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



**МЕН МІНДЕТТЕРІМЕ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖӨНДЕУ КЕЗІНДЕ ДӘНЕКЕРЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУ, ОҒАН ҚОСА ТҮРЛІ МАҚСАТТАҒЫ ҚҰБЫРЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕТАЛЛ БҰЙЫМДАР МЕН ӨНІМДЕРДІ ӘЗІРЛЕУ КІРЕДІ.**

## ЮРИЙ **ТИМОФЕЕВ**

«Павлодар жылу желілері» ЖШС
6-разрядты электр дәнекерлеушісі

# ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ

**GRI 2-25**

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ

«О

«ОАЭК» Компаниялар тобында тәуекелдерді басқарудың корпоративті жүйесі (бұдан әрі - ТБЖ) жұмыс істейді.

### Тәуекелдерді басқару жүйесін нормативтік реттеу

#### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ

**COSO – Тредвей комиссиясының демеуші ұйымдарының комитеті:**

- COSO: «Ұйымның тәуекелдерін басқару. Қызмет стратегиясы және тиімділігімен біріктіру»;
- COSO: «Тәуекелдерді басқару жүйесін жақсарту үшін негізгі тәуекел көрсеткіштерін әзірлеу»;
- COSO: «Тәуекел-тәбетті түсіну».

**ISO – Стандарттау бойынша халықаралық ұйым, оның ішінде:**

• ISO 31000-2018 «Тәуекел менеджменті. Қағидалар және нұсқаулық».

#### КОРПОРАТИВТІК

- Компаниялар тобында тәуекелдерді басқару саясаты;
- Компаниялар тобында тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастырудың әдістемесі;
- Компаниялар тобында тәуекел-тәбетті айқындау мен мониторингілеудің әдістемесі;
- Компаниялар тобында бөлімшелердің тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша өзара қызмет регламенті.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен және Компаниялар тобында жүзеге асырылатын Тәуекелдерді басқарудың бірыңғай корпоративтік саясаты Компаниялар тобының тәуекелдерге қатысын айқындайды, ТБЖ құру және әрекет ету жалпы қағидаларын, оның мақсаттары мен міндеттерін, тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру, жүзеге асыру және бақылаудың негізгі тәсілдерін белгілейді.



## Тәуекелдерді басқару жүйесінің даму және қызмет ету қағидалары

### БИЗНЕСТІҢ ҚҰНЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

Тәуекелдерді басқару алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге және қызмет көрсеткіштерін жақсартуға, оның ішінде денсаулық, адамдардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету, нормативтік-құқықтық талаптарға сай болуы, көрсетілетін қызметтердің сапасы, жобаларды басқару қызмет тиімділігі, Топты және репутацияны басқару бойынша жақсартуға негіз болады.

### БІРІКТІРУ

тәуекелдерді басқару – стратегиялық жоспарлауды, жобалар мен өзгерістерді басқаруды, қызметтің үздіксіздігін басқаруды қоса алғанда барлық процестердің құрамдас бөлігі. Ол Компаниялар тобының басшылығына дұрыс таңдау жасауға, әрекеттердің басымдығын айқындауға, қызметтің балама бағыттары арасында айырма жасауға көмектеседі.

### ҚОЛДА БАР ЕҢ ҮЗДІК АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

тәуекелдерді басқару процесі үшін кіріс мәліметтері тарихи мәліметтер, тәжірибе, мүдделі тараптардан кері байланыс, бақылаулар, болжамдар, эксперттік бағалаулар сынды ақпарат көздеріне негізделеді. Бұл ретте қолданылатын мәліметтер немесе модельдеу/болжау нәтижелерінде болуы мүмкін шектеулер/ауытқулар, сондай-ақ сарапшылар арасындағы пікір айырмашылығы есепке алынады.

### БАСЫМДЫЛЫҚ

Компаниялар тобы бірінші кезекте өз қызметіне қатысты өте шұғыл тәуекелдер бойынша шаралар қабылдайды.

### ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУ

тәуекелдерді басқару Компаниялар тобы өз мақсаттарына қол жеткізуге ұмтылатын ағымдағы сыртқы және ішкі ортаға сәйкес келеді.

### ЫНТАЛЫЛЫҚ

мүдделі тараптардың, оның ішінде Компаниялар тобының барлық деңгейінде шешім қабылдайтын тұлғалардың уақытылы және тиісті ынталы болуы тәуекелдерді басқарудың релевантты екеніне және заманауи талаптарға жауап беретініне кепілдік береді. Бұл мүдделі тараптардың олардың пікірі тәуекелдер критерийлерін бекітуде ескерілетініне сенімді болуына мүмкіндік береді.

### БЕЙІМДЕЛУШІЛІК

тәуекелдерді басқару болып жатқан өзгерістерге жауап береді. Сыртқы және ішкі оқиғаларға, корпоративтік орта мен білімдегі өзгерістерге жауап ретінде мониторинг жасалып тәуекелдер қайта қаралады. Жаңа тәуекелдер пайда болады, кейбір тәуекелдер өзгереді, тағы басқалары жойылады. Соған орай, Компаниялар тобында тәуекелдерді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру мақсатында жаңа тәсілдер мен әдістер әзірленіп, жүзеге асырылады.

### ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫЛЫҚ

басшылық тәуекелдерді басқаруға жауапты және ол бойынша есеп беретін тұлғаларға көмек беру үшін олардың қажетті ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер мен өкілеттіктерді өз мойнына алады; Компаниялар тобында тәуекел мәдениетін арттыруға көмектеседі. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың қажетті процестері бар не жоқ екенін және бұл процестердің қаншалықты ақылға сай және тиімді екенін айқындайтын қадағалаушы органның рөлін атқарады.

**Топтың тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі мақсаттарына** Топтың шаруашылық қызметін тиімді жүзеге асыру мен репутациясына, жұмысшылар денсаулығына, қоршаған ортаға, акционерлер мен инвесторлардың мүліктік мүддесіне қауіп төндіретін оқиғаларды (тәуекелдерді) айқындау, бағалау және олардың теріс ықпалын төмендету, сондай-ақ, Топ алдына қойған стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудегі тұрақты үздіксіз қызмет пен даму, ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету үшін оң мүмкіндіктерді туғызу.



## Тәуекел-менеджмент процесінің негізгі кезеңдері

**1 КЕЗЕҢ**
**ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АНЫҚТАУ**

Тәуекелдерді анықтау процесі және одан әрі бағалау мен басқару үшін Корпорацияның тәуекелдер реестріне енгізу. Тәуекелдердің иелерін тағайындау.

**2 КЕЗЕҢ**
**ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

Тәуекелдің Корпорацияның өндірістік және қаржылық-экономикалық көрсеткіштеріне қаншалықты ықпал ететінін айқындау процесі.



3
КЕЗЕҢ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Корпорация қызметіне ықпал ететін оң оқиғаларды арттырып, теріс оқиғаларды азайту жолымен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ең тиімді тәсілдерін анықтаумен, бағалаумен және таңдаумен байланысты процесс.

4
КЕЗЕҢ
ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ МОНИТОРИНГ

Тәуекелдерді басқару бойынша Шаралар жоспарына мониторинг жасауға бағытталған процесс (шараларды атқарудың тұрақтылығы, уақытылы болуы және сапасы).

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

ТБЖ қатысушылары арасында жауапкершіліктің бөлінісі және олардың өзара әрекет сипаты Корпорацияның Директорлар кеңесі бекіткен ішкі нормативтік құжаттармен регламенттеледі.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- ТБЖ даму стратегиясын айқындау;
- ТБЖ ұйымдастыру принциптері мен тәсілдерін бекіту;
- Сыни тәуекелдерді басқару бойынша шешімдер қабылдау;
- Келесілерді бекіту:
  - Акционерлер үшін қолайлы тәуекел деңгейі (тәуекел-тәбет);
  - Тәуекелдерді басқару бойынша тиімділік көрсеткіштері;
  - Тәуекелдер регистрі;
- Тәуекелдер иелерін бекіту (тағайындау);
- Негізгі тәуекелдерді бекіту бойынша есептерді қарау және бекіту;
- ТБЖ бойынша ішкі құжаттарды бекіту.

## Аудит жөніндегі комитет

- Келесілердің алдын ала қаралуы және мақұлдануы:
  - ТБЖ тиімділігі туралы ішкі аудиттің есептері;
  - Тәуекелдің қолайлы деңгейі (тәуекел-тәбет);
  - Тәуекелдер регистрі;
  - Тәуекел иелерінің тізімі;
  - Тәуекелдерді басқару бойынша есептер;
  - ТБЖ бойынша ішкі құжаттар.
- Директорлар кеңесін уақытылы ақпараттандыру және ТБЖ жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау.

## Басқарма

- ТБЖ қызметін қамтамасыз ету, оның ішінде:
  - ТБЖ жұмысы бойынша қажетті шешімдерді қабылдау және бекіту;
  - Тәуекелдерді басқару бойынша кросс-функционалды міндеттерді шешу.
- тәуекел иелерін бекіту (тағайындау)

## Тәуекел-менеджмент департаменті

Аудит жөніндегі комитетке есеп береді

- ТБЖ барлық қатысушыларының әрекеттерін үйлестіру;
- Тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіру және әдістемелік қолдау;
- Сыни тәуекелдерді талдау және негізгі тәуекелдер туралы ақпаратты әзірлеу;
- Тәуекелдерді анықтау және бағалау процесін ұйымдастыру (Тәуекелдердің корпоративтік реестрі мен сыни тәуекелдер регистрін қалыптастыру/жаңалау);
- ТБЖ бойынша шараларды орындау бойынша ақпарат жинау және талдау;
- Тәуекелдердің негізгі индикаторларына (ТНИ) мониторинг және талдау;
- Барлық мүдделі тараптарды (Атқарушы орган, Аудит жөніндегі комитет, Директорлар кеңесі) тәуекелдер туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

ТБЖ аясында ТМД ақпараты/есебі

## Тәуекел иелері

- Тәуекелдерді уақытылы анықтау және бағалау;
- Тәуекелдерді басқару әдістері мен тәсілдері бойынша ұсыныстарды қалыптастыру;
- Тәуекелдерді басқару бойынша шаралардың орындалуын уақытылы әзірлеу және ұйымдастыру;
- Тәуекелдерге мониторинг.

## Тәуекелдерді басқару бойынша соңғы процедуралар мен шаралардың орындаушылары

- Тәуекел иесіне тәуекелдерді басқару бойынша шараларды әзірлеуге көмектесу;
- Тәуекелдерді уақытылы азайту үшін бақылау рәсімдерін орындау;
- Тәуекелдерді басқару бойынша шараларды уақытылы және толық көлемде орындау.

### Ішкі аудит департаменті

Функционалды түрде Аудит жөніндегі комитетке бағынады

- ТБЖ және ІБЖ ағымдағы жағдайына мониторинг және тиімділігіне тәуелсіз бағалау;
- ТБЖ және ІБЖ тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар;
- Атқарушы орган мен Директорлар кеңесін жасалған аудиторлық тексерулер нәтижесі бойынша ТБЖ және ІБЖ жағдайы туралы ақпараттандыру.

Компаниялар тобы тәуекел-менеджменттің стандарттары мен үздік тәжірибелеріне сай болуға ұмтылады, тәуекелдерді басқару мәдениетін арттырады және тәуекел-менеджмент процестерін үздіксіз жетілдіреді.

## ТӘУЕКЕЛ-ТӘБЕТ

Тәуекел-тәбет – Компаниялар тобы өзі үшін дұрыс деп есептейтін және өз мақсаттарына қол жеткізу процесінде сақтауға ұмтылатын тәуекелдердің шекті рұқсат етілетін деңгейі болып табылады.

2022 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен Компаниялар тобында тәуекел-тәбетті айқындау және мониторинг жасаудың жаңартылған әдістемесі бекітілді. Ол тәуекелдерді басқаруды Компаниялар тобының стратегиялық басқаруымен біріктіруге бағытталған.

Компаниялар тобында тәуекел-тәбет деңгейін айқындау және мониторинг жүргізу әдістемесіне сәйкес, тәуекел-тәбет тактикалық және операциялық мақсаттар деңгейіне дейін декомпозицияланады. Бұл тәуекелдердің іске асуына байланысты қызметтің нысаналы көрсеткіштерінен рұқсат етілетін ауытқуларды (тәуекелге төзімділік) белгілеу арқылы жүзеге асырылады.



## ТӘУЕКЕЛ-ТӘБЕТ

Компаниялар тобында тәуекелдің дұрыс деңгейінде операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметті жүргізу шеңберін айқындайтын басқарудың қосымша құралы болып табылады. Тәуекелдің дұрыс деңгейін сақтау Компаниялар тобының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде кепілді сенімділік береді.

# ТӘУЕКЕЛ-ТӘБЕТТІ АНЫҚТАУ, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОҒАН МОНИТОРИНГ ЖАСАУ ПРОЦЕСІ

Компаниялар тобының тәуекел-тәбет туралы жаңартылған мәлімдемесі «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (№ 3 хаттама, 13.02.2024 ж.). Тәуекел-тәбет туралы мәлімдеме жасау тәсілі тәуекелдерді басқаруды стратегиялық басқарумен тығыз біріктіруге негізделген.



## Тәуекел топтары мен тәуекел-тәбет көрсеткіштері

Тәуекел-тәбет туралы мәлімдеменің жекелеген үзінділері

| Тәуекел тобы | Тәуекел-тәбеттің мақсатты көрсеткіштері |
|---|---|
| Кадрлық тәуекелдер | Топ **персоналдың тұрақсыздығы деңгейін белгіленген шектен асырмауға ұмтылады.** |
| | Топ **персоналдың толтырылған штаттық санын белгіленген шектен төмендетпеуге ұмтылады.** |
| | Топ **өз қызметкерлерінің еңбекақысы мен еншілес ұйымы қызмет ететін өңірдегі өнеркәсіп бойынша орташа еңбекақы деңгейінде айырмашылық болмауы керек** деп есептейді және мұндай айырманы еңбекақыны арттыру жолымен жоюға ұмтылады. |
| | Топ басшылық лауазымдарға бос орындарды толтыру кезінде **кадрлық резервте үміткерлердің болмауына жол бермейді.** |
| Коммерциялық тәуекелдер | Топ жылу энергиясын тасымалдау кезінде **нормативтен тыс шығындардың болуынан туындайтын шығыстарға нөлдік төзімділікке ие** және оларды азайтуға (жоюға) бағытталған ауқымды ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін орындауды қамтамасыз етуге ұмтылады. |
| Технологиялық тәуекелдер | Топ жөндеу және/немесе инвестициялық бағдарламаларды сапасыз орындау және/немесе толық емес көлемде орындау, (қолданыстағы тарифтік қаржыландыру аясында) ресурстарды тиімсіз пайдалану себепті **қондырғылардың апаттылық тәуекеліне нөлдік төзімділікке ие және қондырғылар жұмысының тоқтап қалуына жол бермеуге ұмтылады.** |
| | Топ қондырғыларды/ғимараттарды/құрылыстарды ТҚжЖ бойынша шараларды және күзгі-қысқы кезеңді апатсыз өткізуге дайындыққа бағытталған өзге де **шараларды орындау мерзімін (кестесін) бұзуға жол берілмеу керек** деп есептейді. |
| Жобалық тәуекелдер | Топ қызмет мерзімі өткен өндіріс қуаттылықтарын, энергияны беру және тарату нысандарын, негізгі өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды заманауи түрлеріне ауыстыруға бағытталған инвестициялық бағдарламалардың **шараларын орындау мерзімін (кестесін) бұзуға жол берілмеу керек** деп есептейді. |
| | Топ инвестициялық бағдарламаларды **тәуекелдерге кешенді бағалау жүргізбестен** және корпоративтік құжаттардың талаптарына сәйкес жобаларды мақұлдау рәсімдерінен өтпестен **инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жол берілмеу керек деп есептейді** және оған нөлдік төзімділікке ие. |
| Кәсіби тәуекелдер | Топ апатсыз өндірістік қызметті, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге өз жауапкершілігін түсінеді және **Топ, мердігер ұйымдар жұмысшыларының және келушілердің өндірістік жарақат алуына әкелетін тәуекелдерге нөлдік төзімділікке ие.** |
| | Топ **қауіпсіздік пен еңбекті қорғау (ҚжЕҚ) шараларын қаржыландыруды** және қызметкерлердің еңбек жағдайларын **қажетті деңгейде** қамтамасыз етуді (ҚР нормативтік-құқықтық актілері мен Топтың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес көлемде) мақсат етеді. Бюджеттерді секвестрлеу, ҚжЕҚ шараларына арналған шығындарды қысқарту және ҚжЕҚ қорының қаражатын басқа мақсаттарға пайдалану қабылданбайды. |




| Тәуекел тобы | Бюджеттерді секвестрлеу, ҚжЕҚ шараларына арналған шығындарды қысқарту және ҚжЕҚ қорының қаражатын басқа мақсаттарға пайдалану қабылданбайды. |
|---|---|
| Кредиттік тәуекелдер және қаржылық тұрақсыздық | Компаниялар тобы өзінің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуіне қатысты **төмен тәуекелдерге баруға дайын екенін мәлімдейді,** ол тәуекелдер **EBITDA көрсеткішінің бизнес жоспардан төмен бағытта ауытқуымен өлшенетін табыстың төмендеуімен сипатталады.**<br>Топ операциялық және инвестициялық қызметті жүзеге асыруда, сондай-ақ **қаржылық институттармен кредиттік келісімдермен белгіленген ковенанттардың бұзылуына әкелмейтін** өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруда **тәуекелдерді қабылдайды.**<br>Топ электр және жылу энергиясының бөлшек нарығындағы **мерзімі өткен дебиторлық берешектің өсуіне** әкелуі мүмкін тәуекелдерге **нөлдік төзімділік** танытады. Мерзімі өткен дебиторлық берешектің көлемі мен өсуін бақылау көрсеткіші еншілес ұйымдардың басшыларын ынталандыру жүйесіне енгізіліп, бөлімше басшылары деңгейіне дейін таратылады. |
| Репутациялық тәуекелдер | Топ репутация айрықша маңызды екенін мойындайды, сондықтан өз қызметінде оның **абырой-беделіне қауіп төндіретін** және негізгі мүдделі тараптары тарапынан сенімнің жоғалуына әкелетін **тәуекелдің кез-келген түрінен бас тартады.** |
| Бухгалтерлік тәуекелдер | Топ есеп шоттарында және (немесе) қаржылық есептілікте **шаруашылық операциялардың дұрыс көрсетілмеуіне (көрсетілмеуіне) нөлдік төзімділік** көрсетеді. |
| Салық тәуекелдері | Топ **салықтық тәуекелдерге төзімділік көрсетпейді және** қаржылық шығындар немесе басқа да **теріс салдар түрінде көрінуі мүмкін ықтимал нәтижелерді болдырмайды.** |
| Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері және IT-тәуекелдер | Топ ақпараттық қауіпсіздік/кибертәуекелдерге қатысты **төмен тәуекелге бейімділікке ие** (тәуекелді төмендетуді қалайды), **қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, ақпараттық ресурстардың, бағдарламалық жасақтаманың және жабдықтардың тұтастығын бұзбауға**, сондай-ақ құпия ақпараттың рұқсатсыз жариялануын болдырмауға ұмтылады. |
| Экологиялық тәуекелдер | Топ **қоршаған ортаға айтарлықтай теріс ықпал етуі мүмкін** және ҚР табиғат қорғау заңнамасында белгіленген лимиттер мен талаптардан асып кетуге әкелетін **тәуекелдерге нөлдік төзімділікке ие.** Ықтимал теріс ықпалдың алдын алу үшін Топ өзіне жауапкершілік алады және қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды сақтау және қалпына келтіру бойынша қажетті шараларды қабылдайды. |
| Құқықтық және комплаенс тәуекелдер | Топ операциялық және инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде, сонымен қатар қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыруда **кез-келген форма және сипаттағы коррупцияны қабылдамау қағидасын ұстанады.**<br>Топ заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерді сақтаудың жоғары деңгейін, сондай-ақ корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін ұстанады. Топтың ҚР **заңнамалық және нормативтік актілерінің кез-келген бұзылу дерегіне тәуекел-тәбеті төмен (басымдық тәуекелдің төмендеуіне беріледі).**<br>Топ келтірілген шығынның сомасына қарамастан, кез-келген форма және сипаттағы **корпоративтік алаяқтық, әділ емес әрекет, парақорлық түрлеріне жол берілмеу керек деп есептейді** және өз қызметінде алаяқтықтың алдын алу бойынша белсенді шараларды қабылдайды. |

# ҚЫЗМЕТКЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ЖАУАП ҚАТУ ШАРАЛАРЫ

Тәуекел деңгейлері



| Апаттық | Сыни | Ірі | Байқалатын | Болмашы |
|---|---|---|---|---|

Маңыздың төмендеуі

Маңыздың жоғарылауы

Өзгеріссіз (немесе өзгеріс болмашы ғана)

| Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы | Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар |
|---|---|

**Сала: стратегиялық тәуекелдер**

**Қызмет мерзімі аяқталған жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың уақытылы жаңартылмауы**



Тәуекелдің өзектілігі мен маңыздылығы Компаниялар тобының генерациялайтын кәсіпорындарының (ЖЭО) негізгі және қосалқы жабдықтарының, ғимараттары мен құрылыстарының физикалық және моральдық тозуының жоғары деңгейімен, сондай-ақ Компаниялар тобының электр және жылу желілерінің өндірістік активтерінің айтарлықтай дәрежеде ескіруімен байланысты. Бұл жағдай апаттық тоқтатуларға әкелуі мүмкін, нәтижесінде электр энергиясын өндіру (жеткізу) көлемдерінің қысқаруы және/немесе тұтынушыларды жылу энергиясымен қажетті көлемде және сапада қамтамасыз ете алмау мәселелері туындауы ықтимал.

**НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:**

Жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды қайта құру, жаңғырту және жаңадан салу қарқынының ұзақ уақыт бойы қанағаттанарлықсыз (өте төмен) болуы келесі себептермен негізделеді:

1. Уәкілетті мемлекеттік органдардың (Энергетика министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі) электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тарату салаларында қолайсыз тарифтік шешімдер қабылдауы, бұл өз кезегінде ұзақ уақыт бойы қолданылып келген тарифтерді қолдан жасанды түрде тежеп отыру саясатына байланысты.
2. Қазақстан Республикасындағы энергетикалық кәсіпорындарды инвестициялық қаржыландырудың тиімсіз моделі (кемінде соңғы 10 жыл ішінде), соның салдарынан – саланың инвестициялық тартымдылығының төмендігі.
3. Электр және жылу желілерін пайдалану мен қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындарда инфрақұрылымға инвестиция салуға мүмкіндік беретін меншікті қаражатының шектеулігі.
4. Саланың ұзақ уақыт бойы қалыптасқан құрылымы мен тарифтік реттеу моделінің аясында, әсіресе жылу энергиясын өндіру, электр және жылу энергиясын беру мен таратуға қатысты елеулі несие ресурстарын тарту мүмкіндігінің болмауы.

Компаниялар тобының қызметі стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуі мүмкін ішкі және сыртқы тәуекел факторларымен тығыз байланысты. Тәуекелдерді тұрақты түрде мониторингтеу және тиімді басқару негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға және Компаниялар тобының тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2024 жылы Компаниялар тобында Корпоративтік тәуекелдер реестрі мен Тәуекелдер картасы қолданылды, тәуекелдердің стратегиялық және операциялық мақсаттарға ықпалына баға берілді, маңызды деңгейі тұрақты түрде өзектендіріліп отырды және тәуекелдерді өңдеу мен төмендету бойынша шаралар жүргізілді.

Компаниялар тобындағы тәуекелдердің маңыздылық деңгейі тәуекелдің ықтималдығы мен салдарын сараптамалық бағалау, сондай-ақ ықтималдық пен салдарды есептеудің математикалық әдістерін пайдалана отырып сандық бағалау арқылы айқындалады. Бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдердің маңыздылық деңгейі тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруға арналған ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген деңгейлерге сәйкес (маңызды емес, елеулі, ірі, сыни, апаттық) дәрежеленеді.

2024 жылы Компаниялар тобының Корпоративтік тәуекелдер реестрінде және Тәуекелдер картасында топ қызметіне теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін 59 тәуекел айқындалды.

Тәуекелдердің басымдығы олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарын, даму маңыздылығы мен миссиясын есепке ала отырып, Компаниялар тобы қызметінің қаржылық, экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне ықпалына қарай анықталады.

## Тәуекелді басқару тәсілі

### Сала: стратегиялық тәуекелдер

Бұл тәуекелді басқару аясында  Компаниялар тобы келесі шараларды жүзеге асырады:

1. Өндірістік тұрғыдан маңызды жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды уақытылы алмастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында қайта құру, жаңғырту және жаңа құрылысқа қатысты шаралар/жобаларды қамтитын орта және ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламалар әзірленеді және іске асырылады.
2. Тұтынушыларды жылу және электр энергиясымен жеткілікті көлемде сенімді қамтамасыз ету үшін қондырғылардың жағдайын ескере отырып, қайта құру/жаңа қондырғы орнату бойынша шаралар кезектілігін айқындау;
3. Жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың пайдалану мерзімін ұзарту мүмкіндігін негіздеу мақсатында өндірістік активтерге мерзімді техникалық куәландыру жүргізіледі.
4. Инфрақұрылымның негізгі элементтерін ауыстыру үшін жабдықтар, материалдар мен қосалқы бөлшектердің резервтік қоры (азаймайтын апаттық қор) қалыптастырылады және оған қолдау көрсетіледі.

Мемлекеттік деңгейде 2023 жылдан бастап энергетика және коммуналдық секторды қолдау бойынша келесі шаралар қабылданды:

1. 2023 жылғы шілдеден бастап, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын іске асыру аясында, ҚР Энергетика министрлігі жаңартылған «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске қосып, жүзеге асыруда. Бұл бағдарлама шеңберінде 2023-2029 жылдар аралығында табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтері жыл сайын кезең-кезеңімен артып, негізгі қорларды жедел жаңғырту қамтамасыз етіледі.
2. 2024 жылы ҚР Энергетика министрлігі келесі шешімдерді қабылдады:
   - электр энергиясын өндіруші ұйымдар үшін, оның ішінде Компаниялар тобы үшін электр энергиясына шекті тарифтер қайта қаралып (ұлғайтылып) бекітілді;
   - электр қуатының дайындық қызметіне шекті тариф 590 мың теңгеден 1 065 мың теңгеге дейін (мегаватт/ай бойынша) ұлғайтылды.

Шекті тарифтердің өсуі Республиканың энергетикалық секторын тұрақты дамытуға ықпал ететін нарықтық әрі теңгерімді баға белгілеу моделіне көшу шараларының бір бөлігі болды. Қабылданған шаралар 2024 жылы Компаниялар тобында жөндеу және инвестициялық бағдарламалардың айтарлықтай өсуіне ықпал етіп, жабдықтардың дайындық деңгейіне және энергиямен жабдықтаудың сенімділігіне оң әсерін тигізді.

3. 2024 жылы ҚР Энергетика министрлігі электр қуаты нарығында қайтарымды инвестициялар бойынша жылдық лимитті 32 млрд теңгеден 428 млрд теңгеге дейін ұлғайтты. Бұл шешім энергетика секторындағы инвестициялық жобалар пулын кеңейтуге мүмкіндік берді, оның ішінде жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші объектілерді жаңғырту, қайта құру және кеңейту жобалары бар.
4. 2024 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы бекітілді. Жоба 2025-2029 жылдар аралығына есептелген және келесі нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:
   - апаттар деңгейін 20%-ға төмендету;
   - энергетикалық және коммуналдық активтердің тозу деңгейін ел бойынша орта есеппен 40%-ға дейін төмендету.

Бұл жобаға Павлодар және Солтүстік Қазақстан облысының жылу желілері компаниялары қатысады.

Қызмет ету мерзімі аяқталған жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың уақытылы алмастырылмау тәуекелі Компаниялар тобының Тәуекелдер картасындағы апаттық аймақтан шықты. Алайда, 2024 жылдың қорытындысы бойынша бұл тәуекелдің маңыздылық деңгейі өндірістік активтердің жоғары тозу деңгейіне байланысты Компаниялар тобы үшін сыни тәуекелдер аймағында қалып отыр. Коммуналдық секторға, әсіресе электр және жылу желілері кәсіпорындарына бағытталған мемлекеттік қолдау шараларының алғашқы нақты нәтижелері 1-2 жылда (2025-2026 жылдары) байқалады, ал барынша тұрақты әсерге Ұлттық жобаның толық әрі сәтті жүзеге асырылуы аяқталғаннан кейін — яғни 2029 жылы қол жеткізіледі деген болжам бар.

| Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы | Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар | Тәуекелді басқару тәсілі |
|---|---|---|
| **Сала: стратегиялық тәуекелдер** | | |
| **Қызмет мерзімі аяқталған жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың уақытылы жаңартылмауы**<br> | Компаниялар Тобының Инвестициялық бағдарламасының физикалық көлемдері мен іс-шаралардың (жобалардың) уақытылы орындалуы, сондай-ақ Жөндеу бағдарламасының орындалуы электр энергиясын өндіру/беру және тұтынушыларды жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігіне тікелей әсер етеді.<br>2024 жылғы Компаниялар тобының Инвестициялық бағдарламасының орындалу көрсеткіші 2023 жылғыдан жоғары болды.<br>2024 жылы Компаниялар Тобы үшін негізгі тәуекелді оқиғалар ретінде кейбір еншілес ұйымдардың өндірістік активтерін реконструкциялау бойынша жоспарланған іс-шаралардың толық көлемде орындалмауы аталды:<br>• • мердігер тарапынан келісімшарттық міндеттемелердің орындалмау тәуекелі орын алып, бұл кейбір іс-шаралардың аяқталу мерзімін уәкілетті органмен келісу арқылы 2025 жылға кейінге қалдыру қажеттілігін туғызды.<br>2024 жылдың қорытындысы бойынша тәуекел деңгейі апатты аймақтан маңызды аймаққа дейін төмендеді.<br>**НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:**<br>1. Жобалаушы мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстарының кестесін сақтамауы;<br>2. Жұмыстарға төмен бақылау/жобалау басқаруының нашар сапасы;<br>3. Инфляция және материалдар мен жабдықтардың бағасының өсуі;<br>4. Құрылыс-монтаж жұмыстары үшін материалдық-техникалық құндылықтардың уақытында жеткізілмеуі, соның ішінде көрші мемлекеттердегі әскери іс-қимылдар сияқты геосаяси факторларға байланысты. | 2024 жылы Компаниялар тобы үшін жаңартылған және «ОАЭК» АҚ Басқармасы арқылы бекітілген инвестициялық қызметтің бірыңғай регламенті қабылданды.<br>Тәуекелдерді азайту мақсатында Компаниялар тобы келесі іс-шараларды жүзеге асыруда (бұл тізім толық емес):<br>1. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру кестелерінің апта сайынғы ревизиясы және қажет болған жағдайда түзетулері;<br>2. «ОАЭК» АҚ жоғарғы менеджмент деңгейінде, еншілес және немеңші компаниялардың басшылары мен мердігерлердің қатысуымен Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларына апта сайын мониторинг жүргізу;<br>3. Инвестициялық бағдарламаның негізгі көрсеткіштерін орындау бойынша стандартталған есептіліктің әзірленуі;<br>4. Инвестициялық бағдарламаның маңызды жұмыстарын орындауда мердігерлердің техникалық және қаржылық қабілеттілігін бағалау;<br>5. Ең жауапты мердігерлік жұмыстарға, соның ішінде ықтимал шетелдік мердігерлерге кең ауқымды кандидаттарды іріктеу;<br>6. Мердігерлермен жасалатын шарттарда айыппұлдық талаптардың енгізілуі және жұмыс істеуі;<br>7. Құрылыс-монтаж жұмыстары орындалу кезінде тапсырыс берушінің басшылығын тарту арқылы мердігерге техникалық және қаржылық бақылаудың дұрыс ұйымдастырылуы;<br>8. Инвестициялық бағдарламаның маңызды нысандарына мердігерлік шарттар жасасу кезінде мердігерге төленген авансты қаржылық және/немесе мүліктік қамтамасыз ету тетіктерін қалыптастырудың орындылығы қарастырылады. |
| **Құзырлы органның жайсыз тарифтік шешімдер қабылдауы (тарифтік қаржыландырудың жеткіліксіздігі)**<br> | Электр және жылу энергиясын өндіру, беру және сату тарифтерінің өсуін ұзақ уақыт (2015-2022 жылдар) бойы жасанды түрде тежеген кезеңнен кейін, Мемлекет энергетикалық және желілік жабдықтардың тозуының апаттық деңгейге жетуі, өндірістік қорлардың жаңартылу қарқынының төмендігі, апаттылықтың күрт артуы және саладағы кадрлық жағдайдың күрт нашарлауы себепті тарифтерді кезең-кезеңімен арттыруға көшті.<br>**НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:**<br>1. Шекті тарифтерге қатысты заңнаманы өзгерту тәуекелдері;<br>2. Тарифтердің «қатырылу» мүмкіндігі;<br>3. Тарифті бекітуден бас тарту (соңғы тұтынушыларға арналған тариф есебінен инфляцияны баяулату).. | Аталған тәуекелдерді басқару шеңберінде келесі шаралар кешені жүзеге асырылады:<br>1. ҚЭК жанындағы Нарық кеңесінің жұмысына қатысу.<br>2. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ТМРКД жұмыс комиссияларына қатысу.<br>3. Стратегиялық ресурстардың құнының және саладағы жалақы деңгейінің өсуіне байланысты қолданыстағы тарифтерді түзетуді қоса алғанда, тарифтерді өзгертуге өтінімдерді уақытылы және экономикалық тұрғыдан негізделген түрде ұсыну.<br>4. Қоғамдық алаңда Компаниялар тобы негіздейтін әділ тарифтерге қатысты негізгі стейкхолдерлердің адал көзқарасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізу.<br>2023 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның негіздемелері мен уақытылы ұсыныстары ескеріліп, ҚР Энергетика министрлігі 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап электр энергиясын өндірудің шекті тарифтерін қарап, бекітті.<br>Қазақстан Республикасындағы тарифтерді қалыптастыру ережелеріне сәйкес және «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы негізінде құзырлы мемлекеттік орган табиғи монополия субъектілері болып табылатын компаниялар тобы кәсіпорындарының тарифтері арттырылуда. |

| Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы | Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар | Тәуекелді басқару тәсілі |
|---|---|---|
| Сала: стратегиялық тәуекелдер | | |
| **Білікті персоналдың дефициті (жетіспеушілігі)**<br><br>**Білікті/ негізгі персоналдан айырылу**<br> | Компаниялар тобы кәсіпорындарының қызметі көп жағдайда негізгі білікті қызметкерлерге тәуелді. Әсіресе өндірістік-техникалық салада қызметкерлер санының жеткілікті болмауы кадр дефицитімен байланысты тәуекелдің пайда болуына әкеледі. Білікті мамандар санының шектеулілігі мен оларға деген бір уақыттағы сұраныстың артуына байланысты Қазақстан мен жақын шетелдегі бәсекелестік күшейіп келеді.<br>**НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:**<br>1. Энергетика саласы қызметкерлерінің орташа еңбекақысының бәсекеге қабілетсіз деңгейі және оның салдарынан аталған сала тартымдылығының төмен болуы.<br>2. Компаниялар тобының еншілес кәсіпорындары қызмет ететін өңірде білікті кадрларға сұраныстың жоғары болуы және еңбек жағдайлары бойынша бәсекеге қабілетті ұсыныстардың көптігі.<br>3. Оқу орындарының энергетика саласына білікті кадрларды дайындау деңгейінің төмендігі.<br>2024 жылы компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің орташа жалпы тұрақсыздығы мен штатты толықтыру көрсеткіші жақсарып, бірнеше жыл ішінде алғаш рет төзімділік аймағына енді. Бұл 2023-2024 жылдары қызметкерлердің еңбекақысын көтерумен байланысты (тарифтерді қалыптастыру ережелеріне сәйкес табиғи монополия субъектілеріне тиісті өңірдегі орташа салалық жалақы деңгейіне қызметкерлердің орташа жалақысын жеткізу мақсатында жыл сайын уәкілетті органға тарифтерді көтеру туралы өтініш жасау мүмкіндігі берілген), сондай-ақ 2024 жылы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ компаниялар құрамынан кадрлық тәуекелдері ұзақ жылдар бойы апаттық аймақта болған еншілес ұйым – «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-нің шығуымен байланысты.<br>2024 жылдың қорытындылары бойынша кадр тұрақсыздығы (қызметкерлердің кетуі) және персоналмен толық жасақталу жөніндегі негізгі тәуекел «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында шоғырланған. | 2024 жылы Компаниялар тобы үшін 2025-2027 жылдарға арналған HR-Стратегия бекітілді, ол кадрлық әлеуеттің тұрақтылығын арттыруға және негізгі кадрлық тәуекелдерді азайтуға бағытталған.<br>HR-Стратегияның негізгі басымдықтары:<br>• кадрлық резервті қалыптастыру және дамыту;<br>• еңбек ақы төлеу механизмдерін жетілдіру;<br>• жас мамандарды тарту;<br>• HR-процестерді цифрландыру;<br>• тәлімгерлік пен жүйелі оқытуды дамыту.<br>HR-Стратегия жобаларын іске асырудан күтілетін нәтижелер:<br>• кадрлық жағдайды тұрақтандыру қызметкерлердің ауысуын азайтуға, кадр тапшылығын жоюға және қызметкерлердің тартылуын арттыруға мүмкіндік береді;<br>• өндірістік тиімділікті арттыру. |
| **Жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары**<br> | 2024 жылдың қорытындылары бойынша, 2023 жылмен салыстырғанда, Компаниялар тобының жылу таратушы кәсіпорындарында, атап айтқанда «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары деңгейінің өсуі тіркелді. Ал «Павлодар жылу желілері» ЖШС-нде бұл көрсеткіштің төмендеуі байқалды.<br>Сонымен қатар, нормативтен тыс (коммерциялық) шығындар жылумен қамтамасыз етуші ұйымдар үшін тікелей залал болып табылатындықтан, бұл тәуекел Компаниялар тобы үшін жалпы алғанда сындарлы (сыни) күйінде қалып отыр.<br>**КЛЮЧЕВЫЕ РИСК-ФАКТОРЫ:**<br>1. Жылу желілерінің өте жоғары тозу деңгейі.<br>2. Жылу магистральдарындағы ақаулар мен апаттар. | Аталған тәуекелді төмендету аясында Компаниялар тобында тұрақты негізде нормативтен тыс шығындарды азайтуға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылады:<br>1. Құбыр өткізгіштерінің зақымдалған/жоқ қаптамаларын қалпына келтіру.<br>2. Тарифтік смета мен Инвестициялық бағдарламада қарастырылған шығындар аясында жылу желілеріне жыл сайынғы күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу.<br>3. Жылу шығындарын тікелей төмендетуді қамтамасыз ететін және айқын экономикалық әсер беретін инвестициялық шараларды басымдықпен орындау.<br>4. Алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіштерін (ППУ-технология) пайдалана отырып жылу желілерін қайта құру. |

| Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы | Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар | Тәуекелді басқару тәсілі |
|---|---|---|
| **Сала: стратегиялық тәуекелдер** | | |
| **Жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары** | 3. Тұтынушылардың жылу түйіндерінде гидравликалық және температуралық режимдерді қамтамасыз ету үшін жылу желілері жұмысының рационалды емес режимі<br>4. Тұрмыстық тұтынушылардың жылу ж елілерінде есеп құралдарының болмауы.<br>5. Тұрғын үй қорының жылу тұтыну нормасының нақты жылу тұтынуымен сәйкес келмеуі (көп қабатты тұрғын үйлер).<br>6. «Иесіз»/тұтынушылық жылу желілеріндегі жылу энергиясының төленбейтін шығындары және т.б.<br>7. Жылу энергиясының құбырларын суық сумен жабдықтау құбырларымен бірге төсеу. | 5. Тұтынушылардың элеваторлық жылу түйіндерінде есептік дроссель құрылғыларын орнату;<br>6. Жылу энергиясын рұқсатсыз тұтыну деректерін анықтау және олардың жолын кесу;<br>7. Тұрғын үй қорының жылу тұтыну нормаларын нақты жылу тұтынымы деңгейіне көтеру мақсатында өкілетті мемлекеттік органдармен өзара қызмет.<br>2024 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы бекітілді. Жоба 2025 жылдан 2029 жылға дейінгі мерзімді қамтиды және келесі нәтижелерге қол жеткізуді мақсат етеді:<br>• апаттық жағдайлар деңгейін 20%-ға төмендету;<br>• ел бойынша энергетикалық және коммуналдық активтердің тозуын орташа есеппен 40%-ға қысқарту.<br>Жобаға сондай-ақ компаниялар тобының жылу беруші кәсіпорындары қатысады. Жобаны ұзақ мерзімді перспективада (2029 жылға қарай) жүзеге асыру Павлодар және Петропавл қалаларының тұтынушыларын жылумен қамтамасыз етудің сенімділігін арттыруға, артық нормативтік жылу энергиясы шығындарының пайда болу мүмкіндігін азайтуға немесе толығымен жоюға мүмкіндік береді деп күтілуде. |
| **Қондырғылар жұмысындағы технологиялық ақаулар (апаттар, I және II дәрежелі істен шығулар)** | Өндірістік және желілік жабдықтардың физикалық және моральдық ескіруі авариялық ақаулардың пайда болуына әкеп соғады. Апаттық істен шығулардың салдары:<br>• электр энергиясын өндіру көлемінің төмендеуі;<br>• электр қуатының дайындық көлемін қамтамасыз ету туралы келісімшарт аясындағы міндеттемелердің орындалмауы (жеткізілмеуі);<br>• тұтынушыларға жылумен жабдықтау сапасының нашарлауы;<br>• жылу энергиясының жоғалтуларының артуы.<br>2024 жылдың қорытындысы бойынша технологиялық бұзылыстардың (апаталар, I және II дәрежелі ақаулар) пайда болу қаупі сыншыл тәуекелдер аймағында қала береді, себебі Компаниялар тобының өндірістік және желілік жабдығының жұмысындағы бұзылыстар статистикасы тым жоғары деңгейде қалып отыр. 2024 жылы Компаниялар тобында бір авариялық бұзылу тіркелді, бірнеше I дәрежелі ақаулар және жабдық жұмысының II дәрежелі ақауларының елеулі саны тіркелді. | 2024 жылға Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі:<br>• энергия өндіретін ұйымдар мен Компаниялар тобы үшін электр энергиясына шекті тарифтерді түзетті (арттырды);<br>• электр қуатының дайындық қызметіне шекті тариф артты – 1 мегаваттқа айына 590 мың теңгеден 1 065 мың теңгеге дейін, бұл «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның 2024 жылға арналған жөндеу науқаны мен инвестициялық бағдарламасы аясында негізгі және қосалқы жабдықтардың ауқымды көлемдегі капитальдық және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жоспарлауға және орындауға мүмкіндік берді.<br>2024 жылы Компаниялар тобының табиғи монополия субъектілері «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында алдыңғы кезеңдерге қарағанда кеңейтілген инвестициялық шаралар көлемін жүзеге асырды.<br>Компаниялар тобының 2025 жылға арналған жөндеу және инвестициялық бағдарламалары өндірістік активтерді жөндеу, қайта құру және жаңғырту бойынша бұрын-соңды болмаған көлемдегі жұмыстарды орындауды жоспарлап отыр, бұл орта мерзімді перспективада жабдықтардың сенімділігін арттыруға және авариялардың азаюына оң әсерін тигізеді деп күтілуде. |

| Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы | Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар | Тәуекелді басқару тәсілі |
|---|---|---|
| **Сала: стратегиялық тәуекелдер** | | |
| **Қондырғылар жұмысындағы технологиялық ақаулар (апаттар, I және II дәрежелі істен шығулар)**<br> | **НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:**<br>1. Негізгі өндірістік және желілік жабдықтардың физикалық тозуының жоғары деңгейі және ресурстың таусылуы;<br>2. Тарифтердің жасанды түрде шектелуі кезеңіндегі қаржылық ресурстардың шектеулілігі, нәтижесінде жабдықтарды қайта құру мен жаңғырту қарқынының төмендігі және жөндеу бағдарламаларының жеткіліксіздігі. | |
| **Тәуекелдер саласы: қаржылық тәуекелдер** | | |
| **Электр және жылу энергиясының бөлшек нарығында кешіктірілген дебиторлық қарыздың қалыптасуы**<br> | 2024 жылдың қорытындысы бойынша Компаниялар тобына кіретін барлық еншілес энергияны сату ұйымдарында үш айдан асқан дебиторлық қарыздың (ішкі топаралық қарызды есептемегенде) жалпы дебиторлық қарыз ішіндегі үлесі төмендеді.<br>Бұл көрсеткіш (тәуекел-индикатор) бірнеше жыл ішінде алғаш рет төзімділік аймағына енді, тәуекел Компаниялар тобының тәуекелдер картасында айтарлықтай тәуекелдер аймағына көшті.<br>**НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:**<br>1. Тұтынушылардың жылу және электр энергиясын жеткізу қызметтері үшін уақытылы және толық төлем жасау шарттарын орындамауы, оның себебі:<br>• төлем тәртібінің төмендігі;<br>• негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлауы (инфляция, жұмыссыздық);<br>2. Энергиямен қамтамасыз ету қызметтері үшін қарызды өтеусіз тұрғын үйді сатып-алу және сату мәмілелерін жасауға қатысты заңнамалық базаның кемшіліктері;<br>3. Тұрғын үйдің меншік иесі ауысқанда энергиямен қамтамасыз ету лісімшарттарының уақытылы қайта жасалмауы. | Компаниялар тобына кіретін энергияны сату ұйымдары аталған тәуекелді басқару шеңберінде тұрақты түрде келесі кешенді шараларды жүзеге асырады:<br>• тұтынушыларға қарызы туралы хабарлау;<br>• уақытылы төлем жасалмаған жағдайда энергияны беруді тоқтату;<br>• қарызды бөліп өтеу кестелерін жасау;<br>• қарызын төлемеген тұтынушылардан қарызды және айыппұлды өндіру мақсатында талап-арыз жұмыстары жүргізіледі;<br>• қарыз алушылардың мүлкін тәркілеу;<br>• сот орындаушыларымен бірлесіп қарызын төлемегендерге рейдтер ұйымдастырылып, мүлік тізімі жасалып, тәркіленеді;<br>• кәсіпорындарға қызметкерлердің коммуналдық қызметтер ақысын уақытылы төлемегені туралы ақпарат жіберіледі;<br>• қарыз алушылардың Қазақстан Республикасының шекарасынан шығуына шектеу қойылады;<br>• қарыз алушының қаржы алатын көздерінен (жалақы және зейнетақы аударымдарынан ұстау) өндіріп алу жүргізіледі;<br>• Қарызды өндіру әдісі өзгертіліп, оның негізінде қарыз алушының мүлкі (пәтер немесе автокөлік) бағаланады және саудаға шығарылады.<br>Төлену мүмкіндігі төмен қарыздар бойынша Компаниялар тобына кіретін энергияны сату ұйымдарының бухгалтерлік есептерінде күмәнді қарыздарға резервтер қалыптастырылады. |



# ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Компаниялар тобының қызметі тұрақты даму саласындағы тәуекелдермен байланысты. Компаниялар тобы өз қызметінің Біріккен Ұлттар Ұйымы Жаһандық шартының адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және коррупцияға қарсы әрекет ету салаларындағы негізгі қағидаларына сай келуіне бар күшін салады. Топ тұрақты даму саласындағы БҰҰ мақсаттарын ұстанады және оларға қол жеткізуге, соның ішінде тәуекелдерді уақытылы анықтау, бағалау және оған әрекет ету арқылы өз үлесін қосады.

# КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер және оның аясында экологиялық және климаттық нормалардың қатаңдатылуы Компаниялар тобының жоспарлары мен стратегиясын жасау кезінде ең басымдық берілетін тәуекелдердің тобына жатады. Бүгінгі күні халықаралық экологиялық және климаттық нормалар, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалары Топты аталған тәуекелдер тобын басқару бойынша мүлтіксіз шаралар қабылдауға мәжбүрлейді.

Қазақстан Париж келісімін 2015 жылы ратификациялап, сол арқылы өзінің климаттың өзгеруімен жалпыәлемдік күресте бірге екенін растады. Республикада парник газдарын шығаруды қысқарту бойынша міндеттемелерді мойынға алу аясында негізгі өнеркәсіп салаларын, оның ішінде энергия өндіруші ұйымдарды көміртекті квоталау жүзеге асырылады. Компаниялар тобы парник газдарын қысқарту ісіне асқан жауапкершілікпен қарайды, бірақ бұл ретте көміртекті квоталау Топ үшін келесі мәселелер мен тәуекелдерді туындататынын хабарлайды:

- $CO_2$ шығарындыларының өзіндік бөлшек коэффициенті бекітілген бенчмарктардан жоғары энергия өндіруші кәсіпорындар үшін квота дефицитінің қалыптасуы;
- Базалық желімен салыстырғанда өнім өндірісі көлемінің төмендеуіне жол берген кәсіпорындардан тегін бөлінетін квота лимитінің бөлігін тартып алу;
- 2023 жылы климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға Қазақстан Республикасының Жаңартылған ұлттық үлесін бекіту, оған сәйкес 2026 жылдан бастап еркін таратылатын квоталарды жыл сайын 2,25-5,1%-ға қысқарту көлемін арттыру, бекітілген бағамен квота негізіндегі

қондырғыларға көміртегі квоталарын бастапқы сату бойынша аукционды іске қосу, экономиканың квоталанған секторлары үшін бенчмарктарды қатаңдату;

- Квота сатып алу шығындарын тарифтер есебінен жабу мүмкіндігінің жоқтығы (шығындар энергия өндіруші кәсіпорындардың тарифіне қосылмаған);
- • Шығарындыларды қысқарту және парник газдарын жұтуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру бойынша тиімді жұмыс механизмдерінің болмауы және тегін бөлінетін квоталардың қысқаруымен байланысты сату нарығында еркін квоталардың болмауы не дефицит болуының ықтималдығы.

2021 жылы ластану көз болып табылатын (бұл топқа көмір өндірісі де айтарлықтай деңгейде жатады) кәсіпорындарды қоршаған табиғи ортаға ықпалды экономикалық (жоғары шығынды) ынталандырушы механизмдерді қолдана отырып төмендетуге ынталандыратын Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі күшіне енді. Мұндай механизмдерге келесілер жатады:

- Ең үздік қолжетімді технологияларды (ЕҚТ) ендіру қажеттігі. Бұл ретте ЕҚТ енгізуге арналған шығындар (ЕҚТ енгізумен байланысты қажет инвестициялар мен қосымша операциялық шығыстар алдын ала қарапайым есеп бойынша алдағы 10-15 жылда Топтың энергия өндіруші барлық кәсіпорындары үшін 100 млрд теңгеден астам қаражатты құрауы мүмкін) не электр тарифтерінде, не жылу тарифтерінде қарастырылмаған. Осылайша, электр станцияларын өндірген энергияға қолданыстағы тариф қалыптастыру жүйесі шығынды ақтамайтындықтан барынша перспективалы және экологиялық тиімді технологияларды енгізуге мүмкіндік бермейді;
- Бірінші санатты нысандардың (бұған Топтың барлық ЖЭО жатады) пайдалануға беру салдарларын жою бойынша өз міндеттемелерін орындауды қаржылық қамтамасыз етуді беру қажеттігі. Алдын ала болжамдық бағалау бойынша тек «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО мен 3-ЖЭО үшін салдарларды жоюдың ең төменгі шекті сомасы шамамен 190 млрд теңгені құрайды. Сонымен қатар, тарифтері қатаң реттелетін энергия өндіруші кәсіпорындар үшін пайдалану салдарларын жою бойынша міндеттемелерді орындауды қаржыландырудың уақыты, көздері және тетіктері заңмен айқындалмаған.



Бұл ретте Экологиялық кодекстің талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік айыппұлдарды арттыру, қайтара құқық бұзушылық үшін, оның ішінде ескіру және рецидив мерзімі үшін санкцияларды күшейту қарастырылады. Егер кәсіпорын ЕҚТ-ға көшпеген жағдайда қоршаған ортаға бөлінетін эмиссиялар үшін төлем мөлшерлемелері 2025 жылдан бастап 2 есе, 2028 жылдан бастап 4 есе, 2031 жылдан бастап 8 есе өседі.

Кәсіпорындар тобының өндіріс орындарында барлық заманауи экологиялық және климаттық нормаларды (ҚР экономикасын декарбонизация аясында) сақтау қаржылық тәуекелін туғызып, ол Топ үшін айтарлықтай қаржылық қиындықтарға әкелуі мүмкін.

ЕҚТ енгізу бойынша қымбат тұратын ауқымды жобаларды жүзеге асыру, парник газдары шығарындыларын төмендету бойынша міндеттемелерді орындау қомақты қаражатты талап етеді, сәйкесінше Топтың қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайына теріс ықпал етеді.

Алайда, Топ жаңа Экологиялық кодекс энергетикалық сала алдына тек қана жаңа міндеттер ғана емес, сонымен бірге атмосфераға шығарындыларды азайту және Холдингтің энергетикалық және экологиялық тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер ашатынын түсінеді.

Осыны ескере отырып, Компаниялар тобы Қазақстан Республикасының энергетикалық нарығының ірі қатысушыларымен бірлесіп, Экологиялық кодекс талаптарын іске асыру тетіктерін әзірлеу үшін уәкілетті мемлекеттік органдармен, тиісті министрліктермен және басқа да мүдделі тұлғалармен байланыс жасайды.

Осылайша, 2024 жылы және 2025 жылдың басында энергетика саласының және мемлекеттік органдардың өкілдерінен құралған жұмыс топтарының отырыстарының қорытындысы бойынша келесі мәселелер шешілді:

- ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Энергия өндіру мақсатында ірі қондырғыларда отын жағу» туралы ЕҚТ (ең үздік қолжетімді технологиялар) бойынша қорытындысын әзірлеп, бекітті, онда қолданылып жатқан қондырғыларға қатысты «жекелей тәсіл» қарастырылған, яғни қорытындыда көрсетілген технологиялық көрсеткіштерге 16 жыл ішінде қол жеткізіледі;
- энергия өндіретін ұйымдарда ЕҚТ енгізудің объективті қиындықтарына байланысты ҚР Үкіметі өмірлік маңызы бар нысандар болып табылатын энергия өндіретін ұйымдар үшін ЕҚТ енгізу мерзімін 2025 жылдан 2031 жылға ауыстыру туралы шешім қабылдады;
- 2025 жылғы ақпанда Компаниялар тобының өндіріс нысандары ҚР Энергетика министрлігінде жеке перспективалық ЕҚТ енгізу жоспарларын әзірлеп, бекітті, олар өз кезегінде өмірлік маңызы бар энергия өндіретін ұйымдарды 2031 жылы ЕҚТ-ға көшіру жөніндегі Энергетика министрлігінің кешенді жоспарына біріктірілді;
- Энергетика министрлігі ЕҚТ енгізуді қаржыландыру мүмкіндігін электр қуаты нарығы арқылы қарастыратын Қазақстан заңнамасына түзетулер енгізуді қарастыруда.



## ЖҰМЫСШЫЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компаниялар тобы корпоративтік саясатының негізгі қағидаларының бірі негізгі актив қызметкерлер болып табылатынына негізделген. Өндірістік қызмет кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамаудан болатын оқиғалар тәуекелі Топтың 2024 жыл қорытындысы бойынша ең маңызды тәуекелдерінің тізіміне жатады. Компаниялар тобының бүкіл тарихында алғаш рет 2024 жылы өндірісте жарақаттану оқиғаларының ең аз саны – 3 жағдай тіркелді. Алайда соңғы 3 жыл ішінде Топ кәсіпорындарында өлімге әкелген оқиғалар орын алды, бұл, әлбетте, өндірістік қызметтің ауыртпалық факторы болып табылады.



Компаниялар тобы қызмет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жұмысшылардың еңбек жағдайларына ерекше талаптар қояды: жұмысшылар еңбекті қорғау және өндірістегі қауіпсіздік ережелерін, энергонысандарда жұмыс жүргізу тәсілдерін меңгереді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Топтың стратегиялық басым бағыты жұмысты қауіпсіз орындауды қамтамасыз ететін процестерді ұдайы жетілдіру болып табылады. Бұл өндірістік қауіпсіздік саласындағы әлемдік үздік тәжірибелерді бейімдеумен байланысты. Жазатайым оқиғалар мен жарақаттануды болдырмауға бағытталған шаралар стартегиялық мақсат -

**«НОЛЬ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРҒА»** қол жеткізуді көздейді.

# ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

Компаниялар тобында бірегей үздіксіз процеске біріккен саясаттар, процестер, процедуралар, тәртіп және әрекет нормаларының жиынтығын құрайтын Ішкі бақылау жүйесі (бұдан әрі - ІБЖ) енгізілген. ІБЖ Директорлар кеңесі, Басқарма, барлық атқарушы, бақылаушы органдар мен қызметкерлер жүзеге асыратын Компаниялар тобын басқару процесінің бөлігі болып табылады.

Басқарудың барлық деңгейіндегі жетекшілік келесілер арқылы тиімді бақылау ортасын құрады:

- Компаниялар тобы қызметкерлерінде ішкі бақылау процедураларын орындау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру;
- Корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін сақтау және адалдық пен құзыреттілік принциптерін көрсету;
- Компаниялар тобы қызметкерлерінің кәсібилік және құзыреттілігін арттыру;
- Құрылымдық бөлімшелер және қызметкерлердің өзара қызмет тиімділігін қамтамасыз ету;
- Өкілеттік пен жауапкершілікті тиімді бөлуді қамтамасыз ету;
- Алаяқтықты болдырмау механизмдерін қалыптастыру;
- Ішкі бақылау органдары қызметін ұйымдастыру.



ІБЖ Компаниялар тобының операциялық және инвестициялық қызметінің тиімділігін, барлық есептіліктердің дұрыстығын қамтамасыз етуге, заңнамалық актілер мен ішкі корпоративтік талаптардың сақталуына бағытталған. Компания оның барлық қызметі тәуекелдерді төмендету мақсатында адекватты бақылануына ұмтылады. Бақылау рәсімдері басқарудың барлық деңгейінде енгізілген.

## Компаниялар тобында ішкі бақылау жүйесін нормативтік реттеу

### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ

COSO – Тредвей комиссиясының демеуші ұйымдарының комитеті:

• COSO «Ішкі бақылау. Біріктірілген модель».

### КОРПОРАТИВТІК

- Компаниялар тобындағы ішкі бақылау жүйесі саласындағы саясат;
- Компаниялар тобындағы бөлімшелерінің ішкі бақылау жүйесі саласындағы өзара іс-қимыл регламенті;
- Компаниялар тобындағы ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру әдістемесі.

Компаниялар тобында Ішкі бақылау жүйесінің үш деңгейі айқындалған:

**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ**

Ресурстардың өнімділігін, рентабельділігін және сақталуын қоса алғанда, ұйымның негізгі бизнес мақсаттарына қолданады.

**ҚАРЖЫЛЫҚ**

Аралық, қысқарған қаржылық есептер, сондай-ақ, есептен шығатын мәліметтерді (мәселен, табыс туралы мәліметтер) қоса алғанда, шынайы бұқаралық қаржылық есептілікті дайындауға жатады.

**СӘЙКЕСТІКТІ БАҚЫЛАУ**

Ұйым қызметін реттейтін заңдар мен нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етумен байланысты.



# 2024 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

2024 жылы Компаниялар тобы бизнесті басқаруға тәуекелге негізделген тәсілді енгізуді және жетілдіруді жалғастырды. ТБЖ және ІБЖ жұмыс істеуі мен жетілдірілуін үйлестіруді және әдістемелік қамтамасыз етуді Тәуекелдерді басқару департаменті жүзеге асырады, ол келесі міндеттерді шешеді:

- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін үйлестіру;
- ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқару процестерін қамтамасыз ету саласында әдістемелік және ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу;
- Компаниялар тобының қызметкерлерін ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласында оқытуды ұйымдастыру;
- Компаниялар тобының корпоративтік Тәуекелдер реестрін және Тәуекелдер картасын талдау және тиісті тәуекелдерді басқаруға қатысты әрекет ету және ресурстарды қайта бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- тәуекелдерді басқару бойынша жиынтық есептілікті құру;
- белгіленген тәртіпте Компаниялар тобының бөлімшелерінің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару процестеріне жедел бақылауды жүзеге асыру.



2024 жыл ішінде Тәуекелдерді басқару департаменті «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен ТБЖ және ІБЖ жетілдіру бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізді:

- Компаниялар тобының бұрын анықталған және жаңадан анықталған тәуекелдері мен мүмкіндіктерінің маңыздылығына талдау жүргізу, тәуекелдерді басқару және азайту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Компаниялар тобының Тәуекелдер реестрін және Тәуекелдер картасын жаңартып отыру;
- Компаниялар тобындағы негізгі құрылымдық бөлімшелердің және басшылық қызметкерлерінің ІБЖ және ТБЖ туралы хабардарлығын арттыру мақсатында оқыту шараларын (семинарлар) ұйымдастыру арқылы тәуекелдер мәдениетін дамыту;
- Компаниялар тобының басым бизнес-процестерінде бақылау рәсімдерін ұйымдастырудың «дизайнының» тиімділігін талдау және тестілеу арқылы тәуекелдерді анықтау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен ішкі бақылау жүйесі саласындағы қызметті реттейтін бірыңғай және стандартталған ішкі нормативтік құжаттарды қайта қарау және бекіту;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Компаниялар тобының тәуекел-тәбетін қайта қарау және бекіту;
- Компаниялар тобының тәуекел-тәбетін сақтауын тұрақты түрде бақылау;
- «ОАЭК» АҚ-ның Басқарма мүшелері және «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобының еншілес ұйымдарының басқару органдары – Директорлар кеңесі қарайтын және мақұлдайтын барлық материалдарды тәуекелге негізделген тәсілмен бағалай отырып, бақылау шараларын жүргізу.


БИЛЕГЕНДІ
ЖАНЫМ СҮЙЕДІ, БИГЕ
10 ЖЫЛЫМДЫ АРНАДЫМ
ҚАЗІР АҒЫЛШЫН,
ТҮРІК ЖӘНЕ КӘРІС ТІЛДЕРІН
ҚАТАР ҮЙРЕНІП ЖҮРМІН
БҰЛ ӨТЕ ҚЫЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ
МЕНІҢ ОТБАСЫМ
БАРЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫМДЫ
ҚОЛДАЙДЫ, СОЛ ҮШІН ЖАҚЫНДАРЫМА
АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ
ҮЗДІК ЭНЕРГЕТИКТЕР
ОСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ




**МЕН СТАНЦИЯҒА 18 ЖАСЫМДА ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУ ҮШІН КЕЛІП, ҮШ ЖЫЛДА ӨЛШЕУЛЕР ЖӘНЕ СЫНАҚТАР ЖӨНІНДЕГІ ЭЛЕКТР МОНТЕРІНЕ ДЕЙІН «ӨСТІМ».**

**БҰЛ ӨТЕ ЖАУАПТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ӨЗІМЕ ҰНАЙДЫ**

**БІЗ ЖАРЫҚ ПЕН ЖЫЛУДЫ ТЕК ОНЫ ӨШІРГЕН КЕЗДЕ ҒАНА БАҒАЛАЙ БАСТАЙМЫЗ**

# ІҢКӘР **КӘРІБАЙ**

Павлодар 2-ЖЭО электр монтері, 21 жас

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ

**GRI 2-27, 2-29, 303, 304, 306, 307, 414, 401, 402, 404, 406, 403, 102, 413, 415, 418**

**ТДМ**



## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

«ОАЭК» АҚ барлық мүдделі тараптармен өзара қызмет тиімділігін арттыру және кеңейту бағытындағы кешенді шараларды келесі корпоративтік тәртіп қағидаларына сүйеніп жүзеге асырады: ашықтық, шынайылық, Корпорация қызметі туралы ақпараттың толық болуы, барлық мүдделі тараптардың мүдделерінің толық ескерілуі, мұндай мүдделер пайда болған жағдайда оларға жедел жауап беру.

**«ОАЭК» АҚ тәуекелдерді төмендету мақсатында барлық мүдделі тараптармен өзара қызмет тиімділігін арттыру және кеңейту бағытындағы кешенді шараларды жүзеге асырады.**



# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІ

| Негізгі мүдделі тараптар (стейкхолдерлер) | Стейкхолдерлердің Компанияға қатысты мүддесі | Өзара қызмет механизмдері |
|---|---|---|
| Қызметкерлер | Компанияның даму перспективалары туралы ақпарат алу.<br><br>Стратегиялық міндеттерге қол жеткізу.<br><br>Еңбек жағдайларын жақсарту. | Басшылықпен ұжымдық кездесулер және жеке қабылдаулар.<br><br>Электрондық пошта және мессенджерлер арқылы ішкі корпоративтік таралымдар.<br><br>Кәсіби дамуға жәрдемдесу.<br><br>Сенім телефоны.<br><br>Еңбек дауларын шешу үшін келісім комиссиялары. |
| Кәсіподақтар | Тұрақты жалақы төлеу.<br><br>Әлеуметтік кепілдіктер.<br><br>Жайлы еңбек жағдайларын жасау. | Ұжымдық шарт талаптарын орындау.<br><br>Корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу. |
| Жергілікті қоғамдастықтар, тұтынушылар | Электр қуаты және жылумен тұрақты қамтамасыз ету қызметтерін алу.<br><br>Тұтынушылармен кері байланыс орнату.<br><br>Қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтатын технологияларды қолдану. | Тұтынушылардың өтініштерімен жүйелі жұмыс жүргізу: деректерді жинау және өңдеу, өтініштерге жедел жауап дайындау.<br><br>Әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру.<br><br>Қоғамдық тыңдаулар.<br><br>Дөңгелек үстелдер және т.б. |
| Мемлекеттік билік органдары мен бақылаушы органдар | Тұрақты және сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету.<br><br>Тұтынушылармен жұмыста ашықтық пен икемділік.<br><br>Инфрақұрылымды дамыту.<br><br>Салық төлемдері.<br><br>Қызмет көрсететін өңірлерде жұмыс орындарын құру.<br><br>Әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру. | Жылу беру маусымына дайындықты қамтамасыз ету.<br><br>Инвестициялық міндеттемелерді орындау.<br><br>Өңірлер мен қалалардың дамуына жәрдемдесу.<br><br>Кәсіпорындардың қызметінен туындайтын теріс әсерді азайту.<br><br>Экологиялық және табиғатты қорғау талаптарын сақтауды қоса алғанда, заңнаманы сақтау. |
| Салалық бірлестіктер | Компания мамандарының салалық сараптамасы.<br><br>Компанияның саланың болашағына қатысты мәселелерді әзірлеуге және енгізуге қатысуы. | Заң жобаларын, сараптамалық қорытындыларды, зерттеулерді әзірлеу бойынша бірлескен іс-шаралар (форумдар, дөңгелек үстелдер, жұмыс топтары). |
| Жеткізушілер, мердігерлер | Айқын және бәсекеге қабілетті орта құру.<br><br>Бағаны нарықтық механизм арқылы қалыптастыруды қолдану. | Тендерлерді өткізуде ашықтықты қамтамасыз ету.<br><br>«Кері байланыс» арқылы тұтынушылармен жұмыс істеу.<br><br>Ықтимал жеткізушілермен кездесулер, көрмелер мен презентацияларға қатысу. |

| Негізгі мүдделі тараптар (стейкхолдерлер) | Стейкхолдерлердің Компанияға қатысты мүддесі | Өзара қызмет механизмдері |
|---|---|---|
| Оқу орындары | Салалық ғылым мен білімнің дамуына жәрдемдесу.<br><br>Болашақ кадрларды даярлау және ұрпақтардың сабақтастығын қамтамасыз ету. | Орта мектеп оқушылары және ЖОО мен колледждердің профильдік факультеттерімен әріптестік.<br><br>Энергетика факультеттерінің студенттері үшін Компания кәсіпорындарында өндірістік тәжірибе ұйымдастыру.<br><br>Оқу орындарының түлектері үшін жұмысқа қабылдау жәрмеңкелеріне қатысу. |
| Бұқаралық ақпарат құралдары | Бизнестің процестерінің ашықтығы.<br><br>Корпорация қызметі туралы ақпараттың жеделдігі мен қолжетімділігі. | Өндірістік процестер және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат беру.<br><br>Брифингтер, баспасөз турлары, сұхбаттар, баспасөз хабарламалары.<br><br>Компанияның жылдық есебі. |
| Акционерлер | Бизнес процестерінің ашықтығы.<br><br>Акциялар құнының өсуі.<br><br>Қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейі. | Акционерлердің жиналыстары.<br><br>Корпорация мен еншілес ұйымдар жыл сайын әлемдік жетекші рейтингтік агенттіктердің кредиттік қабілеттілік рейтингтерін жаңартып отырады.<br><br>Инвесторлар мен кәсіби қауымдастықтар үшін презентациялар. |

## КОРРУПЦИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

### GRI 307-1

### ТДМ



«ОАЭК» АҚ Компаниялар тобында Директорлар кеңесі бекіткен Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясаты бар. Ол Корпорацияның бұл саладағы негізгі ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Саясат Корпорация басшылығының кез келген формадағы коррупцияны қабылдамау бойынша бірыңғай этикалық стандарт қалыптастыруына негізделеді.



**Саясаттың негізгі принциптеріне корпоративті басқаруды жоғары деңгейде жүргізу, коррупция мен алаяқтыққа жол бермеу, тәуекелдерді бағалау, ашық ұйымдық құрылымды қалыптастыру жолымен өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын азайту жатады.**

**Бұл бағытты күшейтудің негізгі элементтері – коррупция мен алаяқтыққа қарсы күресті қамтамасыз ететін тиімді стратегияны құру және енгізу, сондай-ақ, мұндай сипаттағы оқиғаларға оперативті ықпал ету болып табылады. Топта тиісті тәртіп мәдениеті және алаяқтықтың кез-келген түріне негативті қарым-қатынас қалыптасып келеді.**

**Саясатта алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет тәсілдері мен процедуралары баяндалған. Олардың қатарында мұндай деректерді анықтау және бағалау, қызметтік тексерулер жүргізу, барлық заңсыз деректер бойынша жауапкершілікке тарту бар. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобында кері байланыс каналдары («жедел желі», телефон және пошта сервисі) бар. Оған заңды және жеке тұлғалар (Топ қызметкерлері де) хабарласып, дайындалып жатқан не жасалып қойған коррупциялық және алаяқтық әрекеттер туралы хабарлай алады.**

**Компанияда тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу бойынша типтік шарт формасы әзірленіп, бекітілген, ол контрагенттермен өзара қатынастарды реттейді, Компания мүдделерін барынша қорғауды ескеріп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту жазбасын қамтиды. Осылайша, барлық іскер серіктестер Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы саясаттың талаптарымен таныс.**




Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа қызметкерлер Коррупция мен алаяқтыққа қарсы саясат талаптарын сақтау туралы міндеттемеге қол қояды. 2024 жылғы қорытынды бойынша ОАЭК компаниялар тобында Коррупция мен алаяқтыққа қарсы саясат талаптары туралы шамамен 1663 жаңа қызметкер хабардар етілді, бұл штаттағы қызметкерлердің жалпы санының 19%-ын құрайды.

2024 жылдың қазан айында «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобының сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы саясат принциптерін жүзеге асыру» тақырыбында Компаниялар тобы қызметкерлеріне арналған тренингтер өткізілді, оған 2600-ден астам қызметкер қатысты, бұл штаттағы жалпы қызметкерлердің 30%-дан астамын құрайды.

**2024 жылы коррупция не алаяқтық оқиғасы тіркелген жоқ.**

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

**GRI 307-1**

**ТДМ**

Корпорация өзінің қызметінің қоршаған ортаға әсерінің сипаты мен ауқымын, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану маңыздылығын, өндірістің барлық сатыларында жұмыс істейтін персоналдың және қызмет көрсету аймақтарындағы тұрғындардың денсаулығын қорғау, сондай-ақ қолайлы экологиялық ортаны сақтау қажеттілігін түсінеді.

Корпорация мен оның еншілес ұйымдарының басшылығы қоршаған ортаның ластануымен байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидасын ұстанады. Өзінің қызмет ететін аймақтарында Корпорация қазба отынынан энергия өндірудің қоршаған ортаға теріс әсерін үнемі төмендетуге ұмтылады. Осы мақсатта Корпорация кешенді шаралар қабылдап, өндірістік активтерін жаңғырту бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді, өз еншілес кәсіпорындарының экологиялық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуы деңгейін үздіксіз арттырады.

**Корпорация нысандарының экологиялық қызметінің басым бағыттары қоршаған ортаға тигізетін негізгі әсерлерге негізделген. Мұндай әсерлерге мыналар жатады:**

- атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары;
- парниктік газдардың ($CO_2$) атмосфераға шығарындылары;
- су объектілеріне суды пайдалану және ағын суларды төгу арқылы әсері;
- өндірістік қалдықтарды орналастыру.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

**GRI 307-1**

**ТДМ**

Қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз етудің негізгі міндеттемелері мен қағидалары Корпорацияның экологиялық кодексінде жазылған. Құжат Корпорацияның қызмет ету өңірлерінде қоршаған орта саласындағы мақсаттары мен міндеттерін қамтиды және өзінің барлық қызметкерлерінің тұрақты экологиялық білім алу маңызын айшықтайды.



Корпорация қаржысы
Корпорация туралы
Корпорацияның экологиялық саясаты

## Корпорацияның экологиялық саясатының негіз қалаушы қағидалары:

**Қолайлы қоршаған ортаға адамның конституциялық құқығын қабылдау.**

**Экологиялық теріс ықпалды жоюдың алдын алу шараларын қабылдаудың үстем болуы.**

**Электр және жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және тұтыну кезеңдерінде табиғи және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану және энергия үнемдеу.**

**Үздік қолжетімді технологияларды енгізу және энерготиімділікті арттыру есебінен қоршаған ортаға ықпалды азайту.**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметке Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаменті жалпы басшылық жасайды. Департамент Корпорацияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмысын үйлестіреді, бұл жұмыстың тиімділігіне талдау жасайды, жоғары басшылық пен акционерлер үшін есептер әзірлейді. Еншілес ұйымдар деңгейінде Экологиялық саясатты жүзеге асыруды, өндірістік процестердің қоршаған ортаны қорғау талаптары мен корпоративтік стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ететін бөлімшелер құрылған.

Корпорация ішінде жылына екі рет еншілес компаниялардың бірінде қоршаған ортаны қорғау бойынша өзара аудиттер өткізіліп тұрады. Олардың аясында барлық кәсіпорындардың эколог мамандары қоршаған ортаны қорғауды тиімді басқару және экологиялық менеджмент бойынша тәжірибемен алмасып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай тәсілдерді әзірлейді.



**2024 жылы өзара аудит сәуір және қыркүйекте сәйкесінше «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ базасында өткізілді.**

Корпорация туралы

# ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін Корпорация өз қызметінің қоршаған ортаға ықпалын төмендетуге және өз кәсіпорындарының экологиялық тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларды жоспарлап, жүзеге асырады.

**9,9 млрд теңге – 2024 жылғы қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін қондырғыларды жаңғырту шығындары.**

**Корпорация қызмет ету өңірлерінде қоршаған ортаға бөлінген эмиссия үшін 1,6 млрд теңге салық төлемдерін аударды.**



Корпорация қаржысы

Мұндай шаралар тізіміне қоршаған ортаға теріс ықпал ететін қондырғыларды жаңғырту, энергияны өндіру, тасымалдау және тарату кезінде қолданылатын негізгі және көмекші технологиялық қондырғыларды қайта құру және күрделі жөндеу, өндіріс қалдықтарын жою, өндіріске экологиялық бақылау жатады.

Құрылыс және қайта құру бойынша барлық жаңа жобаларға «Қоршаған ортаға ықпалды бағалау» жобасы әзірленіп, оның материалдары қоғамдық тыңдау түрінде жергілікті қоғамдастық пен мүдделі тараптардың назарына ұсынылады. Қазақстан Республикасының экологиялық стандарттарына сәйкестікті растау үшін барлық жобалар қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық қадағалау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өтеді.

Қондырғыларды жаңғырту шығындары, млн теңге

| Шығындар атауы | Шығындар сомасы, млн теңге | | |
|---|---|---|---|
| | 2022 | 2023 | 2024 |
| «ОАЭК» АҚ | 6 328,419 | 5 947,480 | 9 904,713 |
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ | | | |
| Қоршаған ортаға теріс ықпал ететін қондырғыларды жаңартуға инвестициялық шығындар | 3 130,022 | 2 048,270 | 9 136,175 |
| Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары | 71,736 | 150,466 | 17,260 |
| Ағымдағы шығындар | 321,623 | 144,599 | 828,749 |

| Шығындар атауы | Шығындар сомасы, млн теңге | | |
|---|---|---|---|
| | 2022 | 2023 | 2024 |
| **«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ** | | | |
| Қоршаған ортаға теріс ықпал ететін қондырғыларды жаңартуға инвестициялық шығындар | 1 802,977 | 2 890,688 | 768,538 |
| Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары | 874,493 | 216,523 | 1 413,884 |
| Ағымдағы шығындар | 115,126 | 147,952 | 83,697 |
| **«АЭУК» АҚ** | | | |
| Қоршаған ортаға теріс ықпал ететін қондырғыларды жаңартуға инвестициялық шығындар | 0 | 0 | 0 |
| Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары | - | - | - |
| Ағымдағы шығындар | 12,442 | 11,044 | 11,052 |

# ШИКІЗАТ

## ҚОЛДАНЫЛАТЫН МАТЕРИАЛДАР

**GRI 301-1**

**ТДМ**

Корпорация өндіретін өнім – жылу және электр энергиясы. Бұл саланы реттеуді Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті жүзеге асырады.

Өндірілетін өнім түрлеріне экологиялық маркалау және қораптау талаптары қолданылмайды.



> **2024 жылы Корпорацияның өндірістік нысандарында 6,1 млрд кВт·с электр энергиясы өндірілді (оның ішінде 315 млн кВт·с ЖЭК алынған электр энергиясы) және 1,9 млн Гкал жылу энергиясы шығарылды.**



Электр және жылу энергиясы жаңартылмайтын отын түрлерін (Екібастұз көмірі және М100 маркалы мазут) пайдалана отырып өндірілді; жалпы өндірілген электр энергиясының 5,2%-ы жел энергиясынан алынған жаңартылатын энергия көмегімен өндірілді.

| Тұтынылған энергетикалық ресурстар | Өлшем бірлігі | мәні | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2022 | 2023 | 2024 |
| **Көмір, барлығы** | **тонна** | **4 985 999** | **5 379 881** | **5 507 567** |
| Оның ішінде электр энергиясын өндіруге | тонна | 2 829 026 | 3 315 627 | 3 501 163 |
| Жылу энергиясын өндіруге | тонна | 2 156 973 | 2 064 254 | 2 006 404 |
| **Мазут, барлығы** | **тонна** | **11 026** | **19 161** | **11 900** |
| оның ішінде электр энергиясын өндіруге | тонна | 5 446 | 6 178 | 6 954 |
| жылу энергиясын өндіруге | тонна | 5 580 | 12 983 | 3 446 |

# ЭНЕРГИЯ

## ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

**GRI 302-3, 302-4 ТДМ**



Корпорацияның энергия үнемдеу және энерготиімділікті арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйелері» халықаралық стандарттың базасында жүзеге асырылады. Корпорацияның еншілес ұйымдарында Энергия үнемдеу және энерготиімділікті арттыру бағдарламасы жұмыс істейді.



**Бұл бағдарламаның мақсаты** – бақылау мен есепті қоса алғанда отын-энергетикалық ресурстарды қолдану тиімділігін арттыру бойынша шаралар әзірлеу болып табылады.

Энергия үнемдеу және энерготиімділікті арттыру бойынша жасалатын жұмыстар аясында есептік жылы **902 612,6 мың теңгеге 20 шара жүзеге асырылды:**

- 122,344 мың тонна натуралды отын үнемдеу;
- 3 052,88 мың кВт·с электр энергиясын үнемдеу;
- 15 348,2 Гкал жылу энергиясын үнемдеу;
- Қондырғылардың парктік ресурсын ұзарту және жұмыс сенімділігін арттыру.



2024 жылы іске асырылған ластаушы заттар мен парник газдарының эмиссиясын азайтуға бағытталған Энергия үнемдеу бағдарламасының маңызды шараларының ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО сорғы гидравликалық қондырғысының (СГҚ) қазандық және турбиналық конденсаторларын тазалау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қазандықтарында газ өткізгіштерін ауыстыру, тұтандырғыш қаптамаларын қалыңдату.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО ст. №№2, 4, 6 қазандық агрегаттарының тұтандырғыш аэроқоспа тұрбаларын ауыстыру;
- қазандық агрегаттардың газ-ауа тракты бойынша сорғыштарын жою;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО және 3-ЖЭО қазандық агрегаттарының ауа жылытқыш текшелерін жою;
- Электр тұндырғыштарды жарықдиодты түріне ауыстыру.

**Аталған бағдарлама шараларын жүзеге асырудың арқасында 2024 жылы парниктік газдар шығарындыларын 314,45 мың тонна $CO_2$ төмендетуге қол жеткізілді.**

Есептік жылдың нәтижелері бойынша энергия тиімділігінің көрсеткіштері:

| Энергия тиімділігінің көрсеткіші | Өлшем бірлігі | «ПАВЛОДРЭНЕРГО» АҚ | «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ |
|---|---|---|---|
| Электр энергиясын өндіруге арналған ОЭР тұтыну | г ш.о./кВт·с | 387,79 | 417,05 |
| Жылу энергиясын өндіруге арналған ОЭР тұтыну | кг ш.о./Гкал | 193,74 | 196,45 |

# СУ

## СУ РЕСУРСТАРЫ

### GRI 303-1, 303-2, 303-3, 303-4

### ТДМ

Су ресурстарын қолдау кәсіпорындар өндірістік процесінің негізгі бөлігі болып табылады және жабдықтарды салқындату процесінде маңызды роль ойнайды. «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобының өндіріс нысандарында техникалық сумен қамтудың айналымды жүйесі (Петропавл қаласында салқындатқыш тоғандар, Павлодар қаласында градирнялар) қолданылады. Салқындатқыш тоған ретінде Есіл өзеніне су ағызатын Үлкен Ақкөл көлі пайдаланылады.

Сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобының кәсіпорындарында ауыз сумен қамту, ағын су және коммуналдық-тұрмыстық кәріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су әкету жүйелері қалалық су арналарымен келісімшарт бойынша қалалық су жүргізу және кәріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі.

**«ОАЭК» АҚ қолданатын барлық су – тұщы су болып табылады. Сезімтал су көздері қолданылмайды.**

Су алу көрсеткіштері, мың м³

| Көрсеткіш | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| **Су тұтыну, мың м³, оның ішінде:** | 31 067,7 | 30 633,1 | 26 744,0 |
| Технологиялық қажеттіліктерге, мың м³ | 30 792,3 | 30 386,5 | 26 433,0 |
| шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктерге, мың м³ | 275,4 | 246,6 | 311,0 |
| **Сумен қамту көздері:** | | | |
| Беткі су нысандары, мың м³ | 9 065,7 | 12 498,2 | 8 701,9 |
| Сыртқы жеткізушілер, мың м³ | 22 002,0 | 18 134,9 | 18 042,1 |
| **Суды айналымды пайдалану, мың м³** | 654 986,7 | 623 326,6 | 692 593,2 |
| **Суды қайтара пайдалану, мың м³** | 10 678,1 | 10 704,1 | 11 565,6 |

Корпорация нысандарының өндірістік және шаруашылық қызметі барысында екі түрдегі лас сулар пайда болады:

«Өнеркәсіптік ағындар» категориясы (жалпы лас сулар көлемінің 99%-нан астамы) гидро күлді жою жүйесінен шыққан ағынды сулар және ТЭЦ-тің техникалық тораптары мен агрегаттарын салқындату үшін қолданылатын сулардан тұрады; бұл ағынды сулар тазаланғаннан және тұндырылғаннан кейін өндірістік циклға қайта жіберіледі.

«Шаруашылық-тазалық ағындары» санаты (жалпы көлемінің 1%-ынан аз) әкімшілік ғимараттардан, асханалардан және басқа да қызметтік бөлмелерден жиналатын тұрмыстық ағынды сулардан құралған және қалалық тазарту құрылыстарына жіберіледі.

Су өткізу көлемі, мың м$^3$

| Көрсеткіш | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| Пайда болған барлық ағын су | 1 336,8 | 1 473,2 | 701,2 |
| Сыртқы ұйымдарға әкетілді | 552,9 | 801,9 | 403,6 |
| Беткі су нысандарына әкетілді* | 934,5 | 671,3 | 297,6 |

*Құрамындағы тұз деңгейін сақтау үшін Үлкен Ақкөл көлінен Ишим өзеніне су ағызу.

Су ағызу тек тұрмыстық-шаруашылық қалдық суларынан ғана тұрады. Қалған барлық қалдық сулар өндірістің жабық циклінде қайта пайдаланылады, Үлкен Ақкөл көлі суының тұздық деңгейін сақтау мақсатында Ишим өзеніне жаңа су ағызу (көлді шаю) қоспағанда.

**2025 жылы Корпорация Үлкен Ақкөл көлінен Ишим өзеніне су ағызу жеріндегі эмиссияларды автоматты бақылау жүйесін енгізуді жоспарлап отыр.**

# БИОӘРТҮРЛІЛІК

## БИОӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ

Корпорацияның өндірістік нысандары Дүниежүзілік мұра нысандары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе биологиялық әртүрлілігі жоғары аймақтар шекарасынан тыс орналасқан.

Корпорация өндірістік қызмет барысында бұзылған жерлерді қалпына келтіруге қатысты өз міндеттемелеріне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Осы мақсатқа жету үшін табиғатты қорғау шаралары мен бүлінген жерлерді рекультивациялау жобалары жүзеге асырылуда. Өндірістік қызмет барысында Корпорация нысандары күл үйінділері сияқты өздерінің қалдық сақтау полигондарын салу және рекультивациялау үшін қолданылатын құм-саз жыныстарын өндірумен айналысады.



Кен орны пайдаланылғаннан кейін пайда болған карьерді жою жобасы әзірленеді. Ликвидациялау жұмыстары 2-3 жыл ішінде жүзеге асырылады. Бірінші жылы техникалық кезең (консервация) жүргізіледі, оған биологиялық рекультивация кезеңіне жерді дайындау және қалыптастыру бойынша жұмыстар кешені кіреді. Жоюдың (рекультивацияның) биологиялық кезеңінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады: өсімдіктерді, көпжылдық шөптерді таңдау, топырақты дайындау, тыңайтқыш енгізе отырып, шөп тұқымын себу және отырғызуларға күтім жасау. Топырақтың табиғи күйін қалпына келтіріп, орнықты шөп жамылғысын қалыптастыру үшін екі жыл жеткілікті. Осыдан кейін рекультивацияланған карьер аумақтары болашақта шаруашылық мақсаттарда пайдалану үшін мемлекет меншігіне беріледі. Дәл осындай тәсілмен пайдаланылған күл үйінділерін рекультивациялау да жүзеге асырылады.

Сондай-ақ Корпорация нысандары көгалдандыру жұмыстарымен де айналысады: жыл сайын санитарлық-қорғау аймағында немесе оның сыртында ағаш көшеттері отырғызылады; өндірістік аумақты абаттандыру және жасыл желектерге күтім жасау жұмыстары жүргізіледі.

Корпорацияның электр желісі нысандарының өндірістік қызметінің биоәртүрлілікке әсер ететін жағымсыз салдарының бірі – құстар дүниесіне (орнитофаунаға) айтарлықтай қауіп төндіретін әуе электр жеткізу желілері. Сымдарға соғылу немесе электр тоғының соғуы салдарынан құстардың әсіресе ормансыз дала аймақтарында қырылуы – жануарлар дүниесін қорғаудағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл жерлерде ағаш өсімдіктерінің болмауы электр желілері бағаналарын көптеген құс түрлері үшін ұя салуға және демалуға ыңғайлы орынға айналдырады.

**Теріс әсерді азайту мақсатында пилоттық жоба ретінде «АЭҮК» АҚ-ның Степногорск ауданаралық электр желілерінде 30-дан астам электр бағанасына ПЗУ-6-10LDC, ПЗУ-6-10кВ-line, ПЗУ-SA, ПЗУ-sct үлгісіндегі құстардан қорғайтын құрылғылар орнатылды.**

**Сондай-ақ, «АЭҮК» АҚ компаниясы 2023-2024 жылдары қосалқы станцияларды күрделі жөндеу және техникалық қызмет көрсету аясында КРУН қосалқы станцияларындағы шиналы көпірлерді оқшаулау жұмыстарын жалпы сомасы 1,790 мың теңгеге орындады. Барлығы 10 кВ шиналы көпірлерді жабу жұмыстары 219 қосалқы станцияда жүргізілуі жоспарланған, есептік жылдың соңында олардың 30-ында (14%) жұмыстар аяқталды.**

Корпорация туралы

**2025 жылы Корпорацияның өндірістік нысандары орнитофаунаның қырылуын болдырмау және бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыруды жоспарлап отыр.**



# ШЫҒАРЫНДЫЛАР

## ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

### GRI 305-1, 305-4

### ТДМ



Климаттың өзгеруі әсіресе соңғы кезде бүкіл әлем үшін өте өзекті мәселе. Климаттың өзгеруінің теріс тенденциялары Қазақстанда да көрініс тауып отыр. Су ресурстарының дефициті, биоәртүрліліктің жойылуы және табиғи апаттар ауыр экономикалық салдарларға, егіннің болмауы мен аштыққа әкелуі мүмкін.

Корпорация климаттың өзгеруі мен оның салдарларымен күрес бойынша жедел шаралар қабылдауға үндейтін №13 БҰҰ тұрақты даму мақсатын және Париж климаттық келісімін қолдайды.

Корпорацияда парниктік газдар қызмет ету аймақтарында тіршілікті қамтамасыз ету мақсатында энергия алу үшін қазба отынды (көмір, мазут) жағу кезінде бөлінеді. Парник газдары шығарындыларына мониторинг жүргізу бойынша қызмет тұрақты түрде жүргізіледі, жанама шығарындыларды (SCOPE2) ішінара бағалауды қоса алғанда тікелей шығарындылар (SCOPE1) көлемін сандық бағалау жүргізіледі. Тікелей шығындарды есептеуде кәсіпорынның өзіндік энергетикалық қажеттіліктері де ескеріледі.

Парник газдарына мониторинг жүргізу үшін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес, отындағы көміртек құрамын лабораториялық анықтауға негізделген есептік тәсіл қолданылады. Парник газдары шығарындыларын есептеумен Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаменті айналысады.

Корпорацияның экологиялық саясаты

**Корпорацияның 2024 жылғы парник газдары шығарындыларының көлемі 8 460,0 мың тонна $CO_2$ болды. Ал парник газдары шығарындыларына квоталарды бөлу кезіндегі лимит 9 816,0 мың тонна болатын.**

2021-2024 жж. $CO_2$ тікелей шығарындылары, млн тонна




2021-2024 жж. $CO_2$ шығарындыларының интенсивтілігі, тонна/МВт



2024 жылы парник газдары шығарындыларының артуы өнім өндіру үшін отын (көмір және мазут) жағу мөлшерінің артуымен байланысты.

Есептік кезеңде Корпорация базалық сызықпен салыстырғанда өндірістің төмендеуінен лимиттің бір бөлігін алу себепті парник газдарының дефицитін күтіп отыр.

Корпорацияның экологиялық саясаты

**2023 жылға арналған көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарының қорытындысы бойынша, жалпы Корпорация бойынша 2024 жылы жалпы сомасы 71,329 млн теңгеге $CO_2$ шығарындыларына қосымша квоталар сатып алу жүзеге асырды.**



Корпорацияның объектілері өндірістік қызмет барысында озонды бұзатын заттарды өндірмейді, экспорттамайды және импорттамайды.

**GRI 305-5**
Корпорацияның климаттың өзгеруімен күресудегі стратегиялық мақсаттарына келесілер жатады: жаңартылатын энергия көздерін дамыту, энергия менеджменті жүйесін енгізу, энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу бағдарламаларын әзірлеу.

ЖЭК жобаларын іске асыру жел энергиясынан «жасыл» электр энергиясын өндіру және оны Қазақстан Республикасының ұлттық электр желісіне жеткізу арқылы парниктік газдар шығарындыларын ($CO_2$) азайтуды қамтамасыз етеді. Өндірілген электр энергиясы қазбалы отынмен жұмыс істейтін дәстүрлі электр станцияларының электр қуатын алмастырады және электр энергетикасындағы $CO_2$ шығарындыларының жалпы төмендеуін қамтамасыз етеді.

2020 жылдан бастап Корпорация құрылымында «Астана ЕХРО-2017» («ЦАТЭК Green Energy» ЖШС) бар.  2024 жылы ЖЭС өндірісі 130,192 мың тонна шартты отынды үнемдеуге мүмкіндік беріп, электр энергетикасы секторында $CO_2$ шығарындыларын шамамен 335,154 мың тонна/жылға қысқартты.

# ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

## GRI 305-7

## ТДМ

Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың шығарындыларын азайту Корпорацияның табиғатты қорғау қызметінің маңызды аспектісі болып табылады. Шығарындылардың азаюына энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен тозған өндіріс нысандарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы заманауи талаптарға сай келетін жаңа қуаттармен ауыстыру үлкен ықпал етеді.

Есептік жылда жағылған отын көлемі **2,9%-ға** артқанына қарамастан, жалпы және меншікті шығарындылардың көлемі төмендеді.

**2024 жылы** атмосфералық ауаға бөлінетін эмиссияларды төмендетуге бағытталған ең маңызды табиғат қорғау шаралары:

- шаң-газ тазалау құрылғыларына күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу (күл аулаушы құрылғылар мен газ өткізгіштердің тозған элементтерін жөндеу, аспирациялық құрылғыларды жөндеу және олардың жұмысының тиімділігін өлшеу), жандырғыштардың жылу қаптамасы мен жапсырмасын қалпына келтіру, қазандық агрегаттарды күрделі жөндеу кезінде жандырғыштарды жөндеу және ауыстыру.

2021-2024 жж. Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың жалпы шығарындылары, мың тонна




2021-2024 жж. Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың бөлшек шығарындылары, кг/мың кВт·с




**2024 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ өндіріс нысандарында қолданыстағы түтін тұрбаларына өндірістік экологиялық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі (МАЖ) орнатылды. Бұл жүйе негізгі стационарлық және ластану көздерінен қоршаған ортаға бөлінетін ластаушы заттар эмиссиясын қадағалайды және онлайн режимде мәліметтерді қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің ақпараттық жүйесіне жібереді.**

Корпорацияның экологиялық саясаты

Парник газдары шығарындыларын төмендетудің ұйымдастырушылық құралдарының бірі – өндіріс үлесін жаңа энергоблоктармен арттырумен және кәсіпорындарда ISO 50001 энергетикалық менеджмент жүйесі стандартын енгізумен байланысты отынды пайдаланудың жалпы тиімділігін арттыру мен Энергия үнемдеу бағдарламасы болды. Бағдарлама аясында энергия үнемдеу шаралары жоспарланып отыр. Оның мақсаты өндіріс процесінің энерготиімділігін арттырумен қатар, ластаушы заттар мен парник газдар шығарындыларын азайту болып табылады.

# ҚАЛДЫҚТАР

## ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖОЮ

### GRI 306-1, 306-3, 306-5

Барлық қалдық көлемінің 99%-ын құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылғы – күл үйінділерінде қоймаланады. Күл-қож қалдықтарын қоймалау үшін жаңа орын құру кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасын сақтау қоршаған ортаны күл-қож қалдықтарымен ластаудың алдын алуға және ЖЭО-ның тұрақты қызметін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2024 жылы «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында 2 249,3 мың тонна қалдық қалыптасса, оның ішінде күл-қож қалдықтар – 2 235,8 мың тонна, тұрмыстық және коммуналдық қалдықтар – 13,5 мың тонна. Өндірістік және коммуналдық қалдықтар жинау кезінде сұрыпталып, көбінесе қайта өңдеу және/немесе көму үшін қалалық полигондарға өткізіледі.

Қалыптасқан қалдықтардың жалпы массасы, мың тонна

| Көрсеткіш | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| Қалыптасқан қалдықтар: | 2 135,2 | 2 261,6 | 2 249,3 |
| Қауіпті қалдықтар | 0,50 | 0,28 | 0,05 |
| Қауіпті емес қалдықтар, оның ішінде | 2 134,7 | 2 261,4 | 2 249,2 |
| Күл-қож қалдықтары | 2 113,2 | 2 251,4 | 2 235,8 |

Қолдану тәсілдеріне бөліністегі қалдықтар, мың тонна

| Көрсеткіш | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| Қалыптасқан қалдықтар: | 2 135,2 | 2 261,6 | 2 249,3 |
| Кәсіпорында қолданылған қалдықтар | 0,103 | 0,211 | 0,22 |
| Залалсыздандырылған қалдықтар | 0,486 | 0,001 | 0,001 |
| Сыртқы ұйымдарға берілген қалдықтар | 16,235 | 9,736 | 12,55 |

| Көрсеткіш | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| Кәсіпорынның өзіндік нысандарында көмілген қалдықтар | 2 117,7 | 2 251,5 | 2 236,1 |
| Оның ішінде күл-қож қалдықтары | 2 113,2 | 2 251,4 | 2 235,8 |

Корпорацияның экологиялық саясаты

**2024 жылы келісімшарт негізінде Корпорацияның еншілес ұйымдарының күл үйінділерінен 298,46 тонна күлдің жеңіл фракциясы (микросфера) әкетілді.**

**Энергетикалық күлдің микросфералары көмірді жоғары температурада жағу кезінде күлдің құрамында түзілетін орташа мөлшері 20-50 мкм-ден 400-500 мкм-ге дейінгі қуыс шыны-кристалды алюмосиликатты шарлар болып табылады. Жылу электр станцияларының күл қалдықтарының ең құнды бөлшектері болып табылады. Оқшаулағыш материалдар, толықтырғыштар, аэрозольдер және басқаларды жасауда қолданылады.**



Қалдықтармен жұмыс бойынша 2024 жылы атқарылған маңызды шаралар күл-қож үйінділері мен өзге қалдықтарды орналастыру нысандарында өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған:

- Энергия нысандарды қайта құру және салу кезінде қалыптасатын қалдықтарды қоймалау орындарын ұйымдастыру (алаңдарды жабдықтау, контейнерлер орнату);
- Күл-қож қалдықтарын (микросфералар) олардың көлемін азайту мақсатында өткізу;
- ҚТҚ полигондарына орналастыруға жатпайтын қалдықтарды (қағаз және картон макулатурасы, пластик пен шыны қалдықтары) бөліп жинау механизмін жүзеге асыру.

Күл үйінділерінің жаңа карталарын салу кезінде күл үйіндісінің табанында фильтрациялық экранға қарсы жаңаша технология – канадалық полисинтетикалық геомембрана қолданылды. Бұл – гидрокүлжою айналымды жүйесінің жарықтандырылған суының құрамында кездесетін химиялық құрамдас бөліктердің есебінен ластанатын жер қыртысы және жерасты суларды қорғауды қамтамасыз ететін сенімді және ұзақмерзімді фильтрацияға қарсы экран.

# ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

**GRI 307-1**

**ТДМ**

Корпорация туралы

Корпорацияның барлық өндірістік нысандарында 9 жылдан астам уақыттан бері экологиялық менеджмент жүйесі әрекет етеді. Ол ISO сериясының халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген. Сертификаттау кәсіпорындарға өндірістік қызметті жүргізумен байланысты қауіптерге душар болатын қоршаған орта, қызметкерлер және өзге де мүдделі тараптар үшін тәуекелдерді төмендету процесін жетілдіруге көмек беріп, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы міндеттерді тиімді орындауға мүмкіндік береді.

Экологиялық менеджмент жүйесінен бөлек, Корпорацияда сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001), денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (ISO 45001) және энергетикалық менеджмент жүйесі (ISO/CD 50001) жұмыс істейді.

**2024 жылы TÜV Rheinland Gert GmbH компаниясы Корпорацияның еншілес ұйымдарының ISO 14001 (экологиялық менеджмент жүйесі), ISO 9001 (сапа менеджмент жүйесі), ISO 45001 (денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі), ISO/CD 50001 (энергетикалық менеджмент жүйесі) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне қадағалау және сертификаттау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің біріккен жүйесінің сертификаты алынып, оның жұмыс қабілеті, нәтижелілігі мен жақсаруға бейімділігі расталды.**

## МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

**GRI 307-1**

**ТДМ**

**2024 жылы** Корпорацияның еншілес ұйымдарында профилактикалық бақылау формасында табиғатты қорғау заңнамасын сақтау бойынша жоспарлы тексерулер және анықталған ескертулерді орындау бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізілді. Тексеру нәтижелері бойынша экологиялық заңнама талаптарының бұзылуы анықталып, әкімшілік айыппұлдар салынды. Төленген әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы **4,9 миллион теңгені** құрады. Барлық нұсқамалар толық көлемде және белгіленген мерзімде орындалды, айыппұлдар төленді.



# КОРПОРАЦИЯДАҒЫ «ЖАСЫЛ КЕҢСЕ» ҚАҒИДАЛАРЫ

## GRI 307-1

## ТДМ

«Жасыл кеңсенің» мақсаты — кәсіпорын қызметінің қоршаған ортаға теріс ықпалын азайту және ресурстарды тиімді қолдануға үлес қосу.

Корпорацияның еншілес ұйымдарында «жасыл кеңсе қағидалары» ұсыныстарына сәйкес келесі шаралар енгізілді:

- Макулатураны (қағаз және картон қалдықтары) бөліп жинау;
- келушілер мен жаңадан қабылданған жұмысшыларға арналған жадынамаларда су және электр энергиясын үнемдеу туралы ақпарат берілген;
- жұмысшыларға және мердігер ұйымдарға арналған кіріспе инструктаждарда су ресурстарын, энергияны үнемдеу және қалдықтарды бөліп жинауға шақыруға қатысты «жасыл кеңсе» ұсыныстары берілген.

«Жасыл кеңсе» аясында 2024 жыл қорытындысы бойынша Корпорацияның еншілес ұйымдарында шамамен 1,184 тонна макулатура (қағаз бен картон) жиналды.

Макулатураны пайдалану ағашты айтарлықтай үнемдеп (1 тонна макулатура 4 текше метр ағашты алмастырады немесе **100 кг макулатура 1 ағашты** сақтап қалады), орманды отау мөлшерін азайтады.

ТЕЗИС электронды құжат айналымы жүйесін енгізу қағаз құжаттар санын қысқартып, кеңсе қағазын үнемдеуге мүмкіндік берді.

# ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ҚОҒАМДЫҚ БАҒАЛАУ

Қазақстан Республикасы экологиялық талаптарына сәйкес болу мақсатында есептік жылда Корпорацияның еншілес ұйымдары келесі экологиялық және инвестициялық жобалар бойынша жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мен қоғам өкілдерінің қатысуымен ашық жиналыс өткізу жолымен қоғамдық тыңдаулар өткізді:

1. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО күл үйіндісінің 3-ші кезегін салу. 2-ЖЭО үшін 2-ші Іске қосу кешенінің түзетулері» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша.
2. «3-ЖЭО №2 түтін мұржасына көшіру үшін ст. №3-6 қазандық агрегаттарының газ өткізгішін қайта құру» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша.
3. «Павлодар облысы, Жетекші ауылынан солтүстікке қарай орналасқан «Дельта» учаскесінің барлау жоспары» бойынша.
4. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл қаласындағы 2-ЖЭО-нда жаңа №1 темірбетонды мұржаны (биіктігі 180 м) салу бойынша жұмыс жобасына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша;
5. Павлодар қаласындағы ИН-52 – НП-6 учаскесінде жылу магистралін (ТМ-20) өткізу қабілеттілігін арттыра отырып (Ду1000 дейін) қайта жаңарту жөніндегі инвестициялық жоба бойынша;
6. Петропавл қаласындағы «Тимирязево – Богдан Хмельницкий» 35 кВ әуе электр жеткізу желісін қайта жаңартуға арналған жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі инвестициялық жоба бойынша.

# ЖЕТКІЗУШІНІ БАҒАЛАУ

## GRI 308

Корпорация жеткізушілермен және мердігер ұйымдармен жұмыс істеген кезде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Өнімдер мен қызметтерді сатып алуға қойылатын экологиялық талаптар «ҚжЕҚ және ҚОҚ саласындағы мердігер ұйымдармен өзара қызмет ережелері» атты корпоративтік құжатта және Корпорация қызметтерін көрсетуге арналған келісімшарттарда белгіленген. Бұл талаптарды орындау контрагенттер үшін міндетті болып табылады.

Корпорация ішкі экологиялық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету және ақпараттандыру мақсатында мердігер ұйымдармен үнемі ынтымақтасады және бұл жұмысты жеткізушіні таңдау және келісімшарт жасау кезеңінен бастап бастайды.

Еншілес ұйымдардың жауапты бөлімшелері мердігерлердің қызметін жұмыс орындарында тексеру арқылы бақылап отырады. Тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы нұсқау дайындалады; өндірістік нысандардың техникалық басшылары бұзушылықтардың жойылуын тұрақты түрде бақылап отырады.

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және экология департаменті де мердігер ұйымдардың қызметін тексеру жүргізу арқылы бақылап отырады. Тексеру нәтижелері бойынша мердігерлердің қызметін және олардың экология саласындағы корпоративтік стандарттарды сақтауын бағалау туралы есептер жасалады. Мердігер ұйым тарапынан экологиялық заңнама мен Корпорация стандарттарының талаптары бұзылған жағдайда, оған бұзушылықтарды жою қажеттігі туралы шағым-хат жолданады.



# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БОЙЫНША 2025 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2025 жылы Корпорацияда экологиялық тиімділікті және кәсіпорындар қауіпсіздігін арттыруға, қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға әкелетін қолданыстағы активтерді жаңғырту бойынша жұмыс одан әрі жүзеге асырылады.

**Басым міндеттер:**

- табиғат қорғау шаралары мен энергия үнемдеу бағдарламалары орындау;
- Петропавл 2-ЖЭО, Павлодар 3-ЖЭО тозған жабдықтарын одан әрі жаңғырту және штаттық пайдалануды қалпына келтіру;
- түтін мұржалары мен күл үйінділерінің құрылысы;
- эмиссияларға автоматтандырылған мониторинг жасау және мәліметтер беруді үйлестіру жүйесін енгізу бойынша іске қосу-реттеу жұмыстары;
- экологиялық заңнама талаптарын сақтау;
- экология саласындағы нормативті құқықтық актілерге түзетулер енгізу бастамасын көтеруге белсенді қатысу.



# АДАМ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ

## GRI 2-7, 405-1

## ТДМ

«ОАЭК» АҚ-ның персоналды басқару жүйесі Корпорацияның стратегиялық мақсаттарын іске асыруға бағытталған. Бұл – корпоративтік басқару жүйесі дамыған және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары тиімді энергетикалық компанияны қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпорындардың кадрлық әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік жасау бойынша тұрақты жұмыс жүргізілетін орта.

**Корпорацияда еңбек ресурстарын құру келесі бағыттарда жүргізіледі:**

- түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту;
- кәсіби жұмысшыларды ұстап қалу үшін жағдайлар жасау;
- үздіксіз кәсіби оқыту және персоналды дамыту;
- бастамашыл жас жұмысшылардың кәсіби өсуіне мүмкіндіктер жасау;
- кадрлық резервті құру және таланттарды басқару.

## Құрылым және саны

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның тізімдік саны 9 041 адамды құрады. 2023 жылмен салыстырғанда 4,6%-ға төмендеуі «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-нің Компаниялар тобы құрамынан шығуына байланысты.

**Қызметкерлер санының өзгеру динамикасы:**

**2024 – 9 041 адам.**

**2023 – 9 477 адам.**

**2022 – 9 508 адам.**

## «ОАЭК» АҚ-ның 2023 жыл соңындағы сандық құрамның кәсіпорындары бойынша бөлінісі

| Компания атауы | Жұмысшылар саны, адам |
|---|---|
| «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы | 115 |
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы | 4 229 |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы | 2 130 |
| «АЭҮК» АҚ компаниялар тобы | 2 567 |
| **Барлығы** | **9 041** |

### Персоналдың жалпы санының жұмыспен қамту типі бойынша бөлінісі

2024 жылдың соңында жұмысшылармен еңбек шартын жасау үлесі **99,9%-ды** құрады. Жұмыстың белгілі бір түрлерін немесе маусымдық жұмыстарды орындау үшін кәсіпорындар штаттан тыс қызметкерлерді тартады. Олардың үлесі жұмыс күшінің жалпы санының **0,1%-ын құрайды**. Компаниялар тобы қызметкерлері санының **2,3%-ы** жұмыспен ішінара қамтылған.

| Көрсеткіш | Мәні (адам) | Оның ішінде | |
|---|---|---|---|
| | | Ерлер | Әйелдер |
| **Жұмысшылардың есептік кезең соңындағы (штаттағы) саны** | | | |
| Шарт мерзімі бойынша: | **9 041** | **5 587** | **3 454** |
| Белгіленбеген мерзімге еңбек шартымен жұмыс істеушілер | 6 729 | 4 122 | 2 607 |
| Уақытша (жедел) шартпен жұмыс істеушілер | 2 312 | 1 465 | 847 |
| Жұмыс типі бойынша: | 9 041 | 5 587 | 3 454 |
| Толық жұмыспен қамтылғандар | 8 833 | 5 472 | 3 361 |
| Ішінара жұмыспен қамтылғандар | 208 | 115 | 93 |
| **Бақылаудағы жұмысшылар (штаттан тыс)** | 7 | 0 | 7 |
| **Жұмыс күшінің жалпы саны** | | **9 048** | |

### 2024 жылы жұмысқа қабылданған жұмысшылар саны

Есептік кезеңде **1 695 жұмысшы** қабылданды, бұл Компаниялар тобы қызметкерлерінің орташа тізімдік санының **18,9%-ын құрайды.**

## 2024 жылы жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлердің өңір, санат бойынша бөлінісі, адам

| Өңір | Топ-менеджерлер | | Басшылар | | Мамандар | | Жұмысшылар | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ерлер | әйелдер | ерлер | әйелдер | ерлер | әйелдер | ерлер | әйелдер |
| Павлодар | 2 | 2 | 37 | 14 | 69 | 116 | 440 | 103 |
| Петро-павл | 0 | 1 | 10 | 10 | 31 | 87 | 167 | 84 |
| Астана | 0 | 0 | 9 | 7 | 3 | 2 | 2 | 0 |
| Ақмола облысы | 1 | 0 | 24 | 16 | 57 | 75 | 267 | 59 |
| **Барлығы** | **3** | **3** | **80** | **47** | **160** | **280** | **876** | **246** |

## Жұмысқа жаңадан қабылданған персоналдың жыныс және жас бойынша бөлінісі, адам

| Көрсеткіш | Барлығы | | ерлер | | әйелдер | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | адам | % | адам | % | адам | % |
| Қабылданды, олардың ішінде: | 1 695 | 100 | 1 114 | 65,7 | 581 | 34,3 |
| 30 жасқа дейін | 530 | 31,3 | 411 | 77,5 | 119 | 22,5 |
| 30-50 жас | 820 | 48,4 | 471 | 57,4 | 349 | 42,6 |
| 50 жастан жоғары | 345 | 20,3 | 232 | 67,2 | 113 | 32,8 |

## Қызметке алу бойынша айналым коэффициенті

| 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|
| 20,4% | 19,6% | 18,9% |

**Айналым коэффициентінің 2023 жылмен салыстырғанда 0,7%-ға кемуі қызметкерлердің жұмыстан кетуінің азаюымен байланысты болды.**



## Қызметкерлердің санаты мен гендерлік құрамы

Корпорация қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 61,8% жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» санатынан тұрады, оның 74,3% пайызын ерлер құрайды.

| Қызметкерлер санаты | Барлығы | | ерлер | | әйелдер | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | адам | % | адам | % | адам | % |
| **Саны** | **9 041** | **100** | **5 587** | **61,8** | **3 454** | **38,2** |
| Басшылар | 1 461 | 16,0 | 1 061 | 72,6 | 400 | 27,4 |
| Мамандар/қызметкерлер | 2 800 | 31,2 | 974 | 34,8 | 1 826 | 65,2 |
| Жұмысшылар | 4 780 | 52,8 | 3 552 | 74,3 | 1 228 | 25,7 |

## Қызметкерлердің жасы бойынша құрылымы

2024 жылдың соңында персонал құрамының негізгі бөлігін 30 бен 50 жас аралығындағы ең тәжірибелі қызметкерлер (53,5%) құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 0,5%-ға төмен. 30 жасқа дейінгі жас мамандардың үлесі (14,5%) 2023 жылмен салыстырғанда 0,2%-ға жоғары. 50 жастан асқан қызметкерлердің үлесі (31,9%) 2023 жылғы деңгейден 0,7%-ға төмен.

Аталған көрсеткіштерге жас мамандарды тарту, кәсіби білім мен дағдыларды беру, сабақтастықты қамтамасыз ету және тәлімгерлік институтын дамыту жөніндегі іс-шараларды жүргізу арқылы қол жеткізілді. Бұл персоналды біртіндеп жасарту және жас, бастамашыл қызметкерлер мен тәжірибелі, жоғары білікті мамандардың оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылды.



**Компаниялар тобы бойынша орташа жас – 42 жасты құрайды.**

## Жұмысшылардың жас құрамы

| | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| **30 жасқа дейін (14,5%)** | 10,1% | 4,4% |
| **30-50 жас (53,6%)** | 31,1% | 22,5% |
| **50 жастан жоғары (31,9%)** | 20,6% | 11,3% |

## Персоналдың жас құрамының өңір және жыныс бойынша бөлінісі

| Өңір | | 30 жасқа дейін | | 30-50 жас | | 50 жастан жоғары | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерлер | әйелдер | ерлер | әйелдер | ерлер | әйелдер |
| **Павлодар** | адам | 443 | 188 | 1 269 | 922 | 853 | 554 |
| | % | 10,5 | 4,4 | 30,0 | 21,8 | 20,2 | 13,1 |
| **Петропавл** | адам | 164 | 105 | 723 | 559 | 336 | 243 |
| | % | 7,7 | 4,9 | 33,9 | 26,2 | 15,8 | 11,4 |
| **Астана** | адам | 5 | 5 | 47 | 46 | 4 | 8 |
| | % | 4,3 | 4,3 | 40,9 | 40,0 | 3,5 | 7,0 |
| **Ақмола облысы** | адам | 301 | 96 | 774 | 510 | 668 | 218 |
| | % | 11,7 | 3,7 | 30,2 | 19,9 | 26,0 | 8,5 |
| **БАРЛЫҒЫ** | | | | | | | |
| адам | | **913** | **394** | **2 813** | **2 037** | **1 861** | **1 023** |
| үлес, % | | **10,1** | **4,4** | **31,1** | **22,5** | **20,6** | **11,3** |



## Персоналдың жас құрамының өңір және жыныс бойынша бөлінісі

| Көрсеткіш | | Жоғарғы буын басшылары | Орта буын басшылары | Мамандар | Жұмысшылар |
|---|---|---|---|---|---|
| **Барлығы** | **адам** | **44** | **1 417** | **2 800** | **4 780** |
| Гендерлік топтар бойынша | | | | | |
| Ерлер | адам | 33 | 1 030 | 975 | 3 552 |
| | % | 75,0 | 72,7 | 34,8 | 74,3 |
| Әйелдер | адам | 11 | 387 | 1 825 | 1 228 |
| | % | 25,0 | 27,3 | 65,2 | 25,7 |
| Жас топтары бойынша | | | | | |
| 30 жасқа дейін | адам | 0 | 80 | 515 | 720 |
| | % | 0,0 | 5,6 | 18,4 | 15,1 |
| 30-50 жас | адам | 29 | 899 | 1 681 | 2 233 |
| | % | 65,9 | 63,4 | 60,0 | 46,7 |
| 50 жастан жоғары | адам | 15 | 438 | 604 | 1 827 |
| | % | 34,1 | 30,9 | 21,6 | 38,2 |

## Қызметкерлердің білім бойынша құрылымы

Жалпы Компаниялар тобында 2022-2024 жылдар динамикасында жоғары және техникалық/кәсіби білімі бар жұмысшылар үлесінің өсуі, жалпы орта білімі бар жұмысшылар үлесінің төмендеуі байқалады.

Жыл сайын Компаниялар тобының кәсіпорындарында қызметкерлердің өз білім деңгейін арттыруына ынталандыратын, оның ішінде «PROFENERGY» корпоративтік бағдарламасы бойынша шаралар жүзеге асырылады.

2024 жыл қорытындысы бойынша Корпорацияның 135 жұмысшысы ЖОО және колледждерде, оның ішінде 88 жұмысшы профильдік мамандық бойынша білім алады. «PROFENERGY» шараларына қатысу-қатыспауына қарамастан, кәсіпорындар оқудағы жұмысшылар мен оқу орнын бітірген жұмысшыларға қолдау көрсетеді. 2024 жылы 43 жұмысшы диплом қорғаса, олардың ішінде 24 жұмысшы кәсіпорын саласы бойынша оқуын тәмамдады.

## Білім беру деңгейінің динамикасы

| | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| Жалпы орта | 24,0% | 23,2% | 22,6% |
| Техникалық/кәсіби | 43,7% | 43,9% | 44,1% |
| Жоғары | 32,3% | 32,9% | 33,3% |



## Персонал тұрақсыздығы

2024 жыл соңында Корпорация бойынша 2023 жылмен салыстырғанда қызметкерлердің тұрақсыздығы 3,9%-ға төмендеді.

Корпорация бойынша қызметкерлердің тұрақсыздығының басты себептері:

- еңбекақы көлеміне қанағаттанбаушылық;
- Қазақстан ішіндегі (қала/ауылдық елді мекендер) көші-қон;
- отбасылық жағдайларға байланысты.

## Тұрақсыздық коэффициенті

| 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|
| 15,9% | 14,9% | 11,0% |

## Тұрақсыздық себебімен 2024 жылы жұмыстан шыққан жұмысшылар санының жас пен жыныс бойынша бөлінісі

2024 жылы еңбек шарты Корпорацияның 1484 жұмысшысымен бұзылып, көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 21,1% төмендеді. Тұрақсыздық себебімен 990 қызметкер жұмыстан шықса, олардың басым бөлігін 30-50 жастағы (52,9%) жұмысшылар құрады.



| | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 30 жастан төмен (29,2%) | 22,0% | 7,2% |
| 30-50 жас (52,9%) | 31,0% | 21,9% |
| 50 жастан жоғары (17,9%) | 13,4% | 4,5% |



## Тұрақсыздық себебімен 2024 жылы жұмыстан шыққан жұмысшылар санының жас, жыныс және өңір бойынша бөлінісі

| Санат | Жұмысқа қабылданғандар, адам | ЕШ бұзғандар, адам | Тұрақсыздық, % | Жыл соңындағы саны, адам |
|---|---|---|---|---|
| **Барлығы** | **1 695** | **990** | **11%** | **9 041** |
| Жас топтары бойынша | | | | |
| 30 жасқа дейін | 530 | 289 | 29,2% | 1 307 |
| 30-50 жас | 820 | 524 | 52,9% | 4 850 |
| 50 жастан жоғары | 345 | 177 | 17,9% | 2 884 |
| Гендерлік топтар бойынша | | | | |
| Ерлер | 1 114 | 658 | 11,9% | 5 587 |
| Әйелдер | 581 | 332 | 9,6% | 3 454 |
| Өңірлер бойынша | | | | |
| Павлодар | 783 | 407 | 9,7% | 4 229 |
| Петропавл | 390 | 275 | 12,9% | 2 130 |
| Астана | 23 | 10 | 8,9% | 115 |
| Ақмола облысы | 499 | 298 | 11,6% | 2 567 |

«Персонал тұрақсыздығы» тәуекелін басқару мақсатында 2024 жылы келесі іс-шаралардың іске асыру жалғасын тапты:

- еңбек ақы қоры резервтерін анықтап, босатылған қаражатты жалақыны арттыруға бағыттау;
- тәлімгерлік процестерін және жас мамандарды қолдау жүйесін жетілдіру;
- білікті қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- ұжымдық шарттарға сәйкес еңбек жағдайлары мен әлеуметтік кепілдіктерді жақсарту.

## Персоналды оқыту және дамыту

Корпорацияның оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қарастырады:

- қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік, техникалық пайдалану ережелерін міндетті, нормативті оқу;
- аралас мамандықтарды оқу;
- кәсіби және басқарушылық құзыреттерді дамыту үшін біліктілікті арттыру.

Қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Корпорация кәсіпорындарында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі, оқудың қашықтан және дистанциялық формалары енгізілуде. Компаниялар тобында өзіндік оқу орталықтарында, сондай-ақ, сыртқы компанияларда корпоративтік бағдарламаларға оқыту тәжірибесі бар.

**2024 жылы барлық қызметкерлердің 74,9%-ын құрайтын 6 779 адам оқытудан өтті.** Есептік кезең соңындағы мәлімет бойынша, холдингтің оқу орталықтарында оқыған қызметкерлер саны – 2 663 адам, олар оқудан өткен барлық қызметкерлердің 39,3%-ын құрайды.

2024 жылы оқудан өткен жұмысшылардың жалпы саны 2023 жылмен салыстырғанда 722 жұмысшыға аз.

Өндірістегі оқытудың негізгі бағыттары – еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі және пайдалану техникасы қағидалары бойынша бастапқы және кезеңдік оқыту. 2024 жылы 4 762 адам (білім алғандардың жалпы санының 70,3%-ы) оқытылды.

Корпорация қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту және олардың басқа мамандықтарда (аралас) қоса жұмыс істеуге дайындау мақсатында 2024 жылы 1518 адам оқыды (барлық оқығандардың 22,4%-ы). Біліктілікті арттыру (оның ішінде СМЖ бойынша оқыту) 2024 жылы 499 қызметкер үшін ұйымдастырылды, бұл оқытылғандардың жалпы санының 7,4%-ын құрайды.

Компанияда корпоративтік оқыту тәжірибесі енгізілген. 2024 жылдың тамыз айында HR бөлімінің қызметкерлерінің стратегиялық сессиясы өткізілді, онда өзекті мәселелер талқыланып, HR бастамаларды іске асыру бағыттары анықталды.

## Бағыттар бойынша персоналды оқыту динамикасы

| | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| | 7 203 адам | 7 551 адам | 6 779 адам |
| ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 1800 сапа менеджменті жүйесі бойынша оқу (қоршаған ортаны қорғау, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелерін қоса алғанда) | 0,8% | 0,3% | 1,3% |
| Біліктілікті арттыру, семинарлар, тренингтер | 13,2% | 9,5% | 6,1% |
| Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, АҚ және ТЖ | 9,0% | 21,1% | 23,9% |
| Аралас мамандықтар | 21,1% | 22,2% | 22,4% |
| Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, техникалық пайдалану ережелері | 55,9% | 47,0% | 46,4% |

## Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағатының орташа саны

| | |
|---|---|
| Басшылар | 20,3 |
| Мамандар, қызметкерлер | 24,9 |
| Жұмысшылар | 18,5 |

Бір ер қызметкерге шаққандағы орташа оқу сағаты 18,9 сағатты құраса, әйелдер бойынша көрсеткіш – 25,3 сағат. Корпорацияда негізінен лауазымы мен кәсібі, нормативтік талаптары мен оқу бағдарламасының корпоративтік құрамдас бөлігі, оқу бағдарламасының ерекшеліктеріне сәйкес өндірістік бөлімшелер жұмысшыларын оқыту жүргізіледі.



## Персоналдың нәтижелілігін бағалау

### GRI 404-3

2024 жылы «ОАЭК» АҚ қызметкерлерінің нәтижелілігін KPI жүйесі немесе басқа жеке мақсатты көрсеткіштер бойынша формалды жыл сайынғы бағалау жүргізілген жоқ. Осылайша, мұндай бағалаудан өткен қызметкерлердің үлесі 0% болды.

Қызметкерлерді оқыту және дамыту бағдарламалары аясында білім мен қолданбалы дағдыларды тұрақты түрде бағалау жүзеге асырылады:

- оқыту бағдарламалары аяқталғаннан кейін қорытынды тестілеу өткізу;
- техникалық мамандықтағы қызметкерлердің өндірістік тапсырмалар мен бақылау шаралары түріндегі практикалық дағдыларын бағалау;
- оқытудың жұмысқа алынатындығын анықтау мақсатында қанағаттану сауалнамаларын жүргізу.

2025-2027 жылдарға арналған HR-стратегияны жүзеге асыру шеңберінде Корпорацияда еңбек нәтижелілігін бағалаудың бірыңғай құралдарын, оның ішінде KPI жүйесін енгізу жоспарлануда.

## Кадрлық резерв

Басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі лауазымдарға қажетті кадрлық резервті қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында **жоғары, орта және төменгі буын басшыларынан тұратын 852 жетекшіге арналған кадрлық резерв қалыптастырылды. Ішкі кадрлық резервтегі әйелдердің үлесі 31,6%-ды құрайды.**

Кадрлық резерв мүшелерін дамыту үшін:

- кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық дайындықтың жеке бағдарламалары;
- оқыту, оның ішінде өзіндік оқу орталықтарында оқыту;
- біліктілік арттыру, тағылымдама;
- тәлімгерлік, басқарушылық функцияларды атқару, қызметкерді уақытша ауыстыру.

2024 жылы кадрлық резервте тұрған қызметкерлердің ішінде 55 адам басқарушы лауазымдарға ауыстырылды. Жыл сайын сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Резервке оқу орындары түлектері де қосылады.

Корпорация кәсіпорындарында 278 жас маман қызмет етеді, бұл барлық қызметкерлердің 3,1%-ын құрайды. 2024 жылы 61 жас қызметкер жұмысқа қабылданды, оның ішінде жетекші лауазымдар мен мамандықтарға – 12 адам. Бұл ретте техникалық/кәсіби білімімен жұмысқа алынғандар үлесі 36 адам болса, жоғары білімі барлар – 25 адам.




## Жас мамандарды тарту және қызметкерлерді дамыту

Жас мамандарды тарту – Корпорация алдында тұрған басым міндеттердің бірі. Компаниялар тобы жас мамандардың дамуы үшін барлық мүмкін жағдайларды жасауға ұмтылады.

2016 жылдан бері «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін арттыру бойынша «PROFENERGY» жобасы жүзеге асырылады. Бағдарлама оқу орындары түлектерін кәсіпорындардың негізгі/қат мамандықтарына тартуға, қызметкерлердің білім деңгейін дамыту мен көтеруге, негізгі қызметкерлерді ұстап қалуға бағытталған. Корпорация кәсіпорындары өзі қызмет ететін өңірлерде ЖОО және колледждермен әріптестік орнатқан.

Бағдарлама шарттары туралы тұрақты түрде ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп, студенттермен кездесулер, өндірістік нысандарға экскурсиялар ұйымдастырылады. Кәсіпорындардың қызметкерлері емтихан комиссияларына, бітіру емтихандарын өткізу және диплом жобаларын қорғау бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссия жұмысына қатысады.



**Жоба жүзеге асырылған жылдар ішінде бағдарламаға 4 602 студент қатысты. Олардың ішінде:**

- 238 студент ақы төленетін тәжірибеден өткен соң диплом алғаннан кейін Корпорация кәсіпорнында жұмысқа орналасу туралы келісімге қол қойды;
- 4 183 студент ақы төленбейтін өндірістік және дипломалды тәжірибеден өтті;
- Жазғы каникул уақытында 146 студент жұмысқа орналастырылды;
- 35 студентке ғылыми жұмыстар байқауының қорытындысы бойынша атаулы корпоративтік стипендия тағайындалды.

Оқу орындары түлектерінің Корпорацияның кәсіпорындарында жұмыс істеуге қызығушылығын арттыру мақсатында бағдарлама тұрақты түрде жетілдіріледі және студенттердің қажеттіліктері, кәсіпорынның мүмкіндіктері және қызмет ету өңірлеріндегі еңбек нарығының ерекшеліктері ескеріле отырып, түзетіледі.

**Жас қызметкерлерді бейінді білім алуға ынталандыруға бағытталған Бағдарлама шеңберіндегі іс-шараларға 2016-2024 жылдар аралығында 1 291 қызметкер қатысып, кәсіпорындарда жұмысын жалғастырды. Бағдарлама аясында келесі қолдау шаралары көрсетілді:**

- 820 жұмысшыға ақы төленетін оқу демалысы берілді;
- 283 жұмысшыға оқу орнын сәтті аяқтағаны үшін бонус берілді;
- 173 жұмысшыға оқу ақысын төлеу үшін пайызсыз қарыз берілді;
- 15 жұмысшының оқу ақысы төленді.

«PROFENERGY» бағдарламасы аясында Тәлімгерлік институты (менторинг) дамуда. Оның мақсаты – кәсіби білім мен білікті студенттерге беру және жас мамандарды тез бейімдеу. 9 жылда «ОАЭК» АҚ жоғары білікті жұмысшылары мен зейнеттегі мен зейнеталды жастағы жұмысшыларынан тәлімгерлер пулы қалыптасып, оларға оқыту жүргізілді. **Тәлімгерлер жылына 350-дей жұмысшыға тағайындалады.**

## Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау

Компаниялар тобында Бірыңғай тарифтік кестеге негізделген уақытылы-сыйақылы еңбекті төлеу жүйесі әрекет етеді. Еңбекақы мөлшері жынысына қарамастан жұмысшылардың барлық санатына еңбекақы төлеудің разрядты жүйесі болып табылатын бірыңғай тарифтік кестеге сәйкес белгіленеді.

Корпорацияда ынталандыру және марапаттау әрбір жұмысшының тиімділігі мен нәтижелілігін, арттыруға бағытталған. Жыл сайын «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында бекітілген бюджет пен тарифтік сметалар шегінде, жұмысшының жұмыс нәтижесіне қосқан үлесі ескеріле отырып, еңбекақысы көтеріледі.

2024 жылы Компаниялар тобында еңбекақыны өндірістік және жұмысшы қызметкерлерге акцент жасай отырып индекстеу жүргізілді. Корпорация бойынша орташа табыс деңгейі 33,3%-ға артты.

## «ОАЭК» АҚ еншілес компанияларына шаққандағы орташа табыстың арту деңгейі

| | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| **«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» тобы** | 28,0% | 25,9% | 42,0% |
| **«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы** | 14,5% | 20,1% | 27,7% |
| **«АЭҮК» тобы** | 20,1% | 39,9% | 20,9% |

## «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының қызметкерлері санаттары бойынша 2024 жылғы әйелдер мен ерлердің орташа табыстарының арақатынасы

| | Басшылар | Мамандар/Қызметшілер | Жұмысшылар | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|---|
| | КОЭФФИЦИЕНТ | | | |
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» тобы | 1,0 | 0,8 | 0,8 | 0,8 |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы | 0,9 | 0,8 | 0,8 | 0,8 |
| «АЭҮК» тобы | 1,3 | 0,8 | 0,8 | 1,0 |

## Материалдық емес ынталандыру

Еңбекке деген ынтаны арттыру және қызметкерлерді жоғары өндірістік нәтижелерге жетуге ынталандыру мақсатында Корпорация кәсіпорындарында жыл сайын марапаттау және атақ беру іс-шаралары өткізіледі. 2024 жылы 400 қызметкер мен кәсіпорын ардагері марапатталды. Оның ішінде мемлекеттік, ведомстволық және салалық наградалармен – 155 адам, ал «ОАЭК» АҚ мен кәсіпорындардың корпоративтік марапаттарымен – 245 қызметкер марапатталды.



## Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы

Корпорация қызметкерлермен қарым-қатынаста еңбек заңнамасы мен Іскерлік этика кодексінің талаптарын сақтайды, адамның жеке бостандығы мен құқықтарын сыйлайды, әркімге тең мүмкіндіктер береді және еңбек саласындағы дискриминацияға, сондай-ақ, өз бизнесінде бала еңбегінің қолданылуына жол бермейді.

Қызметкерлерді Компания қызметіндегі айтарлықтай өзгерістер туралы хабарландырудың ең төменгі мерзімі ҚР заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

Қызметкерлер санын не штатын қысқартуға байланысты еңбек қатынастарын бұзу кезінде жұмысшыларды хабарландырудың ең төменгі мерзімі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес, бір айды құрайды.

Корпорация кәсіпорындарында еңбек даулары қолданыстағы заңнамаға, сондай-ақ, ұжымдық шарттарға және жеке еңбек даулары бойынша келісім комиссиясы туралы ережеге сәйкес, жұмыс беруші мен жұмысшының қатысуымен шешіледі. Еңбек даулары бойынша өтініштерді қабылдау және олар бойынша кері байланыс тәртібі кәсіпорындардың ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған. Жұмысқа тұру кезінде әрбір жұмысшы бұл құжаттармен танысады.

Келісім комиссиясының құрамы кәсіпорындар бойынша ұйымдық-өкімдік құжаттармен бекітіледі. Еңбек дауы туындаған кезде келісім комиссиясына шағымданудан бұрын жұмысшы:

1. қызметкерлермен жұмыс қызметінің басшысына;
2. кәсіподақ ұйымының төрағасына/жұмысшылар өкіліне;
3. кәсіпорынның бірінші басшысына хабарласуға құқылы.

2024 жылы еңбек дауларын реттеу мақсатында келісім комиссиясына қызметкерлер тарапынан үш өтініш тіркелді. Оның екеуі келісім комиссиясында қаралып, реттелді, ал үшінші өтініш сот тәртібімен қаралып, жұмыс берушінің пайдасына шешілді. Қызметкерлерді қандай да бір белгісі бойынша кемсіту фактілері мен олардың құқықтарының бұзылуы анықталған жоқ.



## Кәсіподақ ұйымдарымен өзара қызмет

Корпорация кәсіпорындарында кәсіподақ ұйымдары қызмет етеді, жұмысшылармен еңбек қатынастары ұжымдық шарттармен реттеледі. «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында 2024-2027 жылдарға жаңа Бірыңғай ұжымдық шарт жасалды. «АЭҮК» топ кәсіпорындарында жаңа 2022-2025 жылдар кезеңіне Бірыңғай ұжымдық шарт қабылданды. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында Бірыңғай ұжымдық шарт 2020-2025 жылдарға қабылданған. Ұжымдық шарт қағидалары: экономикалық мақсаттылық, жетімділік, бірлескен жауапкершілік пен айқындылық. Ұжымдық шарттар жұмысшылар мен олардың отбасыларына жұмысшының кәсіподаққа мүше не мүше еместігіне қарамастан әлеуметтік жауапкершілік шараларын реттейді.

Әлеуметтік серіктестік аясында кәсіпорындар мен кәсіподақ ұйымдарының қатысуымен жыл сайын келесі шаралар өткізіледі:

- спорттық-сауықтыру шаралары;
- демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру, мәдени-бұқаралық шаралар;
- мерейтойлық және мерекелік даталарға демеушілік көрсету;
- қайырымдылық қолдау.

| Атауы | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| **Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны** | 3 614 | 3 186 | 3 071 |
| **Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %** | **38** | **34** | **34** |

Соңғы жылдар динамикасында барлық кәсіпорындарда кәсіподақ ұйымына мүше жұмысшылар үлесінің төмендеуі байқалды. Бұл Корпорация қызметкерлері санының азаюымен және әлеуметтік-еңбек қатынастарының жалпыәлемдік индивидуализация процесінің ықпалына байланысты.

## Әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және өтемақы төлемдері

«ОАЭК» АҚ әлеуметтік саясаты жұмысшылармен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады және Корпорация еншілес ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.

| Мақсаттар | Әлеуметтік пакет |
|---|---|
| Қызметкерді ұзақмерзімдік қызметке ынталандыру | 5% көлемдегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары;<br>кәсіби жарыс үшін сыйақы;<br>мерейтойлық және мерекелік даталарға орай сыйақылар. |
| Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі | тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарына өтемақы, жатақхана, баспана жалдау бойынша жеңілдіктер;<br>жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан үйіне жеткізуге автотранспорт қызметтері;<br>пеш арқылы жылытылатын үйлерде тұратын қызметкерлерге көмірді өзіндік құны бойынша беру;<br>15 жасқа дейінгі балаларға лагерьге жолдама беру;<br>балаларға жаңа жылдық сыйлықтар. |
| Қызметкерлердің еңбек қабілеті мен денсаулығын қолдау | өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру;<br>міндетті медициналық сақтандыру;<br>санаторий-профилактикалық ем алу шығындарын өтеу. |
| Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау | бала дүниеге келгенде материалдық көмек;<br>жерлеу қызметтеріне материалдық көмек;<br>көпбалалы және аз қамсыздандырылған отбасыларға материалдық көмек;<br>ақы төленетін оқу демалысы;<br>зейнетке шыққанда сыйақы беру;<br>компания ардагерлерін қолдау бағдарламасы;<br>басқа көмек. |
| Спорттық-сауықтыру шаралары | спорттық жарыстар қатысушыларының тамақтану шығындарын өтеу;<br>мәдени-бұқаралық шаралар мен ұжымдық демалысты өткізу шығындарын өтеу. |



Корпорация ардагерлер мен зейнеткерлік жасқа жеткен бұрынғы қызметкерлерге әлеуметтік қолдауды тұрақты түрде көрсетіп отырады. Ұжымдық шарт шеңберінде материалдық көмек беріледі, мереке күндері бос уақытты тиімді өткізуге арналған іс-шаралар және басқа да бастамалар ұйымдастырылады.

«ОАЭК» АҚ өз қызметін жүзеге асыратын өңірлерде халықты қолдауға бағытталған әлеуметтік жобаларға белсенді қатысады. Петропавл қаласында кәсіпорын қызметкерлері мен қала тұрғындары үшін екі жатақхана мен «Алақай» бөбекжай-балабақшасы жұмыс істейді. Павлодар қаласында «Энергетик» санаторий-профилакториі мен «Энергетик» демалыс үйі жұмыс істейді, олар емдік-сауықтыру қызметтерін ұсынады.



## Ана немесе әке болуға байланысты әлеуметтік қолдау көрсету

| Компания атауы | Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыс рәсімдеген жұмысшылар саны | | | Жыл соңындағы жағдай бойынша жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстағы жұмысшылар саны | Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстан шыққан жұмысшылар саны |
|---|---|---|---|---|---|
| | әйелдер | ерлер | барлығы | | |
| «ОАЭК» АҚ | 3 | 0 | 3 | 5 | 0 |
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» КӘСІПОРЫНДАР ТОБЫ | 57 | 2 | 59 | 121 | 66 |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» КӘСІПОРЫНДАР ТОБЫ | 29 | 0 | 29 | 57 | 15 |
| «АЭҮК» КӘСІПОРЫНДАР ТОБЫ | 37 | 1 | 38 | 56 | 28 |
| **БАРЛЫҒЫ** | **126** | **3** | **129** | **239** | **109** |

## Бала күтімі бойынша демалыс алудың негізгі көрсеткіштері, адам

| Көрсеткіш | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| **Бала күтіміне байланысты демалыс алу құқығы бар қызметкерлердің жалпы саны** | **9 508** | **9 477** | **9 041** |
| Ерлер | 5 757 | 5 704 | 5 587 |
| Әйелдер | 3 751 | 3 773 | 3 454 |
| **Бала күтіміне байланысты демалысты рәсімдеген қызметкерлердің саны** | **335** | **278** | **239** |
| Ерлер | 2 | 1 | 3 |
| Әйелдер | 333 | 277 | 236 |
| **Есептік кезеңде бала күтімі бойынша демалыстан жұмысқа оралған қызметкерлердің жалпы саны** | **87** | **107** | **114** |
| Ерлер | 2 | 2 | 1 |
| Әйелдер | 85 | 105 | 113 |
| **Алдыңғы есептік кезеңде (2023 жыл) бала күтімі демалысынан оралған қызметкерлердің жалпы саны** | **115** | **85** | **105** |
| Ерлер | 1 | 3 | 2 |
| Әйелдер | 114 | 82 | 103 |
| **2023 жылы бала күтімі бойынша демалыстан кейін жұмысқа оралған және жұмысқа оралғаннан кейін 12 ай өткен соң әлі де жұмыс істеп тұрған қызметкерлердің жалпы саны** | 96 | 57 | 85 |
| Ерлер | 1 | 3 | 2 |
| Әйелдер | 95 | 54 | 83 |
| **Жұмысқа қайта оралу коэффициенті, %** | 26% | 38% | 48% |
| Ерлер | 100% | 200% | 33% |
| Әйелдер | 26% | 38% | 48% |
| **Қызметкерлерді сақтау коэффициенті, %** | 83% | 67% | 81% |
| Ерлер | 100% | 100% | 100% |
| Әйелдер | 83% | 6 6% | 81% |

## Кадрлық саясаттың 2025 жылға негізгі жоспарлары

2025 жылы Компанияның кәсіби кадрлық құрамын тартуға және дамытуға бағытталған қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру жалғасын табады. Аталған бағыт аясында келесі шараларды атқару жоспарланған:

1. HR-стратегия шараларын жүзеге асыру;
2. «PROFENERGY» жобасын келесі бағыттар бойынша ары қарай жүзеге асыру:
3. Жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін көтеру жүйесі;
4. Тәлімгерлік институтын дамыту;
5. Негізгі қызметкерлерді дамыту бағдарламасы;
6. Қат мамандықтар бойынша бағдарлама.
7. Компанияның стратегиялық және оперативті мақсаттарына қол жеткізу бойынша негізгі көрсеткіштерді жетілдіру.
8. Өндірістік процесс жұмысшыларының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру.
9. Қызметкерлерді дамытумен байланысты HR-процестерді одан әрі автоматтандыру: бейімдеу, бағалау, оқыту және басқа шаралар.
10. Еңбек нарығындағы дефицит жағдайында қызметкерлерді оқыту, даярлау және қайта даярлау корпоративтік жүйесін жетілдіру, оқудың сапалық көрсеткіштерін жақсарту, оқу нәтижелері бойынша тиімділікке мониторинг жасау жүйесін енгізу.

# ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

## Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы мақсаттар және атқарылған шаралар

К Компаниялар тобының қауіпсіздік және еңбекті қорғауды (бұдан әрі – ҚжЕҚ) қамтамасыз ету саласындағы мақсаттары – қауіпсіз еңбек пен нөлдік жарақаттанушылық. Бұл дегеніміз: өндірісте жазатайым оқиғалардың 0 жағдайы, кәсіби аурулардың 0 жағдайы, және біздің қызметіміздің нәтижесінде ешкімге зиян келмеуі.

Компаниялар тобы қызметінің барлық түрлерінде негізгі қағида өндірістік қызмет нәтижелерімен салыстырғандағы қызметкерлер өмірі мен денсаулығының басымдығы болып табылады.

Компаниялар тобының қызметкерлері жоғары өндірістік мәдениетті қалыптастыруда негізгі ресурс саналады. Топ апатсыз өндірістік қызметті қамтамасыз етуге, еңбек қауіпсіздігі жағдайларын сақтауға жауапты екенін толық түсінеді және Топтың, мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне, келушілерге және тұтынушыларға ауыр немесе өлімге әкелетін өндірістік жарақаттарға алып келуі мүмкін тәуекелдерге мүлде төзбеушілік ұстанымын ұстанады.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу қауіпсіздік және еңбекті қорғау шараларының кешені, ҚжЕҚ саласындағы озық тәжірибелерді енгізу және әртүрлі бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы жүзеге асырылады.

**Компания тарихында алғаш рет 2024 жылы өндірістік жарақаттану жағдайларының ең төменгі саны тіркелді – 3 жағдай. 2024 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша өндірістік жарақаттану деңгейі 2023 жылмен салыстырғанда 62,5%-ға, ал 2015 және 2016 жылдардағы деңгеймен салыстырғанда 70%-ға төмендеді.**

**2024 жылы «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының бекітуімен 2024-2026 жылдарға арналған қауіпсіздік және еңбекті қорғау (ҚжЕҚ) бойынша жаңа корпоративтік Іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспардың негізгі іс-шаралары жазатайым оқиғалардың алдын алуға, жұмыс орындарында ЕқЖҚ арттыруға және персонал үшін санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға бағытталған.**



**2024 жылы Қоғамның кәсіпорындарында келесі іс-шаралар жүзеге асырылды/асырылуда:**

1. Дәстүрлі түрде қауіпсіз еңбекті насихаттау мақсатында Компанияның барлық еншілес ұйымдарында Дүниежүзілік еңбекті қорғау және қауіпсіздік күніне арналған іс-шаралар өткізілді:

- қауіпсіздік айлықтары, оның барысында қызметкерлермен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша аудиттер, профилактикалық әңгімелер мен кездесулер өткізілді;
- «Менің ата-анам қауіпсіз жұмыс істейді» тақырыбында балалар шығармашылық байқауы;
- ҚжЕҚ саласындағы ең үздік және белсенді жұмыскерлер анықталып, марапатталды;
- Қоғамның еншілес ұйымдарында еңбек ҚжЕҚ мәселелері бойынша корпоративтік кеңес және жиналыстар өткізілді;
- Қоғамның ҚжЕҚ саласындағы үздік қызметтері анықталып, ақшалай сыйлық пен сертификатпен марапатталды.

2. ҚжЕҚ мәселелері бойынша тәжірибе алмасу бойынша жұмыс жалғасуда. 2023 жылы екі өзара аудит жүргізілді, біріншісі Петропавл қаласындағы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындарында, екіншісі «Ақмола ЭҮК» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындарында және қаладағы «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС-нде ұйымдастырылды. Өзара аудиттер жарақаттануды, сондай-ақ энергетикалық және технологиялық жабдықты пайдалану кезіндегі оқиғалар мен оқыс жағдайларды болдырмауға бағытталған. Өзара аудит барысында қабылданған озық тәжірибелерді қолдану жалпы жағдайды және ҚжЕҚ көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

3. Қоғамның барлық еншілес ұйымдарында «TÜV Rheinland Kazakhstan» ЖШС-нің (TUV Rheinland Kazakhstan) ISO 45001 стандартының талаптарына сәйкестігіне сыртқы аудит жүргізілді, нәтижелер бойынша барлық кәсіпорындар үшін стандартқа сәйкестігі расталды.

4. «ОАЭК» АҚ Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаментінің мамандары барлық еншілес ұйымдарда ҚжЕҚ жағдайына тексеру жүргізді және оның нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктерді көрсете отырып, тексеру актісін берді.

5. Тұрғындарға электр тоғының қаупі туралы ескерту шеңберінде өңірлердегі мектептерде оқу жылының басы мен соңына дейін тұрақты негізде электр тоғының соғу қаупі туралы ақпараттық дәрістер өткізіледі.






**«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобы бойынша:**

1. **Павлодар 2-ЖЭО және 3-ЖЭО:**

- 2-ЖЭО және 3-ЖЭО бу және қазандық агрегаттарын күрделі, кеңейтілген және ағымдағы жөндеу кестесіне сәйкес ҚжЕҚ талаптарына сай қызмет көрсету алаңы мен қорғаныс қоршаулары ретке келтіріліп, шетіндегі жолағы қалпына келтірілді;
- санитарлық-эпидемиологиялық аудит өткізілді;
- ISO 9001:2015 және ISO 45001:2018 стандарттарының талаптарына сәйкестігін ішкі аудит арқылы тексеру жүргізілді, аудит нәтижесінде есеп дайындалды (1 сәйкессіздік анықталып, 8 ұсыныс берілді);
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері арасында медицина саласында 95 ақпараттық-ағартушылық (алдын алу) дәріс өткізілді, қатысушылар саны – 525 адам;
- басшылықтың өзгеруі мен кейбір қауіпсіздік талаптарының өзгеруіне байланысты қызметкерлер мен станция қонақтары үшін жаңа кіріспе нұсқаулық бейнесі әзірленіп түсірілді;
- 2024 жылдың желтоқсан айында кәсіби шеберлікті бағалау мақсатында 2-ЖЭО және 3-ЖЭО оперативті персоналы арасында жарыстар өткізілді, жеңімпаздар анықталды. Жүлделі орын алған қызметкерлер мен командалар дипломдармен марапатталды;
- станция қонақтары мен келушілеріне арналған жеке қорғаныс құралдары (сигналдық жілет, қорғаушы көзілдірік, жаңбырдан қорғау қаптамалары, қорғаушы каскалар) сатып алынды;
- персоналдың санитарлық тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілді (әжетханалар, киім ауыстыратын бөлмелер және душ бөлмелерінің жөнделуі).

2. **«Павлодар жылу желілері» ЖШС:**

- 2 автошеберхана сатып алынды;
- Оңтүстік желілік аудандағы температураны түрлендіргіштердің қызмет көрсету алаңдарындағы баспалдақтар қалпына келтірілді;
- жер үстіндегі павильондардағы қызмет көрсету алаңдары жөнделді.

3. **«Павлодар ЭТК» АҚ:**

- құрылымдық бөлімшелерде 31 «Қауіпсіздік техникасы күні» өткізілді және 34 кенеттен тексеру жүргізілді;
- персоналға өрт-техникалық минимум бойынша оқыту және білімді тексеру жүргізілді – 1912 адам;
- 2024 жылы «ПЭТК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде 31 «Қауіпсіздік техникасы күні» өткізілді. 2024 жылы қауіпсіздік техникасы күні барысында 1148 бұзушылық анықталып, барлығы дер кезінде жойылды;
- бөлімшелерде МемСТ, норма және ережелерге сәйкес желдеткіш құрылғылардың өнімділігі өлшенді;
- жеке қорғаныс құралдары және электр қорғаныс құралдары сатып алынды;
- Қазақстан Республикасында алғаш рет кейбір ресейлік, еуропалық және америкалық компаниялар тәжірибесі негізінде кернеу астында жұмыс жасау немесе РПН практикасы енгізілді. Бұл шара бойынша 2024 жылы Татарстан Республикасы Заинск қаласындағы «Кернеу астындағы жұмыстар орталығы» жеке оқу орнында оқыту өтті (әуе, кабель желілері және 1000 В дейінгі тарату құрылғыларындағы кернеу астындағы жұмыстар – 9 адам; 10 кВ дейінгі электр орнатылымдарында инженерлік-техникалық қызметкерлерге, мамандарға және кәсіпорын басшыларына арналған оқыту – 3 адам). РПН жұмыстары үшін арнайы ЖҚҚ жеткізілді, 1 кВ дейінгі РПН жұмыстарына өндірістік нұсқаулықтар мен технологиялық карталар әзірленді. 2024 жылы кәсіпорын қызметкерлері 1 кВ дейінгі кернеу астындағы 23 жұмыс орындады. РПН орындайтын қызметкерлерді ынталандыру үшін қосымша төлем тәртібі әзірленді;
- персоналдың санитарлық-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жұмыстары жүргізілді (әжетханалар, киім ауыстыратын бөлмелер және душ бөлмелерінің жөнделуі). Барлығы корпоративтік стандарт талаптарына сәйкес 9 душ бөлмесі, 9 киім ауыстыратын бөлме, 20 ішкі әжетхана және 14 дала әжетханасы жөнделді және қайта жабдықталды.

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобы бойынша:**

1. **Петропавл ЖЭО:**

- станция аумағының периметрі мен үй-жайларына автокөліктің жылдамдық режимін, қызметкерлердің ҚжЕҚ және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын бақылау мақсатында бейнебақылау камералары орнатылды;
- станция периметрі бойынша қоршауды ауыстыру жобасы әзірленді;
- түтін мұржаларына арнайы бұзбайтын бақылау және термобақылау құралдарын қолдану арқылы кешенді зерттеу жүргізілді;
- жеке қорғаныс құралдары, арнайы майлар, сабын, дәрі-дәрмектер сатып алынды;
- ескі ӘБК-дегі ерлер мен әйелдер душ бөлмелеріне жөндеу жүргізілді;
- химиялық цех зертханаларында жөндеу жұмыстары жүргізілді;
- прекурсорлар қоймасында жөндеу жүргізілді;
- медпункт үй-жайына жөндеу жүргізілді;
- байланыссыз және шынтақпен басылатын араластырғыш крандар орнатылды;
- медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайға тоңазытқыш жабдықтар орнатылып, жабдықталды;
- қазандық цехында көмір шаңынан арнайы киімді үрлеуге арналған үй-жай жабдықталып, пайдалануға берілді.

2. **«Петропавл жылу желілері» ЖШС:**

- өрт қауіпсіздігі саласында аудиттен өтті;
- компьютерлік техника жаңартылды;
- жеке қорғаныс құралдары, сабын, сүт және дәрі-дәрмектер толық көлемде сатып алынды;
- басқа өнеркәсіптік кәсіпорындарда болған жазатайым оқиғалар туралы бейнероликтер көрсету мақсатында персоналмен жиналыстар өткізіледі;
- бүкіл инженерлік-техникалық құрам 1С Safety Walk бағдарламасымен жұмысқа тартылған.

3. **«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ бойынша:**

- электр техникалық персонал үшін термиялық қауіптер мен электр доғасынан қорғайтын термоқорғаныштық маталардан жасалған арнайы киімге көшу жүргізілді;
- жедел ауыстырып-қосу, жұмыс орындарын дайындау, жерге тұйықтау орнату/алу кезінде өндірістік персоналдың тәртібі мен жауапкершілігін арттыру мақсатында бейнетіркегіштер сатып алынды;
- темірбетон тіректер мен қондырмалардың беріктігін анықтауға арналған ЛИС-У аспаптарының ішінара сатып алуы жүргізілді;
- электр тоғының қаупі туралы презентация мен буклет дайындалып, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Білім басқармасы» КММ басшысының атына жаңа оқу жылы қарсаңында облыс мектептеріне тарату үшін хат жолданды.

4. **«Ақмола ЭҮК» АҚ Компаниялар тобы бойынша:**

- қысқы кезеңде ЭҮК құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік учаскелерінде электр қондырғыларын қауіпсіз пайдалану және жөндеу бойынша персоналдың білімін жаңарту және бекіту мақсатында техникалық сабақтар және жұмыс істейтін бригадаларға көрсетілімдік рұқсаттар өткізілді;
- 12 қауіпсіздік техникасы күні және 628 жұмыс істейтін бригадаға кенеттен тексеріс жүргізілді.

2024 жылы қауіпсіздік және еңбекті қорғау (ҚжЕҚ) іс-шараларын орындауға және еңбек жағдайларын жақсартуға нақты жұмсалған шығындар шамамен 4,7 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда екі есе көп. Қаржы қаражаты Корпорация қызметкерлерін жеке қорғаныс құралдарымен, оның ішінде электрден қорғайтын құралдармен, арнайы тамақпен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге, персоналды оқытуға, ақпараттық плакаттар, нормативтік-техникалық құжаттар мен ҚжЕҚ белгілерін сатып алуға, өрт сөндіру құралдарын алуға, сондай-ақ еңбек жағдайлары мен санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға бағытталды.

**Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен 2023 жылы Тәуекел-тәбет туралы мәлімдеме қабылданды, оған сәйкес Топ ҚжЕҚ жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды қамтамасыз етуге, қызметкерлердің еңбек жағдайын тиісті деңгейде жақсартуға ұмтылады (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің шеңберінде және компанияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес). Бюджеттерді секвестрлеуге, ҚжЕҚ жөніндегі шараларға шығыстарды қысқартуға немесе ҚжЕҚ қорынан қаражатты басқа мақсаттарға жұмсауға жол берілмейді.**

## Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі кеңестер

Әрбір еншілес ұйымда ҚжЕҚ кеңестері құрылған. Кеңеске кәсіпорын қызметкерлерінің қатарынан сайланған төраға жетекшілік етеді. Кеңес құрамына жұмыс беруші өкілдері, техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді.

ҚжЕҚ бойынша кеңес келесі функцияларды орындайды:

- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауру себептерін зерттейді, еңбекті қорғау шарттары бойынша өткізілетін шаралар тиімділігін, ұйымдағы еңбекті қорғаудың нақты жағдайы туралы ақпараттық-сараптамалық материалдарды талдайды;
- Еңбек жағдайы бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін талдайды, құрылымдық бөлімшелерді дайындауға және өндірістік нысандардағы тұрақты жұмыс орындарын еңбекті қорғау талаптарына сәйкестікке келтіруді ұйымдастыруға қатысады;
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы анықталған ақауларды жою, ұйымда қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, еңбек қызметі барысында жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған бағдарламалар, ұсыныстар, шешімдер және өзгелерді әзірлеу бойынша ұсыныстарды қарастырады;
- Жұмысшыларға еңбек қауіпсіздігі бойынша уақытылы және сапалы инструктаж жасауға, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласы бойынша жұмысшылардың білімін тексеруге, жұмысшыларды, кәсіподақ активін еңбекті қорғау саласындағы заңнама мәселелері бойынша тұрақты оқытып, білімін арттыруға өз үлесін қосады;
- Қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, ауыр физикалық жұмыстарды жою мақсатында өндіріске заманауи технологияларды, жаңа техниканы енгізу бойынша ұсыныстар береді;
- Ұйым жұмысшыларын еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау, өндірістік жарақат профилактикасы бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы, жұмысшыларды арнаулы киім, арнаулы аяқ киім және басқа да жеке қорғаныс заттарымен қамтудың қолданыстағы нормативтері туралы ақпараттандырады;
- Ұйымда еңбекті қорғау бойынша шараларды қаржыландыру, өндірісте қайғылы оқиғалардан және кәсіби аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелерін қарауға, еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған ұйымның заттар шығынын бақылауды жүзеге асыруға қатысады.



## Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар

Әрбір еншілес ұйымда еңбекті қорғау бойынша техникалық инспектор жұмыс істейді. Өз қызметінде еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар бөлімшелер басшыларымен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметімен, пайдалану жөніндегі инспекциямен, өнеркәсіптік қауіпсіздік нысандарын қадағалау жөніндегі инспекциямен, сондай-ақ мемлекеттік еңбек, мемлекеттік қадағалау және бақылау инспекторларымен өзара қызмет етеді.

Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлардың негізгі функциялары:

- Жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөліміне, сонымен бірге кешенді мақсатты бағдарламалар мен еңбекті қорғауды жетілдіру бойынша бірінші кезектегі шаралар жоспарына ұсыныстар әзірлеу мен енгізуге қатысу;
- Жұмыс орындарында еңбекті қорғау талаптарының сақталуына бақылау жасау;
- Еңбекті қорғау саласы бойынша Еңбек кодексін қолданумен байланысты еңбек дауларын қарау кезінде мемлекеттік қоғамдық ұйымдарда, түрлі соттарда кәсіподақ мүшелерінің мүддесін қорғау.



## Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейлері

Есептік жылы Корпорацияның еншілес ұйымдарында 3 өндірістік жазатайым оқиға тіркелді, оның ішінде 2 – жеңіл дәрежеде, 1 – өліммен аяқталған жағдай. Компанияда жыл сайын «ОАЭК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарындағы өндірістік жарақаттануға байланысты жағдайларға кешенді талдау жүргізіледі. Бұл талдау жарақаттың саны мен ауырлық деңгейіне қатысты статистиканы, жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициентін, жарақаттану көрсеткіштерінің динамикасын, жазатайым оқиғалардың тәулік ішіндегі уақытына қарай, жәбірленушілердің жас ерекшелігіне қарай, еңбек өтіліне қарай таралу диаграммаларын, жазатайым оқиғалардың себептерін, оқиға түрлерінің жіктелімін, сондай-ақ ұқсас саладағы компаниялармен салыстырмалы көрсеткіштерді қамтиды. Корпорация өндірістік жарақаттану деңгейін барынша азайтуға ұмтылады және жұмыс орындарындағы қауіпсіздік жағдайына, сондай-ақ жазатайым оқиғаларға алып келген себептерді жоюға ерекше назар аударады.

**2024 жылғы жазатайым оқиғалардың түрлері бойынша жіктелуі:**

- (9) Құлау, опырылу, заттардың, материалдардың, топырақтың және т.б. құлауы – 1 жағдай;
- (11) Электр тогымен зақымдану – 1 жағдай;
- (13) Зиянды және қауіпті өндірістік факторлар мен заттардың әсері – 1 жағдай.

**Ресми құжаттарға сәйкес, жазатайым оқиғалардың негізгі себептері:**

- ұйымдастырушылық-техникалық шаралардың бұзылуы;
- жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылмауы және жеке қорғаныс құралдарының қолданылмауы;
- қауіпсіз емес жағдайлар.

**Әрбір жазатайым оқиға бойынша келесі кешенді шаралар қабылданды:**

- оқиғаның негізгі және жүйелі себептерін анықтау және ұқсас жағдайлардың қайталануына жол бермеу мақсатында жан-жақты тергеу жүргізілді;
- персонал оқиға мән-жайларымен және себептерімен таныстырылды;
- оқиға себептері жойылды;
- қызметкерлерге нұсқама өткізілді және басқа да шаралар қабылданды.

Корпорациядағы өндірістік жарақаттанудың деңгейі мен коэффициенті төмендегі кесте мен диаграммаларда берілген.

## Өндірістік жарақаттану деңгейі

| | 2022 | 2023 | 2024 |
|---|---|---|---|
| Қызметкерлер саны | 9 041 | 9 477 | 9 508 |
| Жарақаттану оқиғаларының саны | 5 | 8 | 3 |
| Жарақаттанғандар саны / олардың ішінде әйелдер | 5/1 | 8/3 | 3/0 |
| Өліммен аяқталған жағдайлар саны | 1 | 1 | 1 |

**Өліммен аяқталған жарақаттану жағдайларының (FIFR) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті**




$$Кж = \frac{n \times 1\,000}{N}, \text{ МҰНДА}$$

n – есептік кезеңде өндірісте ққайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;

N – жұмысшылардың орташа саны.

**Өндірістегібарлық жарақаттану жағдайларының (TIFR) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті**




$$Кж_1 = \frac{n_1 \times 1\,000}{N}, \text{ МҰНДА}$$

$n_1$ – есептік кезеңде өндірісте қайғылы оққиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;

N – жұмысшылардың орташа саны.

Корпорацияда қолданылатын қайғылы оқиғаларды тіркеу, есеп беру және хабарлау жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасы және Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) талаптарына сәйкес келеді.

Корпорация және ЕҰ-да өндірістік жарақатқа мониторинг жасау және оның алдын алу, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарының бұзылуын есепке алу мақсатында келесі шаралар атқарылады:

- Ірі жарақат пен шығынның бастауы болып табылатын микро жарақаттар, инциденттер және қауіпті оқиғаларды зерттеу;
- Қайғылы оқиғалар нәтижесі бойынша ақпараттық бюллетеньдер дайындау және болашақта мұндай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін Корпорация еншілес ұйымдарының барлық кәсіпорындарының қызметкерін ақпараттандыру;
- Қызметкерлерді ҚжЕҚ және электр қауіпсіздік тақырыбында оқыту, білімін тексеру;
- ҚжЕҚ бойынша ішкі нормативтік құжаттарды енгізу;
- ҚжЕҚ жағдайын жоспарлы және жоспардан тыс тексеру;
- ҚжЕҚ күндерін өткізу;
- ҚжЕҚ бойынша жиналыстар өткізу;
- Жұмыс орындарын ҚжЕҚ талаптарына сәйкес келтіру;
- Жұмыс орындарын ақпараттық плакаттар мен қауіпсіздік белгілерімен жабдықтау;
- Кәсіби жарыстар өткізу;
- Наряд-допуск шараларын өткізу.

Қазақстан Республикасының «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қайғылы оқиғалардан сақтандыру туралы» заңнамасының талаптарына сәйкес, Корпорация кәсіпорындарының барлық қызметкерлері қайғылы оқиғалардан сақтандырылған.



## Корпорацияның кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлерінің қауіпсіздігін арттыру

Энергетикалық қондырғыларға қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жоғары тәуекелдерге ие. Электр құрылғыларымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қызметкерлер оқытылып, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар атқарылады, олардың орындалуы бақыланады. Қызметкерлер жеке қорғаныс заттарымен, электрден қорғайтын заттармен және басқалармен қамтамасыз етіледі.

Соңғы жылдары электр құрылғыларымен жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірқатар қосымша шаралар атқарылды:

- электр доғасынан қорғану үшін «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының электротехникалық қызметкерлері арнайы киім мен жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз етілді;
- Корпорация ЕҰ-нда оперативті қосылу, жұмыс орындарын дайындау, жұмыс орындарында жерлендіруді орнату және алу жұмыстарына қатысатын өндірістік қызметкерлердің еңбек тәртібі мен жауапкершілігін арттыру үшін мобильді видеорегистраторлар қолданылады;
- Электр қондырғыларына және 6-10 кВ әуе желілеріне қызмет көрсететін жұмысшылардың электро тоғымен жарақаттануының алдын алу мақсатында ЭТК қызметкерлері қауіпті қысымның бар-жоғын қашықтан бақылауға арналған каскалық қысым сигнализаторларымен жабдықталған.
- Барлық бригадалар мен электр қондырғылары сапалы электрден қорғайтын құралдармен толық қамтамасыз етілген.

Кешенді іс-шаралар жүргізілгеніне қарамастан, 2024 жылы соңғы 4 жыл ішінде алғаш рет персоналдың электр тоғымен зақымдануының бір жағдайы тіркелді, ол жеңіл дәрежеде аяқталды.



## Мердігер ұйымдар

Корпорацияның өндірістік нысандарында әрекет ететін мердігер ұйымдардың қызметі бақыланады: еншілес ұйымдар мердігер ұйымдарға тексерулер жүргізеді, мердігер қызметкерлеріне инструктаж өткізіп, олармен жиналыстар ұйымдастырады. ҚжЕҚ және экология саласында мердігер ұйымдармен өзара қызмет «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары мердігер ұйымдарымен еншілес ұйымдарының аумағында жұмыс атқару не қызмет көрсету кезінде, сондай-ақ, тауарлар мен материалдарды жеткізу кезінде ҚжЕҚ және экология саласындағы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Шартты аумақта орын алған мердігермен болған кез келген қайғылы жағдай бірінші кезекте тапсырыс беруші компанияның имиджіне әсер етеді. Жарақаттанудың алдын алу және мердігер жол берген қайғылы оқиғаға жедел әрекет ету үшін «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының өндірістік бөлімшелерінде іске асырылатын шаралар қолданылады.

2024 жылы мердігер ұйым тарапынан 2 жазатайым оқиға орын алды, оның біреуі – жеңіл, біреуі – ауыр дәрежеде. Екі жағдайда да негізгі себептер жәбірленушінің өрескел абайсыздығы және жұмыстардың қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуы болды.

# Тұтынушылар қауіпсіздігі. Ақпараттық-түсіндірме жұмыстары



**Корпорация өз тұтынушыларының қауіпсіздігі мен денсаулығына қамқорлықпен қарайды.** Бұл мақсатта жоспарлы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, қондырғыларды тексеру шаралары жүргізіледі. Корпорацияның еншілес ұйымдары жетекші технологияларды енгізіп, қауіпсіз жұмыс өндірісі бойынша шараларды жүзеге асырады.

Корпорацияның электр желілік кәсіпорнының әрбір аудандық бөлімшелерінің басшылығы қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі мамандарымен бірге тұрғындарға қолданыстағы электр құрылғылары мен электр беру желілері жанында қауіпсіздік талаптарын сақтау тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Жыл сайын компания қызмет ететін өңірлердегі оқу орындарында электр қауіпсіздігі бойынша сыныптан тыс сағаттар өткізіледі. Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстары әкімдіктерінің білім басқармаларына, Петропавл және Павлодар қалаларының білім бөлімдеріне, аудандық білім беру бөлімдерінің басшыларына негізгі электр қауіпсіздігі ережелері жазылған жадынамалар әрі қарай тарату мақсатында жолданады. Бұл шаралар үшінші тұлғалар, нақты айтқанда мектеп жасындағы балалар мен колледж студенттері арасында жарақаттанудың алдын алу мақсатында жасалады.

Еншілес ұйымдар пайдаланатын барлық электр құрылғыларындағы қауіп туралы тұрғындар мен қызметкерлерге ескерту үшін қауіпсіздік белгілері мен жазбалары орналастырылған, қондырғылар рұқсат етілмеген енуден қорғалған, олар тиісті қоршаулар, құлыптар, бекітулермен қамтылған.

Облыстық және аудандық БАҚ-та жарақаттану профилактикасына, оның ішінде балалардың жарақаттануына және тұрғындардың денсаулығын қорғауға арналған мақалалар жарияланып тұрады.

## Өткізу ұйымдарында тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын қорғау

Тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын қорғау мақсатында «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының энергия өткізуші кәсіпорындарының сервис орталықтары келесілермен жабдықталған/қамтамасыз етілген:

- Тұтынушылардың құлауының алдын алу үшін кіреберістердегі сырғанамайтын резеңке кілемшелер;
- Пандустармен немесе физикалық мүмкіндігі шектелген тұтынушыларға көмек үшін қызметкерді шақыру батырмасы;
- Бейнебақылау жүйесі;
- Қажетті медикаменттері бар медициналық қобдиша;
- Ауа кондиционерлеу жүйесі;
- Өрт-дабыл жүйесімен, өрт сөндірудің алғашқы құралдары және қауіпсіз эвакуациялық жолдары.

Ғимараттар мен сервиске қойылатын талаптардың бәрі Компанияның нормативтік құжаттарында бекітілген.

## Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша 2025 жылға жоспарлар

2025 жылы 2024-2026 жылдарға бекітілген ҚжЕҚ жоспарын іске асыру бойынша жұмыстар жалғасады:

- Vision Zero концепциясын немесе «Нөлдік жарақаттану» бағдарламасын әзірлеу және енгізу;
- ҚжЕҚ бойынша бірінші басшылардың тиімділігін бағалау критерийлерін (KPI) енгізу;
- Бұрын әзірленген қызметкерлермен бақылау-қарсыапаттық және өртке қарсы жаттығуларды өткізу ережесін енгізу;
- Душ бөлмелері, киім ауыстыратын және демалыс және тамақтану бөлмелерін жөндеп, бірыңғай стандартқа келтіру жұмыстарын жалғастыру, шаң көп цехтарда арнайы киімдерді шаңнан тазалау бөлмелерін орнату, жұмысшылардың қалыпты сусын ішуді қамтамасыз ету үшін «ыстық» цехтарда сатураторларды жаңарту;
- Өндіріс орындарының өту жерлерін «алкорамкалар» деп аталатын құрылғылармен жабдықтау, бұл құрылғылар контактсыз және жылдам тестілеуді қамтамасыз етеді;
- Жұмыс орындарындағы ауа параметрлерін тез бақылау және параметрлер бұзылған жағдайда уақтылы әрекет ету үшін қашықтықтан температура және ылғалдылық өлшегіштерді орнату (жеке қорғаныс құралдарын қолдану туралы қызметкерлерге ескерту, желдету және т.б.);
- «СҚ ЭТК» АҚ-нда ауа желілері, подстанциялар және басқа электр жабдықтарын жөндеу жұмыстарымен айналысатын бригадалар үшін электронды мониторинг жүйесі арқылы ҚжЕҚ басқару бағдарламасын пилоттық енгізу;
- «ПЭТК» АҚ-нда кернеу астындағы жұмыстарды (РПН) енгізу жұмыстарын жалғастыру;
- Электр желі компанияларында құрылғылар арқылы опораларды бұзбай бақылау әдістерін енгізу;
- Компанияның энергетикалық нысандарында үшінші тұлғалар арасында жарақаттануды болдырмау бойынша жұмыс жүргізу;
- IOSH курсы бойынша кәсіпорындардың бірінші басшылары, олардың орынбасарлары және ҚжЕҚ бөлімшелерінің басшыларын «Жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыруға халықаралық сертификат» курсы бойынша оқыту.

**Жоспардағы барлық іс-шаралар Компанияның еншілес ұйымдарының бюджеттерінде өз көрінісін тапты, есепті дайындау кезінде іс-шаралардың бір бөлігі бұрыннан орындалған.**

**Сонымен қатар:**

- 2025 жылдың маусым айында «ОАЭК» АҚ электр желі компаниялары арасында екінші кәсіби шеберлік корпоративтік жарыстары өткізілетін болады;
- Компания тобының кәсіпорындарында ҚжЕҚ процестерін автоматтандыруға арналған IT-шешімдерді тестілеу және енгізу жұмыстары жалғасады.



**«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобының 2025 жылға жоспарлары:**

1. Павлодар 2-ЖЭО және 3-ЖЭО:

- қызметкерлердің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту жұмыстары жалғасады. Киім ауыстыру бөлмелерінде таза және лас киімге арналған бөлек бөлімдері бар металл шкафтар жаңартылмақ;
- жүрек-өкпе реанимациясы (ЖӨР) бойынша алғашқы медициналық көмекті көрсетуге арналған практикалық дағдыларды үйрету үшін жаттығу-роботтарын (2 дана) сатып алу жоспарланған;
- жабдықты күтіп-ұстау алаңдарын ҚжЕҚ талаптарына сәйкестендіру жұмыстары жалғасады;
- жабдықты бұғаттау және таңбалау (Lock out/Tagout немесе LOTO) рәсімдерін енгізу жоспарлануда.

2. «Павлодар жылу желілері» ЖШС:

- ОТП-59 және ОТП-73 нысандарында жұмсақ шатырды жөндеу, ОТП-2-де ішкі жөндеу, диспетчерлік пунктті қайта құру және Жөндеу қызметінің киім ауыстыратын бөлмесінде косметикалық жөндеу жүргізу жоспарланған.

3. «Павлодар ЭТК» АҚ:

- персоналмен жұмыстың сапасын арттыру;
- ҚжЕҚ, алғашқы дәрігерге дейінгі көмек және өрт-техникалық минимум бойынша оқытуды күшейтіп бақылау;
- ПТБ (қауіпсіздік техникасы ережелері), ПТЭ (техникалық пайдалану ережелері), ППБ (өрт қауіпсіздігі ережелері) бойынша біліктілік тексерістері кезінде талаптарды қатаңдату;
- темірбетон тіректер мен қондырмаларды сақтау, тасымалдау және жарамсыздарын қабылдауға қатысты талаптарды сақтау мақсатында олардың беріктігін бұзбай анықтауға арналған ЛИС-У құралдарын сатып алу жоспарланған;
- 0,4-10 кВ кернеу астындағы жұмыс (РПН) үшін персоналды оқыту және ЖҚҚ сатып алу;
- 10 кВ-қа дейін кернеу астындағы жұмыстарға арналған автогидрокөтергіш (АГК) дайындау және жеткізуге 2024 жылы шарт жасалды. Жеткізу мерзімі – 2025 жылдың сәуір-мамыр айлары;
- әуе, кабель желілерінде және 1000 В дейінгі тарату құрылғыларында РПН бойынша біліктілікті арттыру – 8 адам;



- 1000 В дейін және одан жоғары кернеулі электр қондырғыларында РПН ұйымдастыру үшін инженерлік-техникалық қызметкерлерге, мамандарға және басшыларға арналған біліктілікті арттыру – 5 адам;
- жұмыс істеп тұрған желілерде 20 кВ-қа дейінгі әуе желілерінде РПН және электр қондырғыларын тазалау бойынша біліктілікті арттыру – 5 адам;
- 10 кВ-қа дейінгі электр қондырғыларын тазалау бойынша РПН біліктілігін арттыру – 3 адам.

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобының 2025 жылға арналған жоспарлары:**

**1) Петропавл 2-ЖЭО:**

- ҚжЕҚ мәселелері бойынша персоналмен өзара әрекеттестікті және ақпарат алмасуды жақсарту;
- ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ тірек металл құрылымдарын тексеру жұмыстарын жүргізу;
- 2-ПЖЭО өткізу пунктіне «АЛКОЗАМОК П-02» этанол буын тыныста анықтайтын анализаторын орнату.

**2) «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ:**

- құрылымдық бөлімшелер арасында кәсіби шеберлік бойынша жарыстар өткізу;
- биіктікте жұмыс істеу кезінде ҚжЕҚ талаптарын қамтамасыз етуге арналған қызметкерлерді оқыту;
- бір ВЛ-10–0,4 кВ қызмет көрсету бригадасы үшін позициялау жүйесін енгізу және 5 «ақылды каска» (smart helmets) сатып алу.

**«Ақмола ЭҮК» АҚ Компаниялар тобының 2025 жылға арналған жоспарлары:**

- тұрмыстық ғимараттар мен үй-жайларды (тамақтану бөлмелері, жеке қорғаныс құралдарын және құрылғыларды сақтау орындары, санитарлық тораптар) санитарлық нормаларға сәйкес келтіру;
- ағаш құрылымдарға өртке қарсы өңдеу жүргізу;
- тарату желілерін пайдалану бойынша электрмонтер бригадалары арасында кәсіби жарыстар өткізу;
- электр тоғының қауіптілігі туралы халықты хабардар ету мақсатында оқу жылының басында және соңында өңір мектептерінде ақпараттық дәрістер өткізу;
- электрмен жабдықтау нысандарында бөгде адамдардың жарақаттану жағдайларын болдырмау үшін кәсіпорын қызметі туралы БАҚ-та ақпараттық, түсіндіру және насихаттық сипаттағы мақалалар жариялау.



# ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК

## GRI 413-1

## ТДМ

«ОАЭК» Компаниялар Тобы тұрақты дамуды қолдайды және әлеуметтік әріптестікті корпоративтік басқару стратегиясының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Қоғаммен, мемлекеттік органдармен, білім беру мекемелерімен және басқа мүдделі тараптармен өзара қызмет ашықтық, өзара құрмет және ұзақ мерзімді ынтымақтастық принциптеріне негізделген.

Жұмысшылар мен жұмыс берушілердің мүдделерін еңбек қатынастары мен онымен тікелей байланысты мәселелерді реттеу бойынша келісімге келтіруді қамтамасыз ету мақсатында, 2024 жылы Корпорация кәсіпорындарының техникалық басшылары мен кадрлар қызметінің басшылары төмендегі құрылымдардың құрамына кірді:

- ҚР Энергетика министрлігінің Салалық Кеңесі;
